

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



Қазақстан
КОММУНИСТІ

7

ИЮЛЬ

1969

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

7 ИЮЛЬ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ТУРАЛЫ ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

1969 жылғы 26 июньде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы болды.

Пленум КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың «Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындылары туралы» баяндамасын тыңдады.

Баяндама бойынша жарыссөзде мына жолдастар шығып сөйледі: Украина Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары П. Е. Шелест, КПСС Москва қалалық комитетінің бірінші секретары В. В. Гришин, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев, КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтының директоры П. Н. Федосеев, КПСС Якут облыстық комитетінің бірінші секретары Г. И. Чиряев, СССР Кинематографистер одағы басқармасының бірінші секретары Л. А. Кулиджанов, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты Саяси бас басқармасының бастығы А. А. Елишев, КПСС Ленинград облыстық комитетінің бірінші секретары В. С. Толстикова.

Орталық Комитеттің Пленумы Л. И. Брежнев жолдастың «Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындылары туралы» баяндамасы бойынша бір ауыздан қаулы қабылдады.

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1969 жылғы

26 июньде қабылдаған қаулысы

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың «Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындылары туралы» баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайтуды көздеген саяси бағытын және практикалық қызметін, КПСС делегациясының коммунистік және жұмысшы партиялардың 1969 жылғы июньнің 5-нен 17-не дейін Москвада өткізілген халықаралық Кеңесіндегі жұмысын түгелдей және толық мақұлдайды.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы былай деп санайды: коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі коммунистік, жұмысшы және бүкіл азаттық қозғалыстың зор табысы болды. Кеңес дүние жүзінің барлық демократияшыл, прогресшіл күштерінің нағыз кең көлемдегі қимыл бірлігі негізінде империализмге қарсы күресті одан әрі өрістетуге аса зор ықпал жасайды. Кеңес халықаралық коммунистік қозғалыстың топтасқан бірлігін марксизм-ленинизмнің, пролетарлық интернационализмнің принциптері негізінде нығайту жолындағы маңызды кезең болды.

Мұншама көп партиялар қатысқан Кеңесті шақыру фактісінің өзі де коммунистік және жұмысшы партиялардың адамзаттың болашағына байланысты болып отырған қозғалыстың тағдыры үшін аса жауапты екенін түсініп отырғанын мейлінше айқын дәлелдеді. Қозғалыстың ортақ мүдделері үшін коммунистік және жұмысшы партияларды топтастырып, біріктіруге ұмтылған талаптың күшейе түскенін, әрбір партияның мүддесін қозғалыстың ортақ мүддесінен бөле қарауға болмайтынын Кеңестің бүкіл барысы көрсетті. Кеңесті әзірлеп, өткізу әдістері осы талапты дамытуға және нығайтуға көмектесті; бұл әдістер проблемаларды еркін, демократиялық негізде талқылаумен, документтерді коллектив болып әзірлеумен, кеңінен жариялап отырумен, шын мәніндегі тең праволы жолдастық ынтымақпен сипатталды.

Кеңес қабылдаған Документтер дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың қазіргі даму кезеңіндегі мақсаттары мен қажеттеріне, империализмге қарсы, халықтардың ұлттық және әлеуметтік азаттығы жолындағы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресті күшейту міндеттеріне сай келеді.

Кеңестің документтерінде, оған қатысқандардың сөздерінде коммунистік қозғалыстың аса зор тәжірибесі қорытылып, қазіргі дүние жүзілік дамуға жете талдау жасалды, маркстік-лениндік теорияға маңызды үлес қосылды.

Кеңес қабылдаған: «Империализмге қарсы күрестің қазіргі кезеңдегі міндеттері және коммунистік, жұмысшы партиялардың, барлық антиимпериалистік күштердің қимыл бірлігі» деп аталған Документтің аса зор маңызы бар. Дүние жүзілік дамудың басты бағытын бұрынғысынша революция мен социализмнің, бейбітшілік пен ұлт азаттық қозғалыстың күштері белгілеп отыр деген ақиқат факт Документте атап көрсетілді. Документте

империализмге қарсы бүкіл күресті жаңа, бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеру жолдары, бүкіл дүние жүзіндегі қалың халық бұқарасының қимыл бірлігін іс жүзінде ұйымдастыру жолдары көрсетілді.

Документте дүние жүзілік дамуға, империализмнің агрессиялық саясатының мәні мен мүмкін болатын зардаптарына маркстік-лениндік тұрғыдан талдау жасалуы антиимпериалистік біртұтас қимылдың нақты платформасымен тығыз ұштастырылып отыр. Мұның өзі қазіргі заманның негізгі үш революцияшыл күшін — социализмнің дүние жүзілік системасын, халықаралық жұмысшы табын, ұлт-азаттық қозғалысты топтастыру жолындағы күресті бұрынғыдан анағұрлым айқын мақсатпен бағыттап отыруға мүмкіндік береді.

Бүкіл дүние жүзілік антиимпериалистік, революциялық қозғалыстың тірегі — социалистік система екенін Кеңес тағы да қуаттады. Жаңа дүниенің көне дүниеге ойдағыдай қарсы тұруы шешуші дәрежеде социалистік системаның бұдан былайғы жетістігі мен оның топтасқан бірлігіне, қоғамдық жаңа құрылыстың барлық мүмкіндіктерін билеуші партиялардың пайдалануына байланысты. Бұдан мынадай қорытынды туады: социализмнің дүние жүзілік системасын нығайтуға қамқорлық жасаудың мәнісі — сонымен бірге дүние жүзілік революциялық процесті дамытуға да, империализмге қарсы пәрменді күрес жүргізуге де қамқорлық жасау деген сөз.

Социалистік интернационализмнің принциптерін бұлжытпай жүзеге асырып, социалистік мемлекеттердің ұлттық және интернационалдық міндеттерін дұрыс ұштастыру, туысқандық өзара көмек пен өзара қолдауды дамыту — социалистік системаны топтастыру ісіндегі басты бағыт екенін Кеңес қуаттады. Кеңес социализмді қорғау — коммунистердің интернационалдық парызы деп бүкіл пәрменді күшпен мәлімдеді.

Кеңес революциялық күрестің қазіргі кезеңінде де негізгі қозғаушы және іске жұмылдырушы күш болып отырған жұмысшы табының ролін атап көрсетті. Кеңес еңбекші шаруалардың, прогресшіл интеллигенцияның, жастардың революциялық зор мүмкіндіктерін, капиталистік елдердегі бүкіл демократиялық, антиимпериалистік қозғалыстың маңызын, Азия, Африка және Латин Америкасы халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының дүние жүзілік революциялық процестегі арта түскен ролін атап өтті.

Кеңес коммунистік және жұмысшы партиялары үшін империализмге қарсы, бейбітшілік жолындағы күресті жұмысшы табының түпкі мақсаты жолындағы күрестен, әлеуметтік система ретінде капитализмге қарсы, өз елдерінде социализм мен коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестен бөле қарауға болмайтынын ерекше атап көрсетті.

Кеңестің «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы» Үндеуді қабылдауының принципті маңызы бар. Документте коммунистердің ленинизмнен әрдайым айнымайтыны қуатталып, ленинизмнің жалпыға бірдей халықаралық маңыздылығы атап көрсетілді. Халықаралық коммунистік қозғалыс бірлігінің идеологиялық негізі қысқаша формада тұжырымдалды. Үндеу коммунистік және жұмысшы партияларды ленинизм идеяларын кеңінен насихаттау үшін лениндік мерекені пайдалануға, коммунистердің бұқара арасындағы идеологиялық жұмысын күшейтуге мезгейді.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы Кеңестің басқа документтерінің маңыздылығы мен келелілігін атап көрсетеді. Кеңес қабылдаған «Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін және Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын!» деген Үндеу коммунистердің пролетарлық айбынды ынтымағын, олардың вьетнам халқын қолдап, бұдан былай да бірлесіп қимыл жасауға бекем бел байлап отырғанын бүкіл дүние жүзіне көрсетеді.

«Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Үндеу» коммунистік қозғалыстың антиимпериалистік айбынды дәстүрлерін жалғастырады. Бұл Документте заманымыздың іргелі мәселелерінің бірі жөнінде халықаралық коммунистік қозғалыстың ортақ позициясы, ең қалың демократияшыл және бейбітшіл күштерді дүние жүзілік термоядролық соғысты болдырмай тастау жолындағы күреске біріктіруге бағытталған позиция баяндалды.

Пленум Кеңестің документтерінде болсын, сол сияқты Кеңеске қатысушылардың сөйлеген сөздерінде болсын КПСС-тің, Совет мемлекетінің социализм позицияларын нығайтып, империализмге қарсы әлеуметтік және ұлттық өз бостандығы жолында күрес жүргізіп жатқан халықтарды барынша қолдауға, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз етіп, термоядролық соғысты болдырмауға, әлеуметтік құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі принципін баянды етуге бағытталған саясаты кеңінен қолдау тапқанын зор қанағаттанған сезіммен атап көрсетеді.

Кеңес маркстік-лениндік партиялардың туған алауыздықтарды жойып, коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайтуды көздеген бағытының дұрыстығын қуаттады. Бұған жеткізетін жол — империализмге қарсы бірлесіп қимыл жасау, туысқан партиялар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды барынша ұлғайту, партиялардың теориялық еңбектерін қорытып, маркстік-лениндік теорияны қорғау және творчестволықпен дамыту.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы Кеңестің марксизм-ленинизмнің кіршіксіз тазалығы жолында, ревизионизмге, догматизмге, ұлтшылдыққа қарсы дәйектілікпен күрес жүргізу — компартиялар қатарын нығайтудың, коммунистерді интернационалдық негізде топтастырып, олардың бүкіл революциялық қозғалыстағы авангардтық ролін арттырудың қажетті шарты деген қорытындысының маңызы зор деп біледі.

КПСС Орталық Комитеті Кеңесте кеңінен пікір алысулы Қытай Компартиясы қазіргі басшылығының сыртқы саяси бағытына, бұл басшылықтың жікшілдік саясатына туысқан партиялардың басым көпшілігі батыл тойтарыс беріп отырғанын сенімді көрсеткенін атап өтеді.

Пленум КПСС делегациясының Кеңесте сөйлеген сөзінде білдірген позициясын бір ауыздан қуаттайды. КПСС Қытайдың қазіргі басшыларының антилениндік идеялық көзқарасына қарсы, олардың жікшілдік саясатына және ұлы державалық сыртқы саяси бағытына қарсы ымырасыз күрес жүргізе береді. КПСС коммунизм орнатып жатқан совет халқының мүдделерін қандай да болсын қол сұғушылықтан қорғау үшін не керектің бәрін істейді. Сонымен бірге КПСС совет және қытай халықтарының түбегейлі мүдделері бір-біріне үйлеседі дегенді негізге алады. КПСС қытай халқы жөнінде совет халқындағы достық сезімдерді және қытай халқында да Совет Одағы мен басқа социалистік елдер жөнінде сөзсіз болып отырған нақ осындай достық сезімдерді бұдан былай да сақтап, қолдауға ұмтылады.

Пленум Совет Одағының коммунистері мен еңбекшілері дүние жүзілік коммунистік қозғалыспен интернационалдық ынтымақтасатынын білдіріп, партиямыздың саясатын толық қолдап отырғанын атап көрсетеді.

Коммунистік қозғалыс, өз дамуындағы кейбір қиыншылықтарға қарамастан, барлық антиимпериалистік күштердің айбынды авангарды, қазіргі заманның ең күдіретті саяси күші болып отырғанын коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі тағы да айқын көрсетті.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қаулы етеді:

1. Кеңес қабылдаған документтер: «Империализмге қарсы күрестің қазіргі кезеңдегі міндеттері және коммунистік, жұмысшы партиялардың, барлық антиимпериалистік күштердің қимыл бірлігі» деп аталған документ; «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы» Үндеу; «Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін және Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын!» деген Үндеу; «Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Үндеу» мақұлдансын.

2. Кеңестің қорытындыларына сүйене отырып, КПСС-тің халықаралық коммунистік қозғалысты марксизм-ленинизм мен пролетарлық интернационализмнің принципі негізінде топтастыруды көздеген дәйекті бағыты одан әрі ұсталсын, Коммунистік партиялармен байланыс барлық бағытта барынша дамытылып, буржуазиялық идеологияға қарсы, маркстік-лениндік ілімнің кіршіксіз тазалығы жолында, оңшыл және «солшыл» ревизионизм мен ұлтшылдыққа қарсы күрес жүргізілсін.

3. КПСС Орталық Комитетінің Пленумы КПСС пен Совет үкіметінің сыртқы саясаттағы бағытын мақұлдайды. Антиимпериалистік күштердің жалпы күресінде, социалистік елдердің достық одағының қуаты мен бірлігін нығайтуда СССР-дің сыртқы саясаты аса маңызды роль атқарып келеді және бұдан былай да атқарады, империализмнің агрессиялық жоспарларын сәтсіздікке ұшыратудың, бейбітшілікті сақтап, қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптерін нығайтудың, халықтардың азаттық күресін қолдап отырудың пәрменді құралы болады.

4. КПСС Орталық Комитетінің Пленумы экономикалық табыстардың, ғылыми-техникалық жетістіктердің, қорғаныс қабілетін нығайтудың СССР-де коммунизм орнату үшін, антиимпериалистік күресті жүргізу және революциялық процесті дамыту үшін өте зор маңызы болып отырғанын ескеріп, мемлекеттік жоспарларды және бесжылдықтың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз ету қажеттігіне, ғылым, мәдениет және өнер саласындағы жаңа биіктерге өрлеу қажеттігіне партия, совет, шаруашылық органдарының айрықша назарын аударады. Өндірістің тиімділігін күшейтіп, ғылыми-техникалық прогресті тездетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өндірістік қуаттарды тезірек іске қосып, жақсы пайдалануға, қолда бар резервтерді өндіріске мейлінше толық қосуға кәсіпорындар, құрылыстар, совхоздар, колхоздар коллективтерінің күш-жігері баса жұмылдырылуға тиіс.

5. Халықаралық Кеңестің қорытындыларына байланысты идеологиялық жұмысты күшейту — аса маңызды міндет. Партия ұйымдарының Кеңестің қорытындыларын және Кеңес қабылдаған документтерді насихаттау жөніндегі жұмысты белсене өрістетіп, бұл үшін баспасөзді, радионы, телевизияны, лекцияны және басқа формаларды кеңінен пайдаланып отыруы қажет.

6. Орталық Комитеттің Пленумы халқымызға советтік патриотизм рухында, социалистік елдердің халықтарымен, өздерінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы жолында, демократия, бейбітшілік және социализм жолында күрес жүргізіп жатқан барлық халықтармен достық, туысқандық, интернационалдық ынтымақ рухында тәрбие беруді көздеген КПСС-тің бағыты өзгермейтінін қуаттайды. Өз партиясы мен елін мақтан ету, өз партиясы мен елін көркейту үшін барлық күшті жұмсауға әзір тұру, СССР-дегі коммунизм құрылысының интернационалдық маңызын кәміл түсіну — саналы совет азаматының бұл белгілері қазіргі жағдайда ерекше маңызды.

7. Кеңестің нәтижесінен туатын маңызды қорытындылардың бірі — заманымыздың проблемаларын, дүние жүзілік революциялық қозғалыстың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін теориялық терең қорыту, социализм мен коммунизм құрылысының, дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының империализмге қарсы күресінің аса маңызды теориялық проблемаларын белгілеу жөніндегі ғылыми жұмысты барынша дамыту. Осы мақсатпен халықаралық теориялық конференциялар мен семинарлар өткізу практикасын өрістетудің маңызы зор.

8. Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындылары республикалық, өлкелік, облыстық, округтық, қалалық, аудандық партия ұйымдары активінің жиналыстарында және бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында талқылансын. Коммунистердің Кеңес материалдарын терең оқып меңгеруі ұйымдастырылсын.

* * *

КПСС Орталық Комитеті Совет Одағының жаңа қоғам орнатудағы табыстарының зор маңызы бар екенін ескере отырып, барлық партия ұйымдарын, барлық коммунистерді, бүкіл совет халқын коммунистік құрылыстың ұлы жоспарларын жүзеге асыру жолында, партиямыз бен Совет мемлекетінің негізін қалаушы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты табыстармен қарсы алу жолында бұрынғыдан да қажырлы күресуге шақырады.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі туралы МАЗМҰНДАМА

1969 жылғы июньнің 5-нен 17-не дейін Москвада 75 коммунистік және жұмысшы партияның халықаралық Кеңесі болды. Кеңеске қатысушылар Кеңесті империализмге қарсы күресті өрістетудегі, бүкіл дүние жүзіндегі ең қалың халық бұқарасының антиимпериалистік қимыл бірлігін қамтамасыз ету ісіндегі ірі оқиға, марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм принциптері негізінде коммунистік қозғалыстың топтасқандығын нығайту жолындағы маңызды кезең деп бағалады.

Кеңеске мына коммунистік және жұмысшы партиялардың делегациялары қатысты: Австралия Коммунистік партиясы, Австрия Коммунистік партиясы, Алжир Социалистік авангард партиясы, Аргентина Коммунистік партиясы, Бельгия Коммунистік партиясы, Батыс Берлиннің Біртұтас социалистік партиясы, Болгария Коммунистік партиясы, Боливия Коммунистік партиясы, Бразилия Коммунистік партиясы, Великобритания Коммунистік партиясы, Венгрия Социалистік жұмысшы партиясы, Венесуэла Коммунистік партиясы, Гаити коммунистерінің Біріккен партиясы, Гайана Халықтық прогресшіл партиясы, Гваделупа Коммунистік партиясы, Гватемала Еңбек партиясы, Германия Коммунистік партиясы, Германия Социалистік біртұтас партиясы, Гондурас Коммунистік партиясы, Греция Коммунистік партиясы, Дания Коммунистік партиясы, Доминикан Коммунистік партиясы, Израиль Коммунистік партиясы, Үндістан Коммунистік партиясы, Иордания Коммунистік партиясы, Ирак Коммунистік партиясы, Иран Халықтық партиясы, Солтүстік Ирландия Коммунистік партиясы, Ирландия Жұмысшы партиясы, Испания Коммунистік партиясы, Италия Коммунистік партиясы, Канада Коммунистік партиясы, Кипр Еңбекші халқының прогресшіл партиясы, Колумбия Коммунистік партиясы, Коста-Рика Халықтық авангард партиясы, Лесото Коммунистік партиясы, Ливан Коммунистік партиясы, Люксембург Коммунистік партиясы, Азаттық пен социализм партиясы (Марокко), Мартиника Коммунистік партиясы, Мексика Коммунистік партиясы, Монғолия Халықтық-революциялық партиясы, Нигерия Маркшілдері-лениншілдері партиясы, Никарагуа Социалистік партиясы, Норвегия Коммунистік партиясы, Шығыс Пакистан Коммунистік партиясы, Панама Халықтық партиясы, Парагвай Коммунистік партиясы, Перу Коммунистік партиясы, Польша Біріккен жұмысшы партиясы, Португалия Коммунистік партиясы, Пуэрто-Рико Коммунистік партиясы, Реюньон Комму-

нистік партиясы, Румыния Коммунистік партиясы, Сальвадор Коммунистік партиясы, Сан-Марино Коммунистік партиясы, Сирия Коммунистік партиясы, Совет Одағы Коммунистік партиясы, Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясы, Судан Коммунистік партиясы, Тунис Коммунистік партиясы, Түркия Коммунистік партиясы, Уругвай Коммунистік партиясы, Финляндия Коммунистік партиясы, Франция Коммунистік партиясы, Цейлон Коммунистік партиясы, Чехословакия Коммунистік партиясы, Чили Коммунистік партиясы, Швейцария Еңбек партиясы, Эквадор Коммунистік партиясы, Оңтүстік Африка Коммунистік партиясы, астыртын жұмыс істеп жүрген екі партия (хауіпсіздік мақсатымен бұл партиялардың аттары аталмай отыр), Куба Коммунистік партиясының және Швеция солшыл партиясы коммунистерінің делегациялары Кеңеске бақылаушылар ретінде қатысып, өз позицияларын баяндады.

Кеңес «Империализмге қарсы күрестің қазіргі кезеңдегі міндеттері және коммунистік, жұмысшы партиялардың, барлық антиимпериалистік күштердің қимыл бірлігі» деп аталған Негізгі документті қабылдады. Сонымен қатар коммунистік және жұмысшы партиялардың бірлігін нығайтуды жақтай отырып, Австралия, Италия, Сан-Марино, Реюньон Коммунистік партияларының делегациялары документтің империализмге қарсы күрестің бірлескен программасы баяндалған тарауымен ғана толық келісетінін білдірді, ал Доминикан Коммунистік партиясының делегаты Негізгі документті қолдаған жоқ.

Кеңеске қатысушылар В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын мерекелеу туралы мәселені талқылап, «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы» Үндеуді зор шабытпен қызу мақұлдады.

Кеңес дүние жүзінің халықтарына «Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін және Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын!» деген үндеу арнады. Кеңес Оңтүстік Вьетнам Республикасының революциялық Уақытша үкіметінің құрылуын шын ықыласпен құттықтады. Кеңес «Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Үндеу» қабылдады. Кеңес Израильдің агрессиясына қарсы араб халықтарының әділ күресін қолдаған Мәлімдеме, сондай-ақ қатаң жаза лауға ұшырап отырған және ауыр жағдайда халықаралық империализм қолдап отырған реакциялық диктаторлық режимдерге қарсы қажырлы күрес жүргізіп жатқан коммунистермен және демократтармен ынтымақтастық туралы мәлімдемелер қабылдады.

Кеңес ашық сөйлескен, туысқандық ынтымақ жағдайында өтті және кеңінен жария етіліп отырды. Барлық партиялардың тең праволылық принципті және жұмыстың коллективтік әдістері әзірлік кезінде де, Кеңестің барысында да қатаң сақталды.

Кеңеске қатысушылар коммунистік және жұмысшы партиялардың арасындағы байланысты одан әрі дамытуға әзір екенін білдірді. Олар екі жақты және регионалдық кездесулердің, пікір және тәжірибе алысу үшін, аса маңызды саяси және теориялық мәселелерді, империализмге қарсы, бейбітшілік ісінің салтанаты жолындағы, ұлттық тәуелсіздік, демократия және социализм жолындағы күрестің проблемаларын коллективтік түрде талқылап, шешу үшін қажетіне қарай коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесін өткізіп тұрудың тиімді екенін қуаттады.

* * *

Кеңестің материалдарын сонымен қатар Кеңес жұмысына қатыспаған коммунистік және жұмысшы партияларға да жіберу ұйғарылды.

Кеңеске қатысушылар Кеңестің қорытындылары әрбір коммунистік партияның және бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыстың мүдделеріне сай келеді деп кәміл сенеді.

ИМПЕРИАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КОММУНИСТІК, ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ, БАРЛЫҚ АНТИИМПЕРИАЛИСТІК КҮШТЕРДІҢ ҚИМЫЛ БІРЛІГІ

Коммунистік және жұмысшы партиялардың Москвадағы
халықаралық Кеңесі 1969 жылғы 17 июньде
қабылдаған негізгі Документ

Коммунистік және жұмысшы партиялардың Москвада жиналған өкілдерінің Кеңесі дүние жүзілік дамудың жауапты кезеңінде өтті. Дүние жүзінде күшті революциялық процестер өрістетіліп жатыр. Империализмге қарсы күресте қазіргі заманның үш ұлы күші: социализмнің дүние жүзілік системасы, халықаралық жұмысшы табы және ұлт-азаттық қозғалыс бірігіп отыр. Қазіргі кезең революцияшыл және прогресшіл күштердің жаңадан алға басу мүмкіндігінің артуымен сипатталып отыр. Сонымен қатар империализм, оның агрессиялық саясаты туғызып жатқан хауіп артып келеді. Өзінің жалпы дағдарысы терең кеулеген империализм көптеген халықтарды әлі күнге дейін езіп, бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс ісіне үнемі қатер төндіретін себеп болып келеді.

Барған сайын туып отырған барлық жаңа мүмкіндіктерді мейлінше толық пайдаланып, империализмге, реакция мен соғыс күштеріне бұрынғыдан да кең көлемде шабуыл жасауды өрістету үшін коммунистердің, барлық антиимпериалистік күштердің бірлесіп қимыл жасауын қалыптасқан жағдай талап етіп отыр.

Кеңес империализмге қарсы күрестің аса маңызды міндеттерін және коммунистердің, барлық антиимпериалистік күштердің қимыл бірлігі проблемаларын талқылады. Кеңеске қатысушылар демократия, тең правосылық және интернационализм рухында өткен дискуссияның нәтижесінде дүние жүзіндегі жағдай және бұдан туатын міндеттер туралы жалпы қорытындыға келді.

I.

Прогресс пен реакция, социализм мен империализм күштерінің бір-біріне қарама-қарсы тарихи күресі шиеленіскен жағдайда адамзат үстіміздегі ғасырдың соңғы үштен бір бөлегіне қадам басты. Бүкіл дүние жүзі, қоғамдық өмірдің барлық негізгі салалары — экономика, саясат, идеология, мәдениет осы қарама-қарсы күрестің аренаһы болып отыр.

Дүние жүзілік революциялық қозғалыс, өзінің жекелеген отрядтарының қиыншылықтары мен сәтсіздіктеріне қарамастан, онан әрі шабуыл жасауда. Империализм қарсы шабуылға шығу арқылы күштердің жалпы арақатынасын өз пайдасына өзгерте алмады. Совет Одағының және басқа социалистік мемлекеттердің арта түскен экономикалық, саяси, әскери қуаты, сондай-ақ бейбітшіл сыртқы саясаты арқасында халықаралық пролетариат-

тың империализмге қарсы, ұлт-азаттық жолындағы барлық күрескерлердің қимылдары, бейбітшілікті қорғау жолындағы қозғалыстың кең көлемде өрістеуі арқасында дүние жүзілік соғыстың басталуына жол бермеу мүмкін болды. Жер жүзінің үштен бір бөлегінде жеңген социализм адамдардың ойы мен жүрегін билеу жолындағы бүкіл дүние жүзілік шайқаста жаңа табыстарға жетті. Қазіргі заманның сипатына, оның мазмұны мен негізгі бет алысына маркстік-лениндік тұрғыдан берілген бағаның дұрыстығын соңғы он жылдың оқиғалары дәлелдеді. Біздің заманымыз — капитализмнен социализмге өту заманы.

Қазіргі уақытта осы заманның аса маңызды проблемаларын бейбітшілік, демократия және социализм мүдделеріне сай шешу үшін, империализмге жаңа соққы беру үшін нақты жағдай бар. Оның бер жағында, империализмнің дүние жүзілік система ретінде бұрынғыдан күшті болмай отырғанына қарамастан, империализм елеулі және қауіпті дұшпан күйінде қалып келеді. Басты империалистік державаның — Америка Құрама Штаттарының агрессияшылдығы күшейе түсті.

Қандай тәсілдермен болса да социализмнің позициясын нашарлатып, халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаныштауға, капиталистік елдердегі еңбекшілердің күресіне кедергі келтіріп, капитализмнің сөзсіз құлдырау процесін тоқтатуға тырысқан әрекет империализмнің агрессиялық саясатына негіз болып отыр.

Империализм мен социализмнің арасында бүкіл дүние жүзілік көлемде байқалып отырған түбірлі қайшылық терең кеулеп келеді. Дүние жүзілік екі системаның күресі шиеленіскен жағдайда капиталистік державалар, өздерін іштен жегідей жеген қайшылықтың арта түскеніне қарамастан, қанаушылық пен езушілік құрылысын қалпында сақтап, нығайту үшін, айрылып қалған позициясын қайтарып алу үшін қимылын біріктіруге тырысып отыр. Американың империализмі басқа капиталистік мемлекеттерді өз ықпалында ұстап тұруға және олармен бірге тап күресінің негізгі салаларында ортақ саясатты жүргізуге тырысып жүр.

Империализмнің агрессиялық стратегиясының зәрлі уыты, бұрынғысынша, ең алдымен социалистік мемлекеттерге қарсы бағытталған. Империализм социализмге қарсы тікелей қарулы күрес жүргізуден бас тартпай келеді. Ол жанталаса қарудануды үздіксіз күшейтіп, Совет Одағына және басқа социалистік елдерге қарсы агрессия мақсаты үшін құрылған соғыс блоктарын жандандыруға тырысуда, Совет Одағы мен басқа социалистік елдерге қарсы идеологиялық күресті шиеленістіріп, бұл елдердің экономикалық дамуын бөгеуге тырысып бағуда.

Жұмысшы қозғалысына қарсы күресте империализм демократиялық праволар мен бостандықтарды аяққа басып, ашықтан-ашық зорлықты, полицейлік қудалаудың қатал әдістерін, жұмысшыларға қарсы заңдарды қолданып отыр. Империализм сонымен бірге даурықпалы көпірме сөзді, буржуазиялық реформизмді, оппортунистік идеология мен саясатты пайдаланып, жұмысшы қозғалысына іштен іріткі салу үшін, оны капитализмнің системасына «интеграциялап» алуға тырысып, жаңа әдістерді үнемі іздестіруде.

Ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы күресте империализм, бір жағынан, отаршылдықтың қалдықтарын өршелене қорғаштайды, ал екінші жағынан, — дамушы мемлекеттердің, ұлттық суверенитетті жеңіп алған елдердің экономикалық және әлеуметтік прогресіне жаңа отаршылдық әдістерімен жол бермеуге тырысады. Империализм бұл үшін реакцияшыл топтарды қолдап, артта қалған әлеуметтік құрылымдарды жоюға бөгет болып, социализмге өту жолымен немесе социалистік перспективаны ашатын прогрестік жолмен, капиталистік емес жолмен дамуды қиындатуға тырысады. Империалистер бұл мемлекеттердің суверенитетіне нұқсан келтіретін экономикалық договорлар мен әскери-саяси шарттарды осы елдерге күштеп таңуда, капиталды тасып алып кету, сауданың теңдікке жатпайтын шарттарын ұсыну, бағамен және валютаның нарқымен, заеммен қулық-сұмдық жасап, «көмек»

дейтіннің әр түрлі формаларын қолдану және халықаралық финанс ұйымдары арқылы қысым көрсету жолымен бұл елдерді қанауда.

Жоғары дамыған капиталистік мемлекеттердің және капиталистік дүниедегі басқа елдер көпшілігінің арасындағы тұңғыш шыңырау тереңдеп келеді; бұл елдердің бірқатарында ашаршылық шиеленіскен проблема болып отыр. Империализм реакциялық ұлтшылдықты көтермелеп, дамушы елдердің ішінде егес туғызуда, сөйтіп олардың арасына іріткі салуда. Империализм антикоммунизмнің көмегіне сүйеніп, бұл елдердегі революционерлерді бір-бірінен аулақтатуға, оларды ең жақсы достардан — социалистік мемлекеттерден және капиталистік елдердің революциялық жұмысшы қозғалысынан оқшаулауға тырысып жүр.

Империализм әскери-саяси блоктарды және бөтен жерлердегі базаларды, экономикалық қысымды және саудаға қойылған қоршауды пайдаланып, дүние жүзінің бірқатар аудандарында шиеленісті қалпында сақтап келеді. Империализм реакцияшыл ұйымдарды финанс және саяси жағынан қолдап, саяси қысымды күшейтіп отыр. Қарулы интервенцияны, қатал жазалау шарасын — әсіресе жүрес неғұрлым шиеленіскен формада өріс алып, революцияшыл күштер қолына қару ұстап шайқасып жатқан жерлерде, — контрреволюциялық қаскүнемдікті, реакциялық және фашистік төңкерісті, арандататын және бопсалайтын әрекетті, — міне осының бәрін империализм іс жүзінде қолданып жүр.

Социализмнің халықаралық позициясы нығайып отырғанда империализм дүние жүзілік социалистік системаның бірлігін әлсіретуге тырысып отыр. Империализм халықаралық революциялық қозғалыстың қатарына іріткі салу үшін бұл қозғалыстағы келіспеушілікті пайдаланып, идеологиялық машинасын, оның ішінде бұқаралық информация құралдарын антикоммунизм мақсатына, социализмге қарсы, барлық прогресшіл күштерге қарсы күресу мақсатына қолданып отыр.

Өткен жылдарда империализм талай рет арандатып, шиеленіскен халықаралық дағдарыс туғызды, мұндай дағдарыс адамзатты термоядролық қақтығыстың шегіне жеткізді. Алайда Америка Құрама Штаттарының империализмі халықаралық аренадағы күштердің қалыптасқан арақатынасын, Совет Одағының ядролық қуатын және ракеталық-ядролық соғыстың мүмкін болатын зардаптарын еске алуға мәжбүр болып, оған дүние жүзілік жаңа соғысты бастауға үміт арту барған сайын қиын, әрі қауіпті бола бастады. Бұл жағдайда Американың билеп-төстеуші топтары, осындай соғысқа әзірленуден бас тартпай, жергілікті соғыстарға ерекше күш салып отыр.

Бірақ империализм жүргізіп отырған «күш көрсету тұрғысындағы» саясат пен империализмнің нақты мүмкіндіктері арасындағы қайшылық барған сайын аян болып келеді. Империализм өзі айрылып қалған тарихи инициативаны қайтарып алуға, қазіргі дүниенің дамуын кері бұруға дәрменсіз. Адамзаттың дамуының даңғыл жолын дүние жүзілік социалистік система, халықаралық жұмысшы табы, барлық революциялық күштер белгілеп отыр.

Вьетнамдағы соғыс — империализмнің агрессиялық жоспарлары мен оның осы жоспарларды жүзеге асыру қабілеті арасындағы қайшылықтың ең нанымды айғағы. Неғұрлым қуатты америкалық империализмнің Вьетнамда жеңіліске ұшырап отырғанында тарихи мән бар.

Вьетнамдағы қарулы интервенция Америка империализмінің соғыс-саяси жоспарларында айрықша орын алып отыр. Агрессор Азиядағы социалистік қамалдардың бірін басып-жанғыптап, Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының бостандық пен прогреске жету жолын жауып тастауды, ұлт-азаттық қозғалысқа соққы беріп, социалистік елдердің, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің пролетарлық ынтымағының беріктігін сынап жеруді көкседі.

Бірақ Американың империализмі, орасан көп соғыс техникасын жұмсағанына қарамастан, Вьетнам Демократиялық Республикасын бомбалауды сөзсіз тоқтатуға ризалық білдіруге мәжбүр болды да, оның өкілдері Вьетнам Демократиялық Республикасының және Оңтүстік Вьетнам азаттығы

ұлттық майданының өкілдерімен келіссөз жүргізілетін столдың қасына келіп отырды.

Мұның себептері — вьетнам халқының теңдесі жоқ қаһармандығы, Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Оңтүстік Вьетнам азаттығының ұлттық майданы саясатының алыстан болжайтындығы, социалистік елдердің, ең алдымен Совет Одағының Вьетнам халқына көрсетіп отырған жан-жақты көмегі, бүкіл дүние жүзіндегі, оның ішінде Америка Құрама Штаттарының өз ішіндегі айбынды және барған сайын артта түскен интернационалдық ынтымақ. Вьетнамдағы қылмысты интервенция Америка Құрама Штаттарын моральдық және саяси жағынан анағұрлым оқшау қалдыруға әкеп соқты да, бұрынғыдан да қалың халық бұқарасын, жаңа қоғамдық топтар мен саяси күштерді империализмге қарсы жұмылдырып, көптеген елдердің миллиондаған жастарының антиимпериалистік күреске қатысуын тездетті, империалистік держаулардың арасында болып келген қайшылықты шиеленістіріп, жаңа қайшылық туғызды. Өз тәуелсіздігін, суверенитетін, бостандығын барлық әдістермен батыл қорғап, кең көлемдегі халықаралық қолдауға сүйеніп отырған халықтардың империалистік агрессияны жеңіліске ұшыратуының бүгін таңда анағұрлым мүмкін бола бастағанын қаһарман вьетнам халқының табыстары мейлінше айқын көрсетіп отыр.

Таяу Шығыстағы халықаралық ірі дағдарысты Израиль басқыншыларының Біріккен Араб Республикасына, Сирияға және Йорданияға қарсы агрессиясы туғызды. Империализм, ең алдымен Американың империалистері, осы агрессияның жәрдемімен араб елдеріндегі прогрестік режимдерді күйретуге, арабтардың азаттық қозғалысын жаныштап, Таяу Шығыстағы өз позициясын сақтауға немесе қалпына келтіруге тырысты. Олардың мұнысы іске асқан жоқ. Солай болса да, бүкіл дүние жүзіндегі реакция, оның ішінде сионистік топтар қолдап отырған Израильдің билеп-төстеуші күштері араб мемлекеттерінің, бейбітшіл халықтардың талаптарын ескерусіз және Біріккен Ұлттар Ұйымының Израиль әскерлерін оккупациялаған территориялардан әкету туралы шешімдерін елеусіз қалдырып, экспансия мен аннексия саясатын одан әрі жүргізуде және арандатушылық жаңа соғыс әрекеттерін үздіксіз жасап келеді. Израильдің коммунистік партиясы мен басқа да прогресшіл күштері бұл саясатқа қарсы шығып отыр. Араб халықтары бостандықты, тәуелсіздікті және ұлттық прогресті қорғау жолында, оккупацияланған барлық территорияларды қайтару жолында, Палестинадағы араб халқының ұлттық праволарының танылуы жолында одан әрі батыл күрес жүргізіп келеді. Оккупацияға қарсы қозғалыс өріс алып, әртүрлі формада жүргізілуде және бұл күрес барған сайын неғұрлым күшті қолдау тауып отыр. СССР, басқа да социалистік мемлекеттер, халықаралық коммунистік қозғалыс араб халықтарын жақтауда, ұлт-азаттық күштері, капиталистік елдердегі барған сайын неғұрлым көп жұртшылық топтары бұл халықтармен ынтымақтасып отыр.

Американ империализмі революциялық Кубаны тұншықтыру жоспарларынан әлі де бас тартқан жоқ. Американ империализмі халықаралық правоны өрескел бұзып, Куба Республикасының тәуелсіздігіне одан әрі хайып төндіруде, Куба төңірегінде экономикалық қоршау ұйымдастыруға тырысып, арандату және бүліншілік әрекеттерін жүргізіп келеді. Алайда Кубаның ер жүрек халқы өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен, Совет Одағының, басқа социалистік елдердің, Латин Америкасындағы прогресшіл күштердің, бүкіл революциялық қозғалыстың қолдауымен өз суверенитеті мен бостандығын табандылықпен қорғап отыр, сөйтіп американ континентіндегі социализмнің алдыңғы шептегі қамалын қорғап отыр.

Европада империалистік агрессия мен авантюра жасаудың басты құралы — Солтүстік-атлантикалық блок әрекет жасап келеді. Бұл блоктың арқауы — Вашингтон мен Бонның одағы. Америка Құрама Штаттарының, Германия Федерациялық Республикасының және Англияның билеп-төстеуші топтары Европа халықтарының еркімен санаспастан, бұл блоктың

өмір сүру мерзімін ұзартып, оның ұйымын нығайту, Америка Құрама Штаттарының Европа континентінде «әскер күшімен қатысуын» сақтау үшін не керектің бәрін істеп келеді.

Негізінен НАТО-ның көмегімен Еуропаның орталығындағы соғыс қаупін төндірудің басты ошағы — батысгерманиялық империализм қайта туғызылып, нығайтылды. Неонацизм мен милитаризм күштері нығайып келе жатқан Германия Федерациялық Республикасындағы империалистік билеп-төстеуші топтар дүние жүзілік екінші соғыстың қорытындыларын қайта қарау, Европадағы бірқатар мемлекеттердің шекарасын өзгерту мақсатын көздеген реваншистік программамен қимыл жасап отыр. Ең алдымен неміс тарихындағы тұңғыш социалистік жұмысшы-шаруа мемлекеті — Герман Демократиялық Республикасына қарсы бағытталған бұл саясат Европадағы барлық халықтардың және жалпыға бірдей бейбітшіліктің қауіпсіздігіне қатер төндіріп отыр.

Империалистік жоспарларда Жерорта теңізі жағалауындағы елдер маңызды орын алып келеді. Испанияда маңызды соғыс базаларын құрып отырған Америка Құрама Штаттарының империализмі күрес жүргізіп жатқан испан халқының еркіне қарамастан, франколық тәртіпті сақтауға көмектесіп келді және қазір де көмектесіп отыр. Халықтар үшін, Жерорта теңізі ауданындағы бейбітшілік ісі үшін қауіп төндіретін 6-шы америкалық флоты мен соғыс базаларының жүйесі Жерорта теңізінде саяси және әскер күшімен қысым жасаудың тұрақты құралы болып отыр. Кипрдегі жағдайдың алуан рет шиеленістірілуі және Грекиядағы фашистік төңкеріс — полковниктер хунтасын қолдап отырған империалистердің әрекеті.

Оңтүстік-Шығыс Азия, Қыыр Шығыс — империалистер агрессия және соғыс авантюраларын жасау саясатын жүргізіп отырған басты аудандардың бірі. СЕАТО, АНЗЮС, Америка Құрама Штаттары мен Жапония арасындағы қауіпсіздік договоры дейтіннің бәрі америкалық қарулы күштерінің Тынық мұхит пен Үнді мұхитының оңтүстік-батыс бөлегіндегі аймақты іс жүзінде оккупациялауымен толықтырылып отыр. Бүкіл осы жүйе ең алдымен Азиядағы социалистік елдерге, ұлт-азаттық қозғалысына, сонымен бірге осы аудандағы бейтарап және соғыс блоктарына қосылмаған мемлекеттерге қарсы бағытталған. Американдық империалистері Қытай Халық Республикасының ажыратылмайтын бөлегі — Тайвань аралына одан әрі оккупациялап, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіруге кедергі жасап келеді. Америка Құрама Штаттары Корей Халық-Демократиялық Республикасына қарсы одан әрі қарулы арандату әрекеттерін жасап, Оңтүстік Кореяны соғыс күшімен оккупациялап, елдің бостандыққа, бірігуге талпынған прогресшіл күштерін жаншып, озбырлық жасап келеді, американдық империализмі Лаосқа қарсы агрессия әрекеттерін ұйымдастырып, Камбоджаға қарсы арандату жасауда, Тайландта қуатты соғыс базаларын құрып, оны ұлғайтуда. Американдық империализмі Үндістанды блоктарға қосылмау және экономикалық тәуелсіз даму позициясынан бас тартуға көндіру үшін оған қасарыса қысым жасап келеді. Империалистер Индонезиядағы халыққа жат төңкерісті қолдады; бұл төңкерістің салдарынан жүздеген мың коммунистер мен басқа демократтар қырып-жойылды. Индонезияның реакцияшыл топтары қанішерлік жазалау әрекеттерін одан әрі жүргізуде, ал мұның өзі Индонезия революциясының барлық жемістерінің жойылуына әкеліп соғады және елдің дербестігіне қатер төндіреді.

Африканың бірқатар елдерінде империализмнің белсенділігі күшейе түсті. Империализм азаттық күресінің дамуын тоқтатып, континентте өз позицияларын сақтап қалуға және нығайтуға тырысып отыр. Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының, Батыс Германияның, Жапонияның империалистері мұнда экономикалық, саяси, идеологиялық салада өтіп алып, құлдыққа салудың жаңа отаршылдық әдістерін кеңінен пайдаланып жүр. Конгодағы (Киншаса) істерге қару күшімен араласу, Ганадағы және басқа кейбір елдердегі реакциялық төңкерістер, империалистердің Ни-

герияны бөлшектеу мақсатымен жүргізіп отырған тіміскі әрекеттері, реакцияшыл және ұлтқа қарсы тобырларды, Оңтүстік Африка Республикасы мен Оңтүстік Родезиядағы фашистік-нәсілшілдік режимдерді саяси жағынан және әскери күшпен қолдау, мемлекет аралық жанжалдар мен тайпа аралық араздықты қоздыру, монополиялардың экономикалық қысымы мен экспансиясы — империализм өз жоспарларын жүзеге асыру үшін осының барлығын қолдануда. Португалияның отаршылары қару күшімен және НАТО-ның көмегіне сүйеніп өзі иемденген жерлерін сақтап қалуға тырысып келеді.

Америка Құрама Штаттарының империализмі Латин Америкасы елдеріне экономикалық жағынан өтіп алуын, сондай-ақ олардың саяси, идеологиялық және мәдени өміріне араласуын күшейте түсті. Америка Құрама Штаттарының империализмі жергілікті реакцияшыл күштермен одақтасып басқа халықтардың Кубаның үлгісіне еруіне кедергі жасау мақсатындағы саясат жүргізіп келеді. Империализм экономикалық және шын мәніндегі саяси тәуелсіздікке жетуге бағытталған қадамдардың қандайына болса да қарсыласып келеді.

Америка Құрама Штаттарының империализмі осы мақсатпен «Прогресс игілігіндегі одақ» жоспарын ұсынып, үстемдік жүргізудің бүркемеленген жаңа формаларын қолданып отыр. Ол Америка мемлекеттері ұйымы мен американдар аралық соғыс одағын өз саясатының қызметіне пайдаланып, «Бейбітшіліктің американдар аралық күштері» дейтінді құруға күш салып жүр. Доминикан республикасында және Панамада істегені сияқты Латин Америкасының қандай елінің болса да істеріне әскер күшімен араласу правосын иемденуге тырысады. Американдар империалистері реакцияшыл диктатураларды қолдап, оны күшпен орнатып жүр, көбінесе, әскери төңкеріс жолымен орнатады, кәсіподақ қозғалысында іріткі салу қызметін күшейтіп, қарулы күштер мен полиция күштеріне ықпалын ұлғайтуда, халық қозғалысына қарсы жазалау шараларына дем беріп өршітіп келеді. Олар Латын Америкасының кейбір елдеріндегі партизан қозғалысына қарсы ұрыс қимылына тікелей қатысты. Алайда Америка Құрама Штаттары империализмінің саясаты үлкен қиыншылыққа тап болып жүр. Американдар империализмі реакцияшыл режимдерді тұрақтандыра да алмауда. «Бейбітшіліктің американдар аралық күштерін» құруға барлық үкіметтердің келісуіне де жете алған жоқ. «Прогресс игілігіндегі одақ» жеңіліске ұшырады.

Басқа империалистік деожавалар, әсіресе Батыс Германия мен Жапония да континентте орнығып қалуға күш салып жүр.

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке, халықтардың қауіпсіздігі мен ұлттық тәуелсіздігіне қатер төндіріп отырған империалистік агрессияның бүкіл саясаты капиталистік елдерде саяси позициясы мен дүниеге көзқарасы қандай болса да: жұмысшы табы, шаруалар, жастар, студенттер, мейлінше қалың бұқара тарапынан берілген барған сайын үдейе түскен тойтарысқа душар болуда. Америка Құрама Штаттарының Вьетнамдағы агрессиясына қарсы қуатты наразылық қозғалысы демократияшыл күштердің бүкіл американдар империализмінің саясатына қарсы, оны қолдап отырған үкіметтердің бағытына қарсы айбынды қимылын күшейте түсті.

Вьетнам халқының қаһармандық күресі Жапонияда және Азияның басқа да елдерінде Америка Құрама Штаттарының соғыс базаларын жою жолындағы, бұл елдерді Пентагонның саясатымен байланыстырған договорларды бұзу жолындағы қозғалыстың ұлғаюына жеткізді. Тіпті Құрама Штаттардың өзінде — агрессияның ордасының өзінде, соғыс пен милитаризмге қарсы бұқаралық айбынды қозғалыс туды.

Батыс Европада НАТО агрессиялық блогына қарсы, мемлекеттер арасындағы қатынасты оңды қалыпқа келтіріп, ынтымақты дамыту жолындағы, европалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы қозғалыс халықтың барған сайын үсті-үстіне қалың топтарын қамтып келеді. Реваншизм мен милитаризмге қарсы белсенді қимыл жасаушы күштер Батыс Германияда да өсіп келеді. Американың соғыс базалары сақталып отырған елдерде аг-

рессияның осы тірек пункттерін жоюды талап еткен үн барған сайын өктем естілуде.

Латин Америкасының халықтары қанаушылыққа және ішкі істеріне американизмнің арсыздықпен қол сұғуына қарсы күрес жүргізіп жатыр. Жұмысшылардың ереуіл қозғалысы, шаруалардың күресі, студенттер мен басқа да топтардың қимылдары қалың бұқараның бүкіл континентте Құрама Штаттардың өктемдігіне және Құрама Штаттардың соғыс жоспарларына қарсыласуды күшейтіп отырғанын көрсетеді. Кейбір елдерде революцияшыл күштер олигархия мен империализмнің үстемдігіне қарсы қарулы күрес жүргізуде. Халықтардың ұлттық сезімдері және экономикалық қиыншылықтар тіпті кейбір үкіметтерді империализмге қарсы маңызды шаралар қолдануына мәжбүр ете алады; социалистік елдермен, соның ішінде Кубамен де қатынастар орнатуға немесе ұлғайтуға бейімделушілік те осымен белгіленеді. Коммунистік және жұмысшы партиялар демократиялық және антиимпериалистік күресті бастап келеді. Реакциялық сұрқиялар тарапынан қудалаушылықтарға ұшырап жүргендігіне қарамастан, олар бұқараның талаптарын жүзеге асыру жолында, революциялық жолмен өзгерістер жасау жолында жан аямай, ерлік күрес жүргізіп келеді.

Азия мен Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі арқасында бұл континенттерде империализмнің позицияларына қатты соққы берілді. Елеулі қиыншылықтарға қарамастан, бұл халықтар отаршылдыққа және жаңа отаршылдыққа қарсы күрес жүргізе беруде және империализмге жасалған ортақ шабуылға үлес қосуда.

Соңғы он жылдағы оқиғалар американизмнің дүние жүзілік қанаушы және жандарм ретіндегі, азаттық қозғалыстарының қас жауы ретіндегі бейнесін онан сайын күшті түрде әшкерелеп берді. Американизм монополиялары ондаған елдердің шаруашылығына еніп алды, оларда өзінің күрделі қаржыларын молайтып, экономикада түйінді позицияларға бақылау орнатуға күш салуда.

Батыс Германия империализмі экономикалық қуатын арттыра отырып, соғыс машинасын өрістетіп жатыр, атом қаруына ие болуға ұмтылып, Батыс Европада гегемония орнатуға жанталаса ұмтылуда. Батыс Германия империализмі қарусыздануға және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бастайтын шаралардың бәріне қарсылық көрсетіп отыр. Азия, Африка, Латин Америкасы елдері жөнінде жаңа отаршылдық және экспансия саясатын жүргізіп келеді.

Британ империализмінің әлсірегеніне қарамастан Англия басты империалистік державалар қатарында қалып отыр және Африкада, Азияда, Кариб теңізінде, Таяу Шығыста жаңа отаршылдық әдістерінің көмегімен, ал кейде тікелей соғыс интервенциясын жасау арқылы өз позицияларын сақтауға тырысып отыр. Англия дүние жүзілік саясаттың басты мәселелері жөнінде Америка Құрама Штаттарының неғұрлым белсенді әріптесі ретінде әрекет жүргізуде. Англия — НАТО-дағы жетекші агрессияшыл күштердің бірі, ол Батыс Германиямен неғұрлым тығыз одақ жасауға ұмтылуда.

Жапон империализмі күшейіп келеді, ең алдымен Азияда оның экспансиясы арта түсуде. Жапонияда милитаризм қайтадан бас көтеріп отыр. Жапонияның билей-төстеуші топтары көптеген арқаулар арқылы американизммен байланысты болғандықтан, елді іс жүзінде Америка Құрама Штаттарының вьетнам халқына қарсы соғыстағы арсеналдарының біріне айналдырды және корей халқына қарсы тіміскілеу әрекеттеріне қатысып отыр.

Француз империализмі дүние жүзілік экономика мен саясатта өз позицияларын сақтап қалуға және нығайта түсуге ұмтылуда. Француз империализмі соққы беретін ядролық күшті онан әрі жасаумен қасара шұғылданып, қарусыздануға көмектесетін шараларға қосылудан бас тартып келеді. Француз империализмі Гваделупа, Мартиника, Реюньон халықтарына, Африка мен Океанияның кейбір елдерінің халықтарына отаршылдық үстемдігін жүргізіп, олардың өздерін-өздері билеу правосын, өздерінің істерін өздері

басқару правосын танудан бас тартып отыр. Француз империалистері өздерінің бұрынғы отарларында әлі де сақталып отырған ықпалын пайдаланып, отаршылдық саясаттың жаңа әдістерін қолдана отырып, әсіресе, Африкада белсенді қимыл жүргізуде.

Италияның монополистік капиталының экспансиясы арта түсуде.

Әр түрлі империалистік державалар арасында және бүкіл капиталистік дүниеде экономикалық дамудың әркелкілігі күшейе түсуде. Өмір капиталистік державалар арасындағы, капиталистік монополиялар арасындағы ықпал саласы үшін жүргізілетін күрес туралы маркстік-лениндік қағиданың дұрыстығын көрсетіп отыр. Өнеркәсіп және сауда бәсекесі үдей түсуде, финанс және валюта айқасы ұлғайып отыр. Батыс Европада, соның ішінде «Ортақ рынокта» бәсеке күшейе түсуде. Сондай-ақ Еуропаның капиталистік елдері мен Америка Құрама Штаттары арасындағы бәсеке де оған сайын үдеп барады. Рыноктар үшін және барынша мол пайда үшін жүргізіліп жатқан шайқасқа жапон империализмі де белсене кірісті.

Империалистер арасындағы қайшылықтар экономика саласында көрініп қана қоймайды. НАТО-да елеулі дағдарысты бастан кешіруде. Азияда құрылған агрессияшыл блоктар СЕНТО, СЕАТО шытынап барады. Батыс Еуропа капиталистік елдер арасындағы жанжалдар майданына айналып келеді. Мұның өзі дүние жүзілік империалистік системаны әлсіретіп, американдық империализмнің гегемонияшылдық жоспарларын жүзеге асыртпай отыр.

Империалистік елдердің билеп-төстеуші топтары ішіндегі, шектен асқан шараларды қолдануға, соғысқа үміт артушы нағыз соғысқұмар топтар және дүние жүзіндегі тап күштерінің жаңа арақатынасымен, социалистік елдердің қуаты артып отырғанымен санасып, халықаралық проблемаларға неғұрлым реалистік тұрғыдан қарауға, бұл проблемаларды құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі рухында шешуге бейім болып отырғандар арасындағы қайшылық та шиеленісіп отыр. Кейбір елдердің билеп-төстеуші топтарындағылар Еуропада соғыстың және соғыстан кейінгі дамудың нәтижесінде қалыптасқан нақты жағдаймен санасу керектігін түсініп, Герман Демократиялық Республикасын тану қажеттігін ұғына бастады. Америка Құрама Штаттарының тарапынан қысым жасалып отырғанына қарамастан, бірсыпыра мемлекеттер Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасын таныды.

Коммунистік және жұмысшы партиялар, жұмысшы табы, антиимпериалистік күштер дұшпанның тобырындағы барлық қайшылықты ескеріп, бұл қайшылықты терең кеулету және бейбітшілік пен прогрестің мүдделері үшін пайдалануға ұмтылып келеді.

Империалистік мемлекеттердің әрқайсысы өз мақсатын көздейді. Соның өзінде олардың барлығы да — дүние жүзілік империалистік системаның буындары.

Екі системаның күрес жағдайына, ғылыми-техникалық революцияның талаптарына бейімделуге тырысқан қазіргі империализмнің кейбір жаңа белгілері бар. Оның мемлекеттік-монополистік сипаты күшейе түсуде. Өндіріс пен капиталдың монополистік шоғырландырылуын мемлекеттің көтермелеуі, ұлттық табыстың барған сайын көп үлесін мемлекеттің қайта бөлуі, монополияларға соғыс заказдарының берілуі, өнеркәсіпті және ғылыми-зерттеулерді дамыту программаларын үкіметтің қаржыландыруы, елдің көлемінде экономиканы дамыту программаларының жасалуы, империалистік интеграция саясаты, капиталды сыртқа шығарудың жаңа формалары сияқты тұтқалар барған сайын кеңінен пайдаланылып жүр.

Алайда, монополистік капиталдың мүдделеріне сай келетін формалар мен көлемдерде жүзеге асырылып, монополистік капиталдың үстемдігін қалпында сақтауға бағытталған мемлекеттік-монополистік реттеушілік капиталистік рыноктың стихиялық күштерін ауыздықтай алмай отыр. Бірде-бір дерлік капиталистік мемлекет экономикадағы дүркін-дүркін елеулі ауытқушылық пен құлдыраушылыққа ұрынбай қалған жоқ; жекелеген елдерде

өнеркәсіптің күшті қарқынмен өсу дәуірлері төмен қарқынмен, ал көбінесе өндірістің құлдырауымен де алмасып тұрады. Шиеленіскен валюта-финанс дағдарысы капиталистік системаның берекесін кетіріп жүр.

Ғылыми-техникалық революция адамзат алдында табиғатты қайта көркейтудің, аса мол материалдық байлықты жасап, адамның творчестволық қабілетін еселеп арттырудың бұрын болып көрмеген мүмкіндігін ашып келеді. Бұл мүмкіндік барлық жұрттың игілігіне пайдаланылуға тиіс болып отырғанда, капитализм ғылыми-техникалық революцияны пайданы көбейту және еңбекшілерді қанауын күшейту үшін пайдаланып отыр.

Ғылыми-техникалық революция адамзат алдында табиғатты қайта тездетеді; монополиялардың үстемдігі жағдайында мұның өзі әлеуметтік антагонизмді бұрынғыдан да зор көлемде және бұрынғыдан да бетер шиеленістіріп, қайта ұлғайтуға әкеп соғады. Капитализмнің бұрынғы барлық қайшылықтары шиеленісіп қана қоймай, оның жаңа қайшылықтары да туады. Бұл — ғылыми-техникалық революция ашып отырған әдеттегіден өзгеше мүмкіндіктердің және осы мүмкіндіктерді бүкіл қоғамның мүддесіне пайдалану жолына капитализм қойып отырған кедергілердің арасындағы қайшылық, капитализм ғылымның ашқан жаңалығының көп бөлегін және аса мол материалдық ресурсты соғыс мақсатына жұмсап, ұлттық байлықты рәсуа етіп жүр. Бұл — осы заманғы өндірістің қоғамдық сипаты мен өндірісті реттеудің мемлекеттік-монополистік сипаты арасындағы қайшылық. Бұл — еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтың артуы ғана емес, сонымен бірге ұлттың басым көпшілігінің мүдделері мен финанс олигархиясы арасындағы антагонизмнің терең кеулеуі.

Тіпті неғұрлым дамыған капитал елдерінде де миллиондаған адамдар жұмыссыздық пен мұқтаждықтың азабын бастан кешіріп, ертеңгі күніне сенбей отыр. «Табыстағы революция», «Әлеуметтік әріптестік» дейтін пайымдауларға қарамастан, капиталистік қанаушылық күшейтіліп келеді. Жалақының арттырылуы еңбек өнімділігін арттыру және еңбекті интенсификациялау қарқынынан, әлеуметтік мұқтаждықтан әлдеқайда артта қалып, жалақының артуы монополиялар пайдасының артуына мүлде маңайламай отыр. Ұсақ шаруалардың жағдайы онан сайын нашарлап, халықтың орташа топтарының едәуір бөлегінің күнелту жағдайы барған сайын қиын бола бастады.

Капитализм системасының тиянақсыздығы арта түсті. Көптеген елдерде әлеуметтік-саяси дағдарыс басталып, дағдарыстың барысында қалың еңбекшілер бұқарасы түбегейлі, шешуші өзгеріс жасау қажеттігін түсініп отыр.

1968 жылғы май-июньде Францияда болған оқиғалар, онда өріс алған қуатты ереуіл қозғалысы ең алдымен осының айғағы; бұл қозғалыста коммунистер маңызды роль атқарды және оның барысында еңбекшілер елеулі нәтижелерге жетті. Жұмысшы табы, интеллигенция мен студенттердің едәуір бөлегі де гольдік режимге, монополиялардың өкіметіне қарсы елеулі түрде соқтығыс жүргізді. Бұл қозғалыс демократия мен социализм жолындағы күрестің жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Италияда ереуіл күресінің жалпы ұлттық көлемде үздіксіз ұлғая түсіп отырғаны, ірі саяси шайқастардың өрістегені, сайлауда солшыл күштердің табысқа жеткені солшыл центрдің саясатын мықтап шайқалтты; ал үстем таптар сол саясаттың көмегімен капитализмді тұрақтандырмақ еді.

Испанияда бұқараның күресі Франконың фашистік диктатурасын одан да бетер әлсіретуде; бұл диктатура төтенше шаралар қолдануға мәжбүр болды; жазалау шараларына қарамастан күрес өрістей түсіп отыр, сөйтіп антифранколық оппозицияның қатарына жаңа әлеуметтік топтар, қалың жұртшылық топтары келіп қосылуда.

Англияда маңызды тап шайқастары өрістетіліп жатыр, мұның барысында кәсіподақтарды және ереуіл жасау правосын қорғау жолындағы саяси ереуілдер де жүргізілуде; лейбористік үкімет кәсіподақтарға және ереуіл жасау правосына шабуыл жасауда.

Жапонияда, Мексикада, Бразилияда, Аргентинада, Германия Федерациялық Республикасында, Уругвайда, Бельгияда, Португалияда, Чилиде, Үндістанда, Пакистанда, Түркияда және басқа елдерде, Батыс Берлинде тай шайқастары, еңбекшілердің, студенттердің және жұртшылықтың басқа да топтарының ереуілдері мен басқа да қимылдары күшейді. Бірқатар елдерде, оның ішінде Жапонияда коммунистер мен басқа да прогресшіл күштердің сайлауда табысқа жеткенінен де демократиялық қозғалыстың өскені көрінді. Үндістанның кейбір штаттарында коммунистердің қатысуымен демократиялық майданның үкіметтері құрылды. Финляндияның үкіметіне коммунистер қатысып отыр.

Капиталистік дүниедегі дағдарыстың терең кеулегені сонымен қатар дүние жүзілік империализмнің басты тірегіндегі — Құрама Штаттардың өзіндегі бұқаралық күрестің өрлеуінен де айқын көрініп отыр. Негрлер геттосында нәсілдік кемсітушілікке, қайыршылық пен ашаршылыққа қарсы, сондай-ақ полицейлік қатыгездікке қарсы көтерілістер толқыны күшейді. Американың ондаған қалалары армия мен полицияның қарулы отрядтына қарсы кескілескен шайқас майданына айналды; ол шайқастардың барысында көп адам өліп, мыңдаған негрлер қамауға алынды.

Америка Құрама Штаттарында экономикалық талаптарды қанағаттандыру жолында айбынды ереуілдер өткізіліп жүр; мұндай ереуілдер көбінесе үкімет тарапынан қысым жасалып, қыр көрсетілуіне қарамастан, кәсіподақтардың реакцияшыл лидерлерінің еркіне қарамастан басталуда. Кәсіподақтардағы прогресшіл күштер мен кәсіподақтың қатардағы мүшелерінің белсенділігі артты. Еңбекшілердің қалың топтары Вьетнамдағы соғысқа қарсы шығып жүр.

Америка Құрама Штаттарындағы интеллигенттер, еркін кәсіптің адамдары, діни топтар әлеуметтік наразылық қозғалыстарына, бейбітшілік жолындағы қозғалысқа барған сайын белсенді түрде қосылып отыр. Жастар, әсіресе, студенттер — негрлері де, ақ нәсілділері де — Вьетнам соғысына қарсы, армияға шақыруға, нәсілдік кемсітушілікке қарсы, университеттерді монополиялардың бақылауына қарсы батыл түрде алуан түрлі күрес жүргізіп жатыр. Реакция бұған қоғамдық қайраткерлерге қастандық жасаумен жауап беріп, жазалау шаралары күшейтіліп отыр, зорлық-зомбылық істеу жаппай етек алып барады. Аты шулы «американ тұрмыс салты» бүкіл дүние жүзінің көз алдында беделден жұрдай болуда.

Монополистік буржуазия барлық жерде еңбекшілердің талап-тілектерінің бәріне қазіргі құрылысты революциялық жолмен өзгертпестен жетуге болады-мыс деген қиялға иландыруға тырысады. Капитализм өзінің қанаушылық агрессиялық мәнін бүркемелеу үшін әр түрлі жалған концепциялар («Халықтық капитализм», «Жалпыға бірдей игілік мемлекеті», «Молшылық қоғамы» дегенді және басқаларын) қолданып жүр. Революциялық жұмысшы қозғалысы бұл жалған концепцияларды әшкерелеп, оларға қарсы батыл күрес жүргізіп келеді. Революциялық жұмысшы қозғалысы мұнысымен империалистік идеологияның дағдарысын ұлғайта түседі; халық бұқарасы бұл идеологиядан барған сайын сырт айналууда.

Адамзаттың ар-ожданы, оның ақыл-ойы империализмнің қылмыстарына кәніп отыра алмайды. Империализм — ондаған миллион адамдарды қазаға ұшыратқан дүние жүзілік екі соғыстың айыпкері. Империализм қыруар көп адам мен материалдық ресурстарды жалмап отырған бұрын-соңды болмаған соғыс машинасын жасады; империализм жанталаса қарулануды үдете отырып, жаңа қару өндіруді алдағы ондаған жылдарда күні бұрын жоспарлап жүр; империализм от-жалынында жүздеген миллион адамдар құрып кететін, тұтас елдер тың-типыл болып қалатын дүние жүзілік термоядролық соғыстың қатерін туғызып отыр.

Империализм фашизмді саяси террор және ажал лагерьлері режимін туғызды. Империализм реті келген жердің бәрінде демократиялық праволар мен бостандықтарға шабуыл жасап жатыр, адамдық қасиетті аяққа басып, нәсілшілдікті дәріптеуде.

Жүздеген миллион адамдардың жоқшылығы, шеккен азабы үшін империализм жауапкер. Ол — Азия, Африка, Латин Америкасы елдеріндегі орасан көп бұқараның жоқшылық, ауру-сырқау, сауатсыздық, көне қоғамдық қатынастар жағдайында өмір сүруге мәжбүр болып отырғанына, тұтас халықтардың өліп бітуге душар болуына басты айыпкер.

Қоғамдық дамудың барысы империализм дәне еңбегі мен ой еңбегі адамдарының, әр түрлі әлеуметтік топтардың, ұлттардың, елдердің өмірлік мүдделерімен қақтығысып отырғанын көрсетіп отыр. Еңбекшілердің неғұрлым қалың бұқарасы, қоғамдық қозғалыстар, тұтас халықтар империализмге қарсы бас көтеруде.

Империализмнің адамзатты оған сайын ауыр апаттарға ұшыратуы мүмкін болатын қылмысты әрекеттерін тыю үшін жұмысшы табы, демократияшыл, революцияшыл күштер, халықтар бірлесіп, бірігіп қимыл жасауға тиіс. Агрессорларды ауыздықтау, адамзатты империализмнен құтқару — жұмысшы табының, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік, социализм жолында күрес жүргізіп жатқан барлық антиимпериалистік күштердің үлесіне тиген міндет.

II.

Социализмнің дүние жүзілік системасы — антиимпериалистік күрестегі шешуші күш. Азаттық күресінің қандайы болса да социализмнің дүние жүзілік системасы тарапынан және ең алдымен Совет Одағы тарапынан ешқандай теңдесі жоқ қолдау табады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы, СССР-де социализмнің орнатылуы, дүние жүзілік екінші соғыста герман фашизмі мен жапон милитаризмінің талқандалуы, Қытайда және Еуропа мен Азияның бірқатар басқа елдерінде революциялардың жеңіп шығуы, Америкада тұңғыш социалистік мемлекеттің — Куба Республикасының құрылуы, 14 мемлекеттен тұратын дүние жүзілік социалистік системаның тууы және дамуы, социализмнің бүкіл дүние жүзіне рухтандырушы ықпал жасауы тарихи прогресті тездету үшін алғы шарттар жасады, алға басу үшін және бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңісі үшін жаңа перспективалар ашты.

Социализм адамзатқа империализмнен құтылудың перспективасын көрсетіп берді. Өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке және еңбекшілердің өкімет билігіне негізделген жаңа әлеуметтік құрылыс экономиканың халық мүдделері үшін жоспарлы түрде, дағдарыссыз өркендеуін қамтамасыз ете алады, еңбекшілердің әлеуметтік және саяси праволарына кепілдік беруге, шын мәнісіндегі демократия үшін, қалың халық бұқарасының қоғамды басқаруға нақты қатысуы үшін, адамның жан-жақты дамуы үшін, ұлттардың тең праволылығы және олардың арасындағы достық үшін жағдайлар жасай алады. Тек социализм ғана адамзат алдында тұрған түбегейлі проблемаларды шешуге қабілетті екені, іс жүзінде дәлелденді.

Социализмнің дүние жүзілік системасының антиимпериалистік күштердің ортақ ісіне қосатын үлесі ең алдымен оның өскелең экономикалық қуатымен анықталады. Социалистік система елдеріндегі халық шаруашылығының шапшаң өркендеуі, мұның қарқын жағынан капиталистік мемлекеттердің экономикалық өсуінен озып кетуі, ғылыми-техникалық прогрестің бірқатар бағыттары бойынша социализмнің озық позицияларға шығуы, Совет Одағының космосқа жол ашып беруі — социалистік елдер халықтарының жасампаз еңбегінің осы нақты қорытындыларының бәрі бейбітшілік, демократия және социализм күштерінің империализммен басым болуына шешуші дәрежеде жәрдемдеседі.

Социалистік дүние қазір дамудың кең өрісіне қадам басты, енді жаңа құрылыстың өзіндегі қуатты резервтерді неғұрлым толық пайдалануға едәуір мүмкіндіктер туып отыр. Қазірдің өзінде жаңа әлеуметтік құрылымға сүйене отырып дамып келе жатқан кемелді социалистік қоғамның қажеттеріне сәйкес келетін неғұрлым жетілген экономикалық және саяси формалардың жасалып, іске қосылуы бұған көмектесіп отыр. Социализм орнату және оны одан әрі жетілдіру жұмысшы табы рух беріп, басшылық етіп отырған

аса қалың халық бұқарасының қолдауына, қатысуына және инициативасына негізделеді. Коммунистік партия бүкіл социалистік қоғамның авангарды ретінде қимыл жүргізуде. Еңбекшілердің саяси белсенділігінің барған сайын арта түсуі, олардың қоғамдық ұйымдарының өз талаптылығының өрістеуі, адам праволарының ұлғайтылуы, төрешілдік көріністеріне қарсы ымырасыз күрес, социалистік демократияның жан-жақты дамытылуы, социализмнің күштерін нығайтып, бүкіл халықтың ерік-жігер және қимыл бірлігіне көмектеседі. Социалистік демократияның жетілдірілуі, өндіргіш күштердің өрге басуы, саяси және мәдени прогресс, адамгершілік және моральдық байлықтардың артықшылығы бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілерге социализмнің ықпалын арттырады, империализмге қарсы күресте бүкіл дүние жүзілік маңызы бар социализмнің позициясын нығайтады.

Социалистік өзгерістер, жаңа қоғам орнату ісі күрделі және ұзақ процесс болып табылатынын және жаңа құрылыс ашып беретін аса зор мүмкіндіктерді пайдалану ең алдымен басшылық етуші коммунистік және жұмысшы партияларға, олардың социалистік даму проблемаларын маркстік-лениндік тұрғыдан шеше алуы қабілетіне байланысты екенін практика көрсетіп берді.

Экономикалық және қоғам тұрмысының әр түрлі салаларына ғылымды енгізу, экономиканы тездетіп өркендету үшін және қоғамның барлық мүшелерінің қажеттерін қанағаттандыру үшін ғылыми-техникалық революцияның нәтижесінде ашылатын мүмкіндіктерді толық пайдалану — осының бәрі меншіктің социалистік сипаты, өндірістің жоспарлы түрде ұйымдастырылуы, дене мен ой еңбегі қызметкерлерінің шаруашылыққа басшылық етіп, оны басқаруға белсенді қатысуы нәтижесінде мүмкін болады. Капитализм мен социализм арасындағы тарихи жарыстың басты учаскелерінің біріне айналған ғылыми-техникалық революцияны кеңінен өрістету — социалистік қоғамды дамытудың маңызды шарты.

Социалистік дүниені орнықтыру, — дүние жүзі аренасындағы таптық шапқастардың құрамды бөлігі. Социализмнің жаулары социалистік мемлекеттік өкіметтің негізін әлсіретіп, қоғамды социалистік жолмен қайта құру ісін сәтсіздікке ұшыратуды және өз үстемдігін орнатуды көздеген әрекеттерін тоқтатпай отыр. Мұндай әрекеттерге батыл тойтарыс беру — жұмысшы табы мен оның коммунистік авангарды басшылық еткен халықтың қалың бұқарасына сүйенетін социалистік мемлекеттің қажетті қызметі.

Социализмді қорғау — коммунистердің интернационалдық борышы. Жекелеген әрбір социалистік елді дамытып, нығайту — социализмнің бүкіл дүние жүзілік системасын алға бастырудың маңызды шарты. Әрбір социалистік елдің халық шаруашылығын ойдағыдай өркендету және қоғамдық қатынастарын жетілдіру, жан-жақты дамыған прогресс халықтың мүдделеріне, социализмнің де ортақ ісінің мүдделеріне сай келеді.

Социализм елдеріндегі коммунистік және жұмысшы партиялардың аса маңызды міндеттерінің бірі — бұл елдер арасындағы жан-жақты ынтымақты дамытып, екі системаның экономикалық жарысының шешуші бағыттарында, ғылым мен техника прогресінде шешуші табыстарға жетуді қамтамасыз ету. Екі система арасындағы күрестің шиеленісуі жағдайындағы бұл жарыс социалистік системадан социалистік мемлекеттердің негізгі мүдделері мен мақсаттарының ортақтығына, бұл мемлекеттер саясатының негізі болып табылатын марксизм-ленинизм принциптеріне сүйене отырып, бұл мемлекеттер арасындағы халықаралық социалистік еңбек бөлісіне және ерікті кооперациялауға барған сайын неғұрлым көбірек сүйенуін талап етеді; мұның өзі ұлттық мүдделердің нендей бір кемсітілуін болдырмай, жеке алғанда әрбір елдің өрге басуын және бүтіндей алғанда дүние жүзілік социализм системасы қуатының нығайтылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Социализмнің дүние жүзілік системасы өзінің үздіксіз артып отыратын экономикалық және қорғаныс қуатына сүйеніп, империализмге бұғау салады, империализмнің контрреволюцияны экспорттауды жүзеге асыру мүмкіндіктерін тежейді. Дүние жүзілік социализм системасы өзінің интер-

националдық борышын орындай отырып, бостандық пен тәуелсіздік жолында күресуші халықтарға барған сайын неғұрлым күшті көмек көрсетеді, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайтады. Агрессияшыл НАТО блогы болып отырғанда, Варшава Договоры Ұйымы империалистік державалар тарапынан соғыс шабуылының жасалуына қарсы социалистік елдердің хауіпсіздігін қамтамасыз етуде, бейбітшілікті қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Социализмнің табыстары, оның дүние жүзіндегі оқиғалардың барысына жасайтын ықпалы, социализмнің империалистік агрессияға қарсы күресінің парменділігі едәуір дәрежеде социалистік елдердің топтасқандығына байланысты. Социализм елдерінің қимыл бірлігі — барлық антиимпериалистік күштерді топтастырудың маңызды факторы.

Халықаралық қатынастардың жаңа тұрпатының орнығуы, социалистік мемлекеттердің туысқан одағының дамуы — тарихи күрделі процесс. Социалистік революция жеңгеннен кейін көптеген елдерде ортақ заңдылықтар негізінде жүзеге асырылып отырған социализм құрылысы тарихи нақты жағдайлар мен ұлт ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі формада өрістеліп келеді. Бұл процестің ойдағыдай дамытылуы пролетарлық интернационализм, өзара көмек және қолдау, тең праволылық, суверенитет, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптерінің қатаң қолданылуын талап етеді.

Социализмнің жаратылысында капитализмнің жаратылысына тән қайшылықтар жоқ. Социалистік елдер арасында олардың экономикалық дамуы әр түрлі дәрежесі, әлеуметтік құрылымы, олардың ұлттық өзгешеліктеріне байланысты халықаралық жағдайы әр түрлі болуынан туған қандай да бір пікір алалықтары туа қалса, мұндай пікір алалықтары жолдастық түрде талқылау және ерікті түрдегі туысқандық ынтымақ жолымен пролетарлық интернационализм негізінде ойдағыдай шешіле алады және шешілуге тиіс. Бұл пікір алалықтары социалистік мемлекеттердің империализмге қарсы біртұтас майданын бұзуға тиіс емес.

Коммунистер социализмнің дүние жүзілік системасының дамуындағы қиыншылықтарды көріп отыр. Алайда, социалистік система әлеуметтік-экономикалық құрылыстың ортақтығына, бұл системаға енетін елдердің түбегейлі мүдделері мен мақсаттарының бірдейлігіне негізделеді. Осы ортақтық — қазіргі бар қиыншылықтарды жоюдың, социализм системасының бірлігін марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм принциптері негізінде онан сайын нығайтудың кепілі.

Капитализмнің қамалдарында жұмысшы табы, соңғы уақыттағы, оқиғалар тағы да жаңадан қуаттап отырғанындай, революциялық күрестің, бүкіл демократиялық, антиимпериалистік қозғалыстың басты қозғаушы және жұмылдырушы күші болып табылады.

Қазіргі кезең жұмысшы табының, еңбекшілердің қалың бұқарасының, экономикалық жағдайын жақсарту жолындағы күресінің ғана емес, сонымен қатар олардың саяси талаптар жолындағы күресінің де күшеюімен сипатталып отыр. Еңбекшілер өздерінің зәру мүдделерін қорғай отырып, сонымен қатар әлеуметтік праволар мен демократиялық бостандықтар үшін де күрес жүргізуде. Олардың талаптары барған сайын тікелей монополистік капиталдың үстемдік системасына қарсы, оның саяси өкімет билігіне қарсы бағытталауда. Еңбекшілердің қалың бұқарасының адамды қанауға негізделген экономикалық және қоғамдық құрылысты түбірінен өзгерту тілегі нығая түсуде. Бірқатар капиталистік елдердегі жұмысшы табының ірі шайқастары монополиялардың билігін шайқалтып, капиталистік қоғамның тұрақсыздығын және қайшылықтарын шиеленістіруде. Бұл шайқастар қоғамды негізінен қайта жаңғырту, социалистік революция жасау, еңбекшілердің басқа топтарымен одақтаса отырып жұмысшы табының өкімет билігін орнату мақсаттарына жеткізе алатын жаңа тап шайқастарының жаршысы болып табылады.

Соңғы уақыттағы тап шайқастары жаңа капитализмді және реформизмді жақтаушылардың таратып жүрген алдамшы елестеріне соққы берді, марксизм-ленинизмнің негізгі қағидаларын жаңа күшпен қуаттады. Коммунистік және жұмысшы партиялар оңшыл және «солшыл» оппортунистердей емес, экономикалық және әлеуметтік зор талаптар жолындағы, озық демократия жолындағы күресті социализм жолындағы күреске қарсы қоймайды, қайта оны осы күрестің бір бөлігі деп санайды. Монополияларға қарсы, олардың экономикалық үстемдігіне және саяси өкімет билігіне қарсы күресте қол жететін түбегейлі демократиялық өзгерістер социализмнің қажет екенін неғұрлым қалың бұқараның ұғынуына жәрдемдеседі.

Қазіргі қалыптасып отырған жағдайда жұмысшы табының бірлігі қажет екені көзге бұрынғыдан бетер айқын көрініп отыр. Фактілер, күрестің барысында жұмысшы қозғалысының жинақтаған тәжірибесі, коммунистік және жұмысшы партиялардың оппортунизмді батыл сынауы, мұның өзі бұлжымайтын міндет болып қала береді — реформистік концепциялардың дағдарысын күшейте түседі. Социал-демократияның қатарында жіктелу процесі жүріп жатыр, бұл процесс олардың басшылығында да бейнеленіп отыр. Социал-демократияның кейбір лидерлері монополистік капиталды, империализмді қорғау жолына түсті. Ал енді біреулері еңбекшілер бұқарасының экономикалық және әлеуметтік салалардағы, бейбітшілік және прогресс жолындағы күрестің мәселелеріндегі талаптарын ескеріп отыруға бейім.

Коммунистер жұмысшы табының бірлігіне шешуші мән бере отырып, бүгін таңда озық демократиялық құрылыс орнату үшін және келешекте социалистік қоғам орнату үшін социалистермен және социал-демократтармен ынтымақтасуды жақтаған пікір білдіруде. Олар мұндай ынтымақты жүзеге асыру үшін өздеріне байланысты болғанның бәрін де істеуде. Олар сонымен қатар қоғамды жаңартуға мүдделі басқа да демократиялық партиялармен және ұйымдармен ынтымақтасуды жақтайды. Әлбетте, бұл жолмен ілгері басу үшін социалистік партиялардың және социализмді жақтап жүрген басқа да саяси ұйымдардың буржуазиямен таптық ынтымақ жасау саясатынан батыл қол үзіп, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы пәрменді күрес саясатын жүргізуі қажет.

Кәсіподақтар — еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымы — антимонаполистік күресте маңызды роль атқарады. Егер капиталистік дүниеде кәсіподақ қозғалысы бытыраңқы болмаса кәсіподақтардың атқаратын ролі бұдан да зор болар еді. Кейбір лидерлер түрлі бағыттағы кәсіподақтардың ұлттық және халықаралық көлемде бірлесіп қимыл жасау жолында қасақана кедергілер жасап жүргеніне қарамастан, соңғы жылдарда кәсіподақ қозғалысында мұндай бірлікке ұмтылушылық күшейе түсті. Коммунистер әрбір елдің шеңберінде де, сондай-ақ халықаралық көлемде де кәсіподақ бірлігін дәйекті түрде жақтаушылар болып отыр.

Жұмысшы табының барлық партиялары мен кәсіподақ ұйымдарының қимыл бірлігіне жетуді көздеген коммунистердің бағыты барған сайын күшейе түскен қолдау көрсетумен қарсы алынып отыр. Бірлікті көздеген бағыт антиимпериалистік күресте жұмысшы қозғалысының мүмкіндіктерін көбейтеді, бұл күреске пролетариаттың әлі күнге дейін ұйымдаспаған немесе буржуазиялық партиялардың соңына еріп жүрген бөлігін қамтуға мүмкіндік береді. Коммунистер жұмысшы табының бірлігіне жетуді ескере отырып, өзінің саяси және идеологиялық қызметін жетілдіре береді.

Финанс капиталының үстемдігі, монополистік мемлекеттің «ауыл шаруашылығы программаларын» жүзеге асыруы ұсақ және орташа шаруалардың барған сайын көп бөлігінің күйзеліске ұшырауына әкеліп соғады. Соңғы уақытта шаруалар осы шараларға барған сайын күшейе түскен қарсылық көрсетіп жүр, қала еңбекшілері қолдаған жаппай бұқаралық қимылдарға шығуда. Жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту — монополияларға және олардың өктем билігіне қарсы күрестің табысқа жетуінің негізгі шарттарының бірі.

Ірі капитал қала халқының орташа топтарының көпшілігінің өмірлік мүдделерін аяққа басады. Сондықтан халықтың орташа топтарының қалың бұқарасы өз қатарында бірліктің жоқтығына және буржуазиялық идеологияның әсеріне өте иланғыштығына қарамастан, өз мүдделерін қорғауға шығады, жалпы демократиялық талаптар жолындағы күреске қосылады. Олардың арасында жұмысшы табымен бірлесіп, қимыл жасаудың өмірлік маңыздылығын түсінушілік күшейіп келеді.

Ғылым тікелей өндіргіш күшке айналып келе жатқан біздің заманымызда интеллигенция жақдамалы еңбек қызметкерінің қатарын барған сайын көп толықтыра түседі. Оның әлеуметтік мүдделері жұмысшы табының мүдделерімен ұштасып жатады, оның творчестволық ой-талаптары пайда табуды бәрінен де артық санайтын монополист-қожайындардың мүдделерімен қақтығысады. Интеллигенцияның әр түрлі топтарының жағдайында елеулі айырмашылық бар болып отырса да интеллигенцияның барған сайын көп бөлегі монополиялармен және үкіметтердің империалистік саясатымен жанжалдасып қалуда. Буржуазиялық идеологияның дағдарысы және социализмнің әсерлі тартымды күші интеллигенцияның антиимпериалистік күрес жолына түсуіне көмектеседі. Ой еңбегі мен дене еңбегі қызметкерлерінің одағы бейбітшілік, демократия және әлеуметтік прогресс жолындағы, өндіріске, мәдениет пен информация мекемелеріне демократиялық бақылау жасау жолындағы, халықтың мүддесі үшін білімді дамыту жолындағы күресте барған сайын елеулі күшке айналады.

Шаруалардың, қала халқының орташа топтарының және интеллигенцияның мүдделерінің жұмысшы табының мүдделерімен жақындасуы, олардың ұлғая түсіп отырған ынтымағы монополиялар өктемдігінің әлеуметтік базасын тарылтады, оның ішкі қайшылығын шиеленістіріп, қалың бұқараны монополияларға, империализмге қарсы күреске жұмылдыру ісіне көмектеседі.

Батыс Европада, Америкада, Жапонияда, Түркияда және басқа елдерде жастар санының көбейіп келе жатқаны және оның саяси белсенділігінің күшейгені қоғамдық өмірдің маңызды факторына айналды.

Жастардың қимылы қазіргі буржуазиялық қоғамды терең кеулеген дағдарысты бейнелеп отыр. Еңбекшілер, ең алдымен мейлінше қаналып отырған және капитализм тұсында өзіне перспектива жоқтығын көріп отырған жұмысшы жастар тап күресіне барған сайын белсенді түрде қосылып, кәсіподақтарға, коммунистік және басқа демократиялық ұйымдарға кіруде. Студенттердің қалың бұқарасы оқудың артта қалған жүйесінің кемшіліктеріне қарсы, өз ұйымдарын құру және оқу орталықтарына басшылық етуге ойдағыдай қатысу правосы жолында ғана емес, сонымен бірге үстем таптардың саясатына да қарсы қимыл жасап отыр. Вьетнам халқының күресімен және империализмге қарсы қаһармандық күрестің басқа да өнегелерімен жігерленген жастардың барған сайын көп бөлегі империализмге қарсы демократия, бейбітшілік және социализм жолындағы ірі халықтық қимылдарға қатысып жүр.

Коммунистер жастар қозғалысының өріс алғанын жоғары бағалап, бұл қозғалысқа белсене қатысып отыр. Коммунистер жастардың қозғалысы қатарында ғылыми социализмнің идеяларын таратып, жастарға әсер етуі мүмкін, әр текті жалған революциялық идеялардың хауіптілігін түсіндіріп, жастардың империализмге қарсы, өз мүдделерін қорғау жолындағы күресте дұрыс жолды табуына көмектесуге ұмтылып келеді. Тек жұмысшы қозғалысымен және оның коммунистік авангардымен тығыз байланыс қана жастардың алдында шын мәніндегі революциялық перспективаны ашып бере алады.

Заманымыздың маңызды бір сипаты — таптық күреске, антиимпериалистік қозғалысқа, атап айтқанда, бейбітшілік жолындағы күреске әйелдердің жаппай қатысуы болып табылады. Бұл әсіресе, Американың Вьетнамдағы агрессиясына қарсы бұқаралық қимылдардан неғұрлым айқын көрініп отыр. Өндірісте және қызметтің басқа салаларында жұмыс істей-

тін әйелдердің саны көбейіп, әйелдердің саяси санасы артып, олардың экономикалық және әлеуметтік праволар жолындағы күресі күшейіп келеді. Еңбекші әйелдер өз еңбегіне ақы төлеудегі кемсітушілік атаулыны бір-жола құртуды, азаматтық праволар жөніндегі толық теңдікті, аналық правоны қорғайтын шаралар қолдануды, тағы басқа шараларды жүзеге асыруды талап етуде. Еңбекші әйелдер жұмысшы және демократияшыл күштердің шайқастарына барған сайын белсене қатысып, олардың барған сайын көп бөлегі кәсіподақтарға кіре бастады. Әйелдер коммунистік партиялардың жұмысына тең правомен қатысып жүр, сондықтан коммунистік партиялар әйелдердің талаптарын батыл қолдап, әйелдерді теңсіздіктен азат ету ісін жалпы демократиялық қозғалыстың маңызды мәселесі деп санап отыр. Социалистік елдерде әйелдердің толық тең праволы болуына кешілік берілген; социалистік елдер өнегесінің капиталистік дүниедегі әйелдердің күресі үшін аса зор тартымды күші бар.

Көптеген капиталистік елдерде әлеуметтік қайшылықтың қатты шиеленісуі нәтижесінде революциялық жұмысшы қозғалысының антимонаполистік және антиимпериалистік негізде дінге сенушілердің қалың бұқарасымен одақтасуына мүмкіндік ашылды. Католиктік шіркеу және басқа кейбір діндер идеологиялық дағдарысты бастан кешіріп, бұл дағдарыс олардың ғасырлардан бергі концепциялары мен қалыптасқан құрылымдарының берекесін кетіруде. Кейбір елдерде католиктердің қалың демократияшыл бұқарасымен және басқа дінге сенушілермен коммунистердің ынтымағы және бірлесіп қимыл жасауы өрістеп келеді; олардың соғыс пен бейбітшілік, капитализм мен социализм, жаңа отаршылық пен дамушы елдер сияқты проблемалар жөнінде өзара сөйлесуі анағұрлым маңызды бола бастады; империализмге қарсы, демократия және социализм жолында бірлесіп қимыл жасау өте маңызды болып отыр. Коммунистер нақ осы жолда — кең байланыс орнатып, бірлескен қимыл жасау жолында — дінге сенушілердің бұқарасы антиимпериалистік күрестің және түбегейлі әлеуметтік өзгеріс жасаудың белсенді күшіне айнала бастайды деп сенеді.

Біртұтас антимонаполистік және антиимпериалистік қимылдың барысында барлық демократияшыл ағымдарды саяси одаққа, елдің экономикасындағы монополиялардың роліне шешуші түрде шек қойып, ірі капиталдың билігіне тыйым салатын және сонымен бірге социализм жолындағы күресті оған әрі жүргізуге неғұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін түбегейлі саяси және экономикалық қайта құрылысты жүзеге асыра алатын саяси одаққа біріктіру үшін қолайлы алғы шарттар жасалады. Бұл демократиялық одақтың негізгі күші — жұмысшы табы. Жоғарыда көрсетілген мақсатқа жетуге ең алдымен жұмысшы табының және ең қалың халық бұқарасының, әр түрлі формаларда жүзеге асырылатын күшті бұқаралық қимылдары көмектеседі. Коммунистер, парламенттегі қимылдың қолда бар барлық мүмкіндігін пайдалана отырып, былай деп атап көрсетеді: жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің бұқаралық қозғалысын өрістетуге — демократия және социализм жолындағы күресте шешуші мәселе.

Отарлық системаның күйреуі империализмнің позициясын мықтап нашарлатты. Соңғы он жылдың ішінде Азия, Африка және Латин Америкасы халықтарының антиимпериалистік қозғалысының дүние жүзілік революциялық процестегі ролі оған сайын арта түсті. Кейбір елдерде бұл қозғалыс антикапиталистік мазмұнға ие бола бастады.

Азия мен Африканың көптеген елдерінде ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа фазасы басталды. Бұл аймақта көптеген ұлттық мемлекеттер дүниеге келіп, мұның өзі дүние жүзінің саяси құрылымына елеулі өзгеріс енгізді және күштердің арақатынасын империализмге тиімсіз етіп өзгертуге көмектесті. Ескі отарлық империялар толығымен дерлік жойылды.

Африканың оңтүстігін — отарлық үстемдіктің соңғы аудандарының бірін азат ету Африканың болашағы мен бейбітшілік ісі үшін маңызы өте зор. Анголаның, Мозамбиктің, Гвинея-Бисаудың, Зимбабвенің, Намибияның және Оңтүстік Африканың халықтары жүргізіп жатқан қарулы күрес

империалистер қолдап отырған фашистік және нәсілшілдік режимдердің одағына ауыр соққы беріп, Африка революциясының жаңадан ірі жеңістерге жетуіне өріс ашып отыр.

Араб азаттық қозғалысы дүние жүзілік империализмге қарсы күресте аса көрнекті роль атқарады. Бұл қозғалыс Орта Шығыс пен Африкада империализм мен жаңа отаршылдыққа қарсы күллі қозғалысқа оңды ықпал жасап отыр. Араб халықтарының империализм мен Израильдің агрессиясына қарсы күресі, — бір жағынан, бүкіл дүние жүзіндегі бостандық пен социализм күштері және екінші жағынан, халықаралық империализм арасындағы жалпы күрестің құрамды бөлегі.

Стратегиялық тұрғыдан аса маңызды және мұнайға бай осы аудандағы халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының өріс алуы мен әлеуметтік прогресі империалистер мен мұнай монополияларының ерекше қастандығын туғызып отыр, империалистер мен мұнай монополияларының шонжарлары ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы амал-айла жасап, қаскүнемдіктер ұйымдастыруда, соғыс тұтандырып, басқа да агрессияшыл әрекеттер жасауда.

Бұл әрекеттерге тойтарыс беріп, қаскүнемдіктерді сәтсіздікке ұшырату, барлық жеңістерді сақтап қалу үшін, атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тереңдетудің, ұлттық прогресшіл майдандардың, қалың бұқара мен ұлттық прогресшіл күштерге демократияшыл бостандықтар берудің маңызы зор.

Азат етілген елдерде әлеуметтік дифференциалану өріс алуда. Жұмысшы табының, шаруалардың, басқа да демократияшыл күштердің, оның ішінде ұсақ буржуазияның патриоттық ниеттегі топтарының империализммен және ішкі реакция күштерімен, ұлттық буржуазияның империализммен сөз байласуға неғұрлым бейім элементтерімен жанжалдасуы күшейе түсуде.

Бірқатар жас мемлекеттерде жұмысшы табының қоғамдық ролі мен саяси белсенділігі артты. Азия мен Африка елдеріндегі жас пролетариат пен социалистік елдердегі, капиталистік мемлекеттердегі жұмысшы табы арасындағы интернационалдық байланыстардың маңыздылығы күшейіп отыр.

Еңбекші шаруалардың революциялық зор мүмкіндіктері бар. Еңбекші шаруалар империализмге қарсы, халықтардың ұлттық азаттығы жолындағы, жас мемлекеттердің тәуелсіздігін нығайту жолындағы күреске белсене қатысып келеді. Коммунистер шаруалар бұқарасы арасындағы қызметін күшейтіп, шаруалар арасына пролетарлық идеологияны таратуда.

Азия мен Африканың тәуелсіз мемлекеттерінің көпшілігінде саяси тәуелсіздікті, суверенитетті нығайтып, қорғау міндетімен қатар экономикалық мәшеулікті жойып, тәуелсіз ұлттық экономиканы, оның ішінде өз өнеркәсібін құру, халықтың тұрмыс дәрежесін арттыру басты проблемаларға айналып отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін әлеуметтік-экономикалық терең өзгерістерді жүзеге асыру, еңбекші шаруалардың мүдделері үшін және олардың қатысуымен демократияшыл аграрлық реформалар жасау, заманы өткен феодалдық және феодалдыққа дейінгі қатынастарды жою, шетел монополияларының өктемдігін жою, қоғамдық және саяси тұрмысты, мемлекеттік аппаратты түбегейлі демократияландыру, ұлттық мәдениетті өркендетіп, оның прогресшіл дәстүрлерін дамыту, революциялық партияларды нығайту және мұндай партиялар жоқ жерде осындай партиялар құру керек. Қазір бұл мемлекеттердің қоғамдық дамуының келелі проблемалары — осы мемлекеттердегі халықтар мен жаңа отаршылдар арасындағы күшті күрестің ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік ішкі соқтығыстардың да объектісі. Азия мен Африканың тәуелсіз мемлекеттері үшін социализм елдерімен достық пен пәрменді ынтымақ қатынастарын орнатудың маңызы зор.

Заманымыздың революциялық жағдайларының ықпалымен азат етілген елдерде прогресшіл қоғамдық дамудың өзіндік ерекше формалары туып, революциялық-демократияшыл күштердің ролі артты. Кейбір жас мемлекеттер капиталистік емес даму жолына — бұрынғы отаршылдықтан мұра

болып қалған мешеулікті жою мүмкіндігін қамтамасыз етіп, социалистік дамуға көшу үшін жағдай жасайтын жолға түсті. Бұл елдерде социалистік бағыт өзіне жол ашып, зор қиыншылықтар мен сындарды жеңуде. Бұл мемлекеттер империализм мен жаңа отаршылдыққа қарсы батыл күрес жүргізіп келеді.

Капиталистік даму жолына түскен елдер алдына қойылған негізгі проблемалардың бірде-бірін шеше алмады. Бұл елдердегі ішкі реакция халықтың барған сайын күшейген наразылығына кез болып, империализмнің қолдауымен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуыл жасауда, бірқатар жағдайда бұқараның демократиялық, патриоттық қозғалысын мейірімсіз жанып тастауда. Ол ұлттық, этникалық, діни, тайпалық және лингвистикалық топтардың арасындағы жанжалды қоздырады, сөйтіп бұл елдер жеңіп алған тәуелсіздікке қатер төндіреді.

Прогрестік режимдері бар елдер жөнінде империализм айрықша дұшпандық көрсетіп отыр. Ол елдерді өздері таңдаған жолдан тайдырғысы келіп империалистер олардың саяси партияларын ірітіп жіберуге, ағарту және мәдени мекемелерін, бұқаралық информация құралдарын өз ықпалына бағындыруға тырысады, онда өзінің контрреволюциялық агентурасын ұйымдастырады, мемлекеттік аппарат пен қарулы күштердегі реакцияшыл элементтерді қолдайды. Олар патриоттар арасында араздық ұрығын себу үшін антикоммунистік соқыр сенімдерді пайдалануға тырысады.

Ұлттық даму мен әлеуметтік прогресс міндеттерін, жаңа отаршылдықтың тіміскі әрекеттеріне пәрменді тойтарыс беру міндеттерін шешудің жолы — халық бұқарасының белсенділігін күшейтіп, пролетариаттың, шаруалардың ролін арттыру, еңбекші жастарды, студенттерді, интеллигенцияны, қала халқының орташа топтарын, армиядағы демократияшыл топтарды, барлық патриоттық прогресшіл күштерді топтастыру, Коммунистік және жұмысшы партиялар міне осындай топтасуды жақтайды.

Коммунистер өз халықтарының бостандығын, ұлттық тәуелсіздігін және социалистік болашағын қорғайды, олар ғылыми социализм идеяларының иелері, ұлт-азаттық қозғалысының алдыңғы қатарлы күрескерлері. Осы қозғалыстың мүдделері, жуырда азат болған елдер халықтарының әлеуметтік прогресінің мүдделері коммунистік партиялар мен басқа да патриоттық және алдыңғы қатарлы күштердің арасында тығыз ынтымақ болуын талап етеді. Коммунизмге деген дұшпандық, коммунистерді қудалау халықтардың ұлттық және әлеуметтік бостандығы жолындағы күреске зиянды.

Латин Америкасындағы елдердің көпшілігі өткен ғасырдың бас кезінде мемлекеттік тәуелсіздікті жеңіп алған болатын. Тұтасынан алғанда олар капиталистік дамудың едәуір ұзақ жолынан өтті, онда қала мен селоньң көптеген пролетариаты қалыптасып өсіп, күресте нығайып келеді; іс жүзінде барлық елдерде коммунистік партиялар қызмет істейді. Латин Америкасының халықтары бүкіл қанаушылар мен езушілерге — Америка Құрама Штаттарының империализміне қарсы күрес жүргізіп жатыр; Америка Құрама Штаттарының империализмі бүкіл континентті өзінің стратегиялық тылы деп санап, оны тәуелді жағдайға ұшыратты. Бұл халықтардың кейбіреулері отарлық үстемдікке қарсы әлі де күрес жүргізіп жатыр. Шын мәніндегі ұлттық суверенитет пен экономикалық тәуелсіздік жолындағы күрес капиталистік қанауға және ең алдымен шет елдік, жергілікті монополиялардың және латифундистердің қанауына қарсы шиеленіскен тап күресімен астасып жатыр. Көптеген елдерде феодалдық сарқыншақтар әлі де сақталған және көптеген жерсіз шаруалар бұқарасы бар. Демократиялық талаптар жолында және озбырлық диктатураларға қарсы күрес жүріп жатыр, озбырлық диктатуралар — континенттің тарихи дамуындағы өте бір қырсықты фактор.

Куба революциясы Латин Америкасында империалистік қанаудың шынжырын үзіп, Америка континентіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің орнауына жеткізді, мұнда тарихи бетбұрыс жасап, революциялық қозға-

лыстың жаңа кезеңін бастап берді. Дүние жүзінің бұл ауданында айбынды демократиялық және антиимпериалистік қозғалыс социализмге жол ашатын революциялық процесс өрістеп келеді.

Пролетариат, коммунистік және жұмысшы партиялар Латин Америкасындағы антиимпериалистік қозғалыста барған сайын анағұрлым маңызды роль атқарады. Жұмысшы табының өмір сүріп, қызмет істеп отырғаны — осы қозғалыстың онан әрі дамуының тарихи артықшылығы мен кепілі. Қалың бұқараның өзінің экономикалық және саяси талаптары жолындағы, революциялық мақсаттары жолындағы күресі түрлі формаларда жүргізіліп жатыр. Латин Америкасындағы халықтық қозғалыс империализм мен ішкі реакцияның агрессияшылдығына қарсы күрес жүргізе отырып ілгері басуда. Кейбір елдерде халықтық қозғалыс қарулы күрес жолын пайдаланып отыр. Күрестің барысында жұмысшы табының жауынгерлік қабілеті артты, шаруалардың санасы оянып, селодағы бұқара көтеріліп келеді. Сөйтіп, жұмысшы-шаруалар одағының негізі қаланып жатыр.

Пролетариатпен бір одақта қалың халық бұқарасы, студенттер, алдыңғы қатарлы интеллигенция, қала халқының орташа топтарының көбі қимыл жасап отыр. Бірлескен қимыл және реакцияшыл режимдерге қарсы антиимпериалистік бірлік барған сайын көп күш жинақтауда. Қалың бұқараның қанау мен қайыршылыққа қарсы, империалистік тепкіге қарсы күресінің өрлеуі прогресшіл ой-армандарға діни топтардың алдыңғы қатарлы бөлегінің де үн қосуына жеткізеді. Кейбір елдердің қарулы күштерінің ішінде патриоттық және демократиялық пиғылдар дамуда.

Социалистік системаың, жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысының арасындағы одақты нығайтудың антиимпериалистік күрестің перспективалары үшін бірінші дәрежелі маңызы бар.

III.

Дүние жүзіндегі қазіргі әлеуметтік-саяси жағдай империализмге қарсы күресті жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді. Империализмге шабуылды күшейтіп, одан шешуші басымдылыққа жетуге, оның агрессия мен соғыс саясатын жеңіліске ұшыратуға болады. Мұның өзі демократиялық және прогресшіл күштерге, адамзатты толғантқан ірі проблемаларды, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі проблемаларын шешуге мүдделілердің бәріне айқын перспектива беру үшін барлық континенттерде нақты және практикалық шаралар мен қимылдар жасауды мейлінше талап етеді.

Кеңеске өкілдері қатысып отырған коммунистік және жұмысшы партиялар өздерінің тарихи жауанкершілігін сезе отырып, дүние жүзіндегі барлық коммунистерге, империализмге қарсы күресушілердің бәріне, бейбітшілік, бостандық және прогресс жолында күрес жүргізуге әзір отырғандардың бәріне бірігіп қимыл жасауды ұсынады.

Қимыл бірлігінің, бірінші кезектегі мақсаты — қаһарман вьетнам халқына жан-жақты қолдау. Кеңес бейбітшілік пен ұлттық тәуелсіздік ісін қымбат санайтындардың бәрін американ империализмін Вьетнамнан интервенттердің әскерлерін әкеттіруге, бұл елдің ішкі істеріне араласуын тоқтаттыруға және вьетнам халқының өз проблемаларын дербес шешуі правосын құрметтеуге көндіру жолындағы күресті күшейтуге шақырады. Вьетнам патриоттарының түпкілікті жеңісінің халықтардың империалистік өктемдік пен озбырлық саясатына қарсы күрестегі позициясын нығайту үшін принципті маңызы бар. Бұл жеңісті тездету үшін социалистік системадағы барлық мемлекеттердің келісіп шаралар қолдануы керек, барлық коммунистік және жұмысшы партиялардың, барлық прогресшіл партиялар мен бұқаралық демократиялық ұйымдардың, сонымен бірге барлық бостандық сүйгіш және бейбітшіл күштердің бірлесіп күш-жігер жұмсауы керек. Кеңес Оңтүстік Вьетнам Республикасының Революциялық уақытша үкіметінің құрылуын құттықтайды. Кеңес мұны вьетнам халқының қаһарман азаттық күресіндегі маңызды кезең деп біледі. Кеңес Париждегі келіссөздердің та-

бысты болуын қамтамасыз ету жолында күресуге шақырады; бұл келіссөз Оңтүстік Вьетнам азаттығы ұлттық майданы ұсынған 10 пункт негізінде әбден табысты аяқталуы мүмкін.

Антиимпериалистік күштердің бірігіп қимыл жасауының негізгі буыны бұрынғысынша соғыс қаупіне, халықтарға жаппай қырылу қаупінен одан әрі төндіріп отырған дүние жүзілік термоядролық соғыс қаупіне қарсы күрес жүргізу, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолында күрес жүргізу болып қала береді. Социализм елдерінің, халықаралық жұмысшы табының, ұлт-азаттық қозғалысының, барлық бейбітшіл мемлекеттердің, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық қозғалыстардың біріккен күш-жігерімен дүние жүзілік соғысты болдырмау әбден мүмкін.

Бейбітшілікті қорғау қоғамдық құрылымы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін империалистерге еріксіз таңдыру жолындағы күреспен тығыз байланысты; мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі суверенитет, тең правосылық, үлкенді-кішілі әрбір мемлекет территориясының қол сұрылмастығы, үлкен немесе кіші болсын, басқа елдердің ішкі істеріне араласпау, барлық халықтардың өздерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысын еркін таңдауы правосын құрметтеу, шешілмеген халықаралық мәселелерді саяси жолмен, келіссөз жүргізу арқылы реттеу принциптерін сақтауды талап етеді.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты дамып келе жатқан мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік проблемаларын оңды шешуге қолайлы жағдай жасайды.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты езілген халықтардың өз азаттығы жолындағы күресте өздері керек деп санайтын жолды — қарулы немесе қарусыз күрес жүргізу жолын пайдалануына қайшы келмейді және ешқандай дәрежеде реакцияшыл тәртіптерді қолдаушылық болып табылмайды. Әрбір халықтың империалистік агрессорлардың қол сұруынан қарумен қорғануына және осы әділетті істе басқа халықтардың қолдауын алуына сөзсіз правосы екені де осындай-ақ күмәнсіз. Бұл — халықтардың жалпы антиимпериалистік күресінің құрамды бөлігі.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты империализмнің халықаралық шиеленісті ушықтырып, соғыс қаупі ошақтарын өршіту арқылы ішкі өз қайшылықтарын жоюға тырысқан әрекеттеріне кедергі жасайды. Бұл саясат әлеуметтік және саяси қалыптасқан жағдайды сақтауды да, идеологиялық күресті бәсеңдетуді де көздемейді. Бейбіт қатар өмір сүру саясаты ұлттық және бүкіл дүние жүзілік көлемде империализмге қарсы таптық күресті өрістетуге көмектеседі. Капиталистік елдердегі еңбекшілер мен олардың коммунистік партияларының бұлжымас, сөзсіз правосы мен міндеті — монополиялар мен олардың билігі жою жолында, шын мәнісінде демократиялық құрылыс орнату жолында, бұл мақсатқа жету жолы қандай болуына қарамастан, социалистік өкіметті орнату жолында таптық батыл күрес жүргізу. Бүкіл дүние жүзінің коммунистері осы әділетті шайқастармен ынтымақтас.

Империализмге қарсы бұқаралық қимылдар — бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүзеге асыру шарттарының бірі.

Соғыс өртің тұтаңдырушыларға, реакционерлерге, қару-жарақ шығаратын монополист-фабриканттарға қарсы бағытталған мұндай саясат езу мен қанаудың барлық формаларына қарсы революциялық күрестің ортақ мүдделеріне сай келеді, барлық халықтар арасындағы достықты нығайтуға, әлеуметтік прогресс мүдделері үшін қоғамдық құрылымы әр түрлі елдер арасында жемісті экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа ынтымақты дамытуға көмектеседі.

Коммунистер империалистік топтардың жүргізіп отырған халықаралық шиеленісті ушықтыру саясатына қарсы, бұл топтардың қырғи-қабақ соғыс кезеңдеріне қайта оралу әрекеттерінің қандайына да қарсы күрес жүргізуді өздеріне борыш санайды. Коммунистер шиеленісті бәсеңдетуді жақтайды; ал мұның өзі халықтардың неғұрлым табанды және көкейтесті талаптарының бірі.

Ядролық қарудың таралуын болғызбау, оны таратпау туралы договорды жүзеге асыру — бейбітшілікті сақтау жолындағы нағыз кезек күттірмейтін іс. Коммунистік партиялар Договорды бекітуді жақтай отырып, мұны ядролық қарусыздануға, ядролық қарудың запастарын жоюға жеткізетін тиісті шаралар тізбегінің бір буыны деп қарайды. Сонымен қатар ядролық қаруды заңнан тыс деп санауға, оны өндіруді және барлық сынауларды тоқтатуға күш салу қажет.

Дүние жүзінің әр түрлі аудандарында ядросыз аймақтар құрылуының халықаралық жағдайды сауықтыру үшін және мемлекеттер арасында сенімді нығайту үшін үлкен практикалық маңызы болар еді. Басты күш-жігерді ядролық қаруға тыйым салуға бағыттау қажет. Ядролық энергия тек қана бейбіт мақсаттарға пайдаланылуға тиіс.

Вьетнамда америка әскерлері молынан пайдаланып келген бактериологиялық және химиялық қаруға пәрменді түрде тыйым салу жолындағы күресті күшейту қажет.

Халықтардың түбегейлі мүдделері милитаризмнің барлық түрлеріне қарсы, әсіресе Америка Құрама Штаттарының және басқа да империалистік мемлекеттердің әскери-өнеркәсіп комплексіне қарсы күресті күшейтуді талап етеді. Біз барлық бейбітшіл күштерді соғыс бюджеттерін негізінен қысқарту жолындағы, пәрменді халықаралық бақылауда болатын жалпыға бірдей және толық қарусыздану жолындағы күресті өрістетуге шақырамыз, сөйтіп қазіргі уақытта жанталаса қаруланудың құлақынына кетіп жатқан қаржыларды еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, денсаулық сақтау, халық ағарту ісін дамытуға, дамып келе жатқан елдерге көмек көрсетуге жұмсау керек.

Бейбітшілік жолындағы күресте жалпыға бірдей сипаттағы міндеттермен қатар жекелеген континенттерде және географиялық аймақтарда хауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысы бар неғұрлым ерекшелік немесе регионалдық сипаттағы аса маңызды міндеттер де бар. Бір-бірімен тығыз байланысты осы міндеттердің шешілуі барлық коммунистердің, барлық антиимпериалистік күштердің, дүние жүзінің барлық халықтарының мүдделері мен талаптарына сай келеді.

Жалпыға бірдей бейбітшілік мүдделері соғыс блоктарын жоюды талап етеді. Коммунистік және жұмысшы партиялары империалистік күштер таңған соғыс блоктарының және басқа мемлекеттер территориясындағы соғыс базаларының болуы мемлекеттер арасындағы ынтымақ жолына кедергі болып отыр, деп санап келді және солай деп санап отыр. Континенттің барлық мемлекеттері арасындағы тең праволылық және өзара құрметтеу қатынастарына, Европадағы барлық ұлттардың бірлесіп күш-жігер жұмсауына негізделген пәрменді хауіпсіздік жүйесінің Европада орнатылуы әрбір еуропалық елдің хауіпсіздігінің шын мәнісіндегі кепілі және прогреске жету шарттарының бірі болуға тиіс. Осыны басшылыққа ала отырып, социалистік елдер қазірдің өзінде-ақ НАТО мен Варшава Договоры ұйымын бір мезгілде таратуды жақтаған пікір айтты.

Кеңес империалистік державалардың, ең алдымен Америка Құрама Штаттарының, Германия Федерациялық Республикасының және Великобританияның НАТО қызметін бұрынғыдан бетер жандандыруға тырысқан арандату әрекеттерін батыл айыптайды. Дәл осы НАТО-ның таратылуы барлық блоктарды, жат территориялардағы шет елдік соғыс базаларының бәрін тарату жолындағы, коллективтік хауіпсіздіктің сенімді жүйесін жасау жолындағы шешуші қадам болып табылар еді. Бейбітшілік мүдделеріне сәйкес халықтар империалистік мемлекеттерден борттында ядролық қаруы бар бомбардировщиктердің шетел территориялары үстінен ұшуын тоқтатуды талап етеді, борттында ядролық қаруы бар корабльдер мен сүңгуір қайықтардың шет елдік порттарға кіруіне тыйым салуды талап етеді, күш қолдану әрекеттерінің және күш қолданамыз деп қоқан-лоққы жасаудың қандайынан болса да бас тартуды талап етеді.

Европа континентінде баянды хауіпсіздіктің жүзеге асырылуы — Евро-

па халықтарының алаң болып отырған және арман етіп отырған істерінің арасында бірінші кезекте орын алатын проблема. Варшава Договорына қатысушы мемлекеттердің 1966 жылы Бухаресте және 1969 жылы Будапеште өткізілген Кеңестері, сондай-ақ 1967 жылы Карловы-Варыда өткізілген конференциясы Европада хауіпсіздік жүйесін жасау мақсатымен жүргізілетін қимылдар мен шаралардың нақты программасын белгілеп берді.

Европада қазіргі қалыптасқан шекаралардың, атап айтқанда, Одер — Нейсе бойындағы шекаралардың және Германия Федерациялық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы шекаралардың мызғымайтындығы жолында, Герман Демократиялық Республикасын халықаралық право тұрғысынан тану жолында, Батыс Германияның қандай түрде болса да атом қаруына ие болуына жол бермеу, Германия Федерациялық Республикасын бүкіл Германия атынан өкіл болуға көз алартқан талаптарынан бас тарттыру жолында, Батыс Берлинді ерекше саяси аймақ деп тану, Мюнхен диктатын әуел бастан-ақ заңсыз деп тану, барлық неонацистік ұйымдарға тыйым салу жолында күрес жүргізу қажет. Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік Батыс Германиядағы реваншистік күштерді ауыздықтауды, Европа халқының Америка Құрама Штаттарының араласуынсыз өз континентінде қожа болу жөніндегі шексіз правосын қамтамасыз етуді, Европа мемлекеттерінің өзара тиімді экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтасуын, бұл мемлекеттер арасында шиеленісті шын мәнісінде бәсеңдетіп, өзара сенімге негізделген қатынастар орнатылуын талап етеді.

Бейтарап мемлекеттердің қол сұғылмастық принципі сөзсіз құрметтелуге тиіс. Мұндай мемлекеттер шиеленісті бәсеңдетіп, бейбітшілік орнату рухында қимыл жасау үшін барлық мүмкіндіктерін пайдаланса, бейбіт қатар өмір сүру саясатына маңызды үлес қоса алады.

Барлық осы бағытта зор белсенділік жасау керек. Европа хауіпсіздігінің проблемасына бастама жасау рухында қарап, нақты, практикалық шаралар қолдануға ұмтылу қажет.

Бейбіт бастамалардың бірінші кезектегі шаралары — Европа халықтарының кең уәкілді Конгресін өткізу; мұның өзі мемлекеттердің жалпы европалық кеңесін шақыруды әзірлеп, оңайлатады.

Кеңес халықаралық жұртшылықты империализмнің агрессияшыл қол сұғушылығының әрдайымғы нысанасы болып отырған халықтармен және елдермен — Герман Демократиялық Республикасымен, Корей Халық-Демократиялық Республикасымен және бүкіл корей халқымен үзбестен және белсенді ынтымақтасуға шақырады. Кеңес Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіріп, қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарының қарулы күштері басып алып отырған Тайвань аралын Қытайға қайтарып беруді жақтайды. Куба Республикасын қорғау Латин Америкасындағы, бүкіл дүние жүзіндегі коммунистердің және барлық революциялық, антиимпериалистік басқа күштердің міндеті болып қала береді.

Біз, коммунистер империализмнің барлық агрессия әрекеттеріне қарсы, империализмнің дүние жүзінің қай ауданында болса да аймақтық соғыс тұтандыруына және интервенция жасаудың басқа формаларын қолдануына қарсы бірігіп қимыл жасауға шақырамыз. Империализм мен Израильдің билеп-төстеуші топтары одан әрі жүргізіп отырған агрессиялық саясаты жағдайында біз Израиль басқыншылары оккупациялаған жерлердің қайтарылуын талап етіп отырған араб халықтарымен ынтымақтастығымызды мәлімдейміз; мұның өзі — Біріккен Ұлттар Ұйымы Хауіпсіздік Советінің 1967 жылғы ноябрьдегі қарарының ережелерін толық жүзеге асыру негізінде Таяу Шығыста бейбітшілік орнатудың және саяси жағдайды реттеудің кезек күттірмейтін және шешуші шарты.

Коммунистер Азия, Африка және Латин Америкасы халықтарының тәуелсіздік пен ұлттық суверенитет жолындағы, империалистік топтардың, монополиялардың әрқилы экономикалық және саяси гегемониясынан құты-

лу жолындағы, империалистік державалар күштеп таңып отырған соғыс одақтары мен блоктары жүйесінен шығу жолындағы, бұл континенттерде жанталаса қарулануды күшейтіп жаңа шиеленіс ошақтарын сақтау мен құруды көздеген империалистік бағыттарға қарсы, шет елдің соғыс базаларын жою жолындағы, әрбір халықтың еркін өркендеуіне себепші болатын қатынастар орнату жолындағы күресімен ынтымақтастығын қуаттайды.

Планетамызды отаршылдық кеселінен сарқа тазартып, отаршылдықтың соңғы ошақтарын жою, отаршылдықтың жаңа, бүркемеленген формаларда қайта туғызылуына жол бермеу — замана талабы міне осы.

Біз ізгі ерікті барлық адамдардың, демократияны жақтаушылардың бәрін отаршылдықтың қалдықтарын жою жөнінде бірлесіп қимыл жасауға және жаңа отаршылдыққа қарсы күрес жүргізуге шақырамыз. Біз Ангола, Маламбик, Гвинея-Бисау, Зимбабве, Намибия және Оңтүстік Африка патриоттарын қолдайтын, барлық езілген халықтарды қолдайтын интернационалдық батыл шараларды жақтаймыз.

Коммунистік және жұмысшы партиялар жұртшылықтың назарын аударып, оны шешу үшін қажырлы күрес жүргізіп отырған заманымыздың ірі проблемаларының бірі — көптеген елдер мен бүтіндей континенттердің мешеулігін — ұзақ мерзімге созылған отаршылдық және империалистік үстемдік туғызған мешеулікті жою жолындағы күрес. Бұл елдердің қазіргі уақыттағы негізгі міндеті — экономикалық, әлеуметтік және саяси саладағы дамуы; бұған империализмнен шын мәнісінде тәуелсіз болу жағдайында, сонымен бірге демократиялық және революциялық терең мағыналы өзгерістер жасау нәтижесінде ғана жетуге болады. Бұл міндетті шешу үшін әрбір елдің барлық прогресшіл күштерін жұмылдырып, біріктіру керек, бұл елдер арасындағы, сонымен бірге социалистік мемлекеттермен өзара тиімді байланыстарды дамыту керек.

Біз фашистік қатерге қарсы күресті күшейтіп, фашизмді жақтаушылардың бас көтеру әрекеттеріне аяусыз тойтарыс беру қажет деп санаймыз. Империализмнің дағдарысы шиеленісіп, демократияшыл және революцияшыл күштерді өрескел басып-жаныштау әдістерін қолдануға тырысқан реакцияның әрекеті арта түскен кезеңде фашизм белсенділігін күшейтіп отыр. Грецияда неофашизм өкіметті басып алды. Испанияда «әсірелер» жазалау шараларының фашистік әдістерін қайта қолдануға тырысып, қуатты бұқаралық қозғалысты тоқтату үшін дәрменсіз әрекет жасап жатыр. Португалияда өріс алған халықтық қозғалыстың тегеуірінімен дағдарысқа ұшыраған фашизм террористік саясатын іс жүзінде онан әрі жүргізіп жатқанын либералдандыру дейтін көпірме сөзбен бүркемелеуге тырысып отыр. Батыс Германияда неонацистер өкімет билігіне ұмтылып жүргенін ашықтан-ашық білдірді. Басқа елдерде де неофашистік күштер белсенділік көрсетуде. Неофашизм реакциялық төңкерістерді ұйымдастырып жүрген империалистік разведкалардың әрекетімен ауыз біріктіріп отыр.

Фашизмнің бұл көріністерінің барлығы да халық бұқарасының еселеген қарсылығына тап болып отыр. Бұл қарсылықтың ойдағыдай жасалуы үшін барлық антифашистік күштердің жұмыла бірігіп қимыл жасауы қажет, сонымен қатар барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары, демократиялық және прогрестік қозғалыстары тарапынан халықаралық қолдауды күшейту қажет.

Фашистік режимдерге қарсы күрес — империализмге қарсы, демократиялық бостандық жолындағы қимылдың елеулі бөлегі. Барлық демократтардың, бостандықты жақтаушы барша адамның ортақ міндеті, — олардың саяси позициясы, дүниеге көзқарасы және діни сенімі қандай екеніне қарамастан, — Испания мен Португалияның үкіметтері, Грециядағы полковниктердің реакцияшыл хунтасы, Латин Америкасындағы әскери-олигархиялық тобырлар сияқты реакция мен фашизмнің ошақтарына қарсы, Америка Құрама Штаттарының империализміне қызмет етіп отырған барлық озбырлық режимдерге қарсы күрес жүргізіп жатқан ұлттық прогресшіл күштерге нақты қолдау көрсетуді арттыра беру.

Біз, коммунистер, жер жүзінің адал ниетті барлық адамдарына үндеуімізді тағы да арнап, нәсілшілдіктің адамды жек көретін идеологиясы мен практикасына қарсы күресте қимылды біріктіруге шақырамыз. Біз қазіргі заманның ең масқара құбылысы — Америка Құрама Штаттарындағы 25 миллион негр халқын жауыздықпен қудалаушылыққа қарсы, Оңтүстік Африкадағы және Родезиядағы нәсілдік террорға қарсы, басып алынған жерлердегі және Израильдегі араб халқын қудалаушылыққа қарсы, капиталистік реакцияшыл күштер өршітіп, бұқараға саяси теріс ұғым беру үшін олар пайдаланып отырған нәсілдік және ұлтшылдық кемсітушілікке, сионизм мен антисемитизмге қарсы наразылықтың зор көлемді қозғалысын өрістетуге шақырамыз.

Империализм халықтарды құлдыққа түсіріп, өз үстемдігін сақтау мақсатына нәсілшілдікті пайдаланып келеді. Қалың халық бұқарасы нәсілшілдікке қарсы шығып отыр, сондай-ақ оларды нәсілшілдікке қарсы белсенді күреске қатыстыруға болады. Нәсілшілдікті жоюдың бүкіл империализмге қарсы, оның идеологиялық іргетасына қарсы күреспен тығыз байланысты екенін қалың халық бұқарасы өз қимылдарының барысында түсіне алады.

Адамның негізгі бостандықтарын жаныштауға тырысып отырған империализмге қарсы күрестің мүдделері сөз, баспасөз, жиналыс, демонстрация және ұйымдар бостандығын қорғап, оны жеңіп алу жолында, барлық азаматтардың тең праволылығы жолында, қоғамдық өмірдің барлық жақтарын демократияландыру жолында тынбастан күрес жүргізуді талап етеді. Қажырлы тап шайқастарының барысында қол жеткен демократиялық праволар мен бостандықтарды жоққа шығаруға, оның ішінде халыққа қарсы заңдарды қолдану жолымен жоққа шығаруға тырысқан реакцияның қандай да болсын әрекетіне табандылықпен тойтарыс беріп отыру қажет. Өздеріне өлім қатері төндірілген патриоттар мен демократтарды құтқару жолында, коммунистер мен басқа патриоттар жөніндегі сот озбырлығына қарсы ұлттық көлемде де, сонымен бірге халықаралық көлемде де үнемі қимыл жасау керек; түрмелерде азап шегіп отырған патриоттар мен демократтарды босаттыру жолында күрес жүргізіп, саяси баспана алу правосын қорғау қажет.

Біз, коммунистер, ұлттарды және аз ұлттарды езушіліктің қандай да болсын формаларына қарсы шығып, әрбір ұлттың немесе ұлттық топтың өз мәдениеті мен тілін дамытуын жақтап отырмыз, ал біз барлық ұлттардың өзін-өзі билеу правосын да табандылықпен қорғаймыз.

Біз, коммунистер, монополистік капиталдың билігіне қарсы, бүкіл империализмнің позициясын нашарлатып, империализм үстемдігінің негіздеріне соққы болып тиетін демократиялық талаптарды жүзеге асыру жолында батыл күрес жүргізбейінше, империалистік реакцияның саясатын құрту, отаршылдық пен жаңа отаршылдықты бір жола мәңгі жою, фашизмнің және нәсілдік езушіліктің тамырын қырқып тастау мүмкін емес деп сенеміз. Тек сонда ғана жұмысшы қозғалысының түпкі мақсаттарына жету үшін қолайлы жағдай жасалады.

Қазіргі жағдай социалистік елдер халықтарының, халықаралық жұмысшы қозғалысының және ұлттық азаттық жолындағы қозғалыстың барлық отрядтарының империализмге қарсы күрестегі айбынды ынтымағын нығайтуды талап етеді.

Коммунистер империализмнің қылмысты саясатын әшкерелеуді күшейтіп, империализмнің агрессиялық ниеттері мен жоспарлары жөнінде жұртшылықтың қырағылығын арттыру — қазіргі ең маңызды міндет деп санайды.

Кеңеске қатысушылар жұмысшылардың, шаруалардың, қызметшілердің, жастардың, студенттердің, интеллигенцияның, әйелдердің өкілдері болып отырған барлық ұйымдарға, әр түрлі саяси, философиялық, діни сенімдегі әр түрлі әдеуметтік тектер мен топтарға, капиталистік елдердің реалистік тұрғыда пайымдайтын саяси қайраткерлеріне, барлық демократиялық партияларға, ұлттық және халықаралық прогресшіл қоғамдық ұйымдарға арнап, шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті қорғау жолындағы антиим-

периалистік күресте бірлескен қимылдарды жүзеге асыру үшін өздерінің күш-жігерін коммунистік партиялардың күш-жігерімен біріктіруге шақырған үндеу таратты. Біз олардың бәрін антиимпериалистік күрес мәселелерінің нағыз кең көлемі бойынша мейлінше толық және сындарлы пікір алысуға шақырамыз.

Коммунистер ұлттық шеңберде де, сондай-ақ регионалдық және бүкіл дүние жүзілік көлемде де барлық прогресшіл, патриоттық және бейбітшіл күштермен біртұтас қимылдар жүргізуді әзірлеудің және жүзеге асырудың нағыз демократиялық әдістерін жақтайды. Олар сансыз көп және әралуан антиимпериалистік ағымдар мен қозғалыстар арасында неғұрлым толық өзара түсінісуге жету үшін қолдан келгеннің бәрін істейді және де бұл ағымдар мен қозғалыстардың өзіндік өзгешеліктерін ескеріп, дербестігін құрметтеп отырады. Өзара қимыл жүргізудің ерікті түрде және жалпы келісілген формалары империализмге қарсы күресті қазіргі замандағы жағдайдың талаптарына сай келетін жаңа дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді.

IV.

Кеңеске қатысушылар коммунистік қозғалыстың өзінің де бірлігін қазіргі замандағы талаптарға сай келетін неғұрлым жоғары дәрежеге көтеру коммунистік және жұмысшы партиялардың халықтар алдында тұрған проблемаларды шешуге қосатын үлесін молайта түсудің аса маңызды шарты деп санайды. Мұның өзі барлық партиялар тарапынан батыл және ұдайы күш-жігер жұмсалуды талап етеді. **Коммунистік және жұмысшы партияларды топтастыру — барлық антиимпериалистік күштерді біріктірудің аса маңызды факторы.**

Кеңеске қатысушылар пролетарлық интернационализм, ынтымақ және өзара қолдау, дербестік пен тең правосылықты құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптері туысқан партиялар арасындағы өзара қатынастардың негізі дейтін өз позициясының ортақтығын қуаттайды. Бұл принциптердің қатаң сақталуы — туысқан партиялар арасындағы жолдастық ынтымақты дамытудың, коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайтудың қажетті шарты. Екі жақты консультациялар алысулар, регионалдық кездесулер, коммунистік қозғалыста қабылданған принциптер негізінде өткізілетін халықаралық кеңестер — туысқан партиялар арасындағы ынтымақтың табиғи формалары. Бұл принциптер мен формалар дүние жүзілік революциялық процестің өскелең алуан түрлілігі жағдайында олардың ортақ мақсаттар жолындағы күресінде коммунистік және жұмысшы партиялардың күш-жігерін біріктіру үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды. Барлық партиялардың правосы тең. Қазіргі уақытта, халықаралық коммунистік қозғалыста басшы орталық болмай отырғанда, алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешу мүдделері үшін олардың қимылдарын ерікті түрде үйлестіріп отырудың маңызы айрықша күшейе түседі.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың қимыл бірлігі марксизм-ленинизм принциптері негізінде коммунистік қозғалысты топтастыруға көмектеседі. Осы заманғы революциялық және жалпы демократиялық қозғалыстардың алдында тұрған көкейтесті практикалық міндеттерді шешуді көздеген ынтымақты қимылдар коммунистік қозғалыстың әр түрлі отрядтары арасындағы қажетті пікір алысу ісіне көмектеседі. Бұл қимылдар маркстік-лениндік теорияны байытып, творчестволық тұрғыдан дамытуға, зәру саяси проблемалар жөніндегі интернационалистік, революциялық позицияларды нығайта беруге көмектеседі.

Кеңеске қатысушылар еңбекшілер бұқарасының мүдделері үшін, әлеуметтік прогресс мүдделері үшін, халықаралық капиталды толық жеңіп шығуға қарай алға басу игілігі үшін барынша мүмкін болғанның бәрін істеуге өз партияларының қажымас қайрат жұмсайтындығын мәлімдейді. Олар империализмге қарсы, жалпы демократиялық талаптарды жүзеге асыруға бағытталған бірлескен қимылдарды социалистік революция жолындағы, адам-

ды адамның қанауы системасын жою жолындағы күрестің құрамды бөлігі және кезеңі деп санайды.

Кеңеске қатысушылар әрбір коммунистік партияның саясатының пәрменділігі оның өз еліндегі табыстарына және басқа да туысқан партиялардың табыстарына, олардың ынтымақтасу дәрежесіне байланысты екеніне кәміл сенеді. Әрбір коммунистік партия өзінің қызметі үшін өз жұмысшы табының және өз халқының алдында, сонымен қатар бүкіл халықаралық жұмысшы табының алдында жауапкер. Әрбір коммунистік және жұмысшы партияның ұлттық және интернационалдық жауапкерлігі — бірдей Маркстілдер-лениншілдер — сонымен қатар әрі патриоттар, әрі интернационалистер, олар ұлттық тар шеңберлікке қарсы, ұлттық мүдделерді бекерге шығаруға да немесе жете бағаламауға да, гегемонияшылдыққа бейімдікке де қарсы. Коммунистік партиялар — жұмысшы табының және барлық еңбекшілердің партиялары — сонымен қатар шын мәнісіндегі ұлттық мүдделердің ту ұстаушылары, ал бұл мүдделерді сатып кететін реакцияшыл таптарға олар мүлдем қарама-қарсы. Жұмысшы табының және оның одақтастарының өкімет билігін өз қолына алуы капитализм жағдайларында күресуші коммунистік партияның социализм және пролетарлық интернационализм ісіне қосатын аса зор үлесі болады.


Коммунистік және жұмысшы партиялары өз қызметін өте алуан түрлі, өзіндік ерекше жағдайда жүргізуде; мұның өзі нақты міндеттерді шешуге осыған сай тұрғыдан қарауды талап етеді. Әрбір партия марксизм-ленинизм принциптерін басшылыққа ала отырып, ұлттық нақты жайларды ескеріп, өз саясатын толық дербестілік жағдайында белгілейді, күрестің бағытын, формаларын және әдістерін анықтайды, жағдайға байланысты социализмге өтудің бейбіт немесе бейбіт емес жолын, сонымен бірге өз елінде социализм орнатудың формалары мен әдістерін таңдап алады. Сонымен бірге коммунистік партиялардың қызмет жағдайының алуан түрлілігі, практикалық міндеттерді шешу жөніндегі көзқарастағы айырмашылықтар және тіпті, қайсыбір мәселелер жөніндегі алауыздықтар туысқан партиялардың халықаралық аренада әсіресе, антиимпериалистік күрестің түбегейлі проблемалары жөніндегі мәселелерде келісіп, қимыл жасауына кедергі болмауға тиіс.

Әрбір коммунистік партия неғұрлым күшті және неғұрлым бірлікте болған сайын, мұндай партия ел ішінде болсын, сол сияқты халықаралық коммунистік қозғалыста болсын өз ролін соғұрлым жақсы орындай алады.

Коммунистер біздің қозғалысымыз орасан зор тарихи табыстармен қатар өз дамуының барысында соңғы жылдардың ішінде елеулі қиыншылыққа кездескенін түсініп отыр. Сөйтсе де, олар қиыншылықтың жойылатынына кәміл сенеді. Бұл сенім халықаралық жұмысшы табының перспективалық мақсаттары мен мүдделерінің ортақтығына, әрбір партия өзінің алдында тұрған проблемалардың ұлттық, сол сияқты интернационалдық мүдделерге, коммунистердің революциялық міндетіне сай келетін шешімін табуға ұмтылған талабына негізделеді. Бұл сенім коммунистердің халықаралық көлемде топтасуға ұмтылған еркіне негізделеді.

Коммунистік және жұмысшы партиялар, көзқарастарының кейбір айырмашылықтарына қарамастан, империализмге қарсы біртұтас майдан болып күресуге бекем бел байлап отырғанын растайды.

Туған алауыздықтардың кейбіреулері пікір алысудың барысында жойылады немесе оқиғалар дамуының өзі-ақ даулы мәселелер мәнісін анықтағаннан кейін өзінен-өзі жойылып кетеді. Басқа біреулері ұзаққа созылуы мүмкін. Кеңес даулы проблемалар коммунистік партиялардың барлық формадағы ынтымағын нығайту жолымен партия аралық байланыстарды ұлғайту, тәжірибені өзара зерттеу, жолдастық дискуссия жасап, консультация алысу арқылы, халықаралық аренада бірлесе қимыл жасау арқылы дұрыс шешілуі мүмкін және осылай істелуге тиіс екеніне кәміл сенеді. Әрбір партияның интернационалдық борышы — барлық партиялар арасындағы қатынасты жақсартып, өзара сенімді дамытуға барынша көмектесу, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайтуға көмектесетін жаңа күш-



жігер жұмсау. Нақты шындықты коллективтік түрде талдау осы бірлікті нығайтуға көмектеседі.

Антиимпериалистік бірлескен қимыл жасау бағытын ұстау дүние жүзілік революциялық, пролетарлық-марксистік-лениндік партиялардың идеялық-саяси ролін арттыруды талап етеді. Коммунистер революциялық азаттық және демократиялық қозғалыстардың алдыңғы қатарында қимыл жасай отырып, буржуазиялық идеологияға қарсы бұдан былай да ымырасыз күрес жүргізетін, өзінің күресі мен қол жеткен табыстары жайларының шыннайы мәнісін еңбекшілерге түсіндіріп отыратын болады. Коммунистер империализмге қарсы ойдағыдай күрес жүргізіп, өз ісінің жеңісін қамтамасыз ету үшін жұмысшы қозғалысында, халықтың қалың бұқарасында, оның ішінде жастар арасында ғылыми социализм идеяларын насихаттайды, өз принциптерін дәйектілікпен қорғап, марксизм-ленинизмнің салтанат құруына күш салады, нақты жағдайға сәйкес теория мен саясатта оңшыл және солшыл оппортунистік бұрмалаушылыққа қарсы, ревизионизмге, догматизмге және солшыл сектанттық авантюризмге қарсы күрес жүргізеді. Бұл уклондар, әдетте, күреске қамтуға болатын және қамтылуы қажет нақты күштердің маңыздылығын жете бағаламайды.

Марксизм-ленинизмге, пролетарлық интернационализмге адалдық, өз халқының мүдделеріне, социализмнің ортақ ісіне шексіз беріліп қызмет ету — коммунистік және жұмысшы партиялардың бірігіп жасайтын қимылдарының пәрменділігінің және мақсатты болуының қажетті шарты, бұл партиялардың тарихи мақсаттарына жету ісінде табысқа ие болуының кепілі.

Коммунистік қозғалыс — қазіргі қоғамның ажыратылмайтын бөлегі және бұл қоғамның ең белсенді күші. Сондықтан коммунистік және жұмысшы партияларды заңнан тыс деп жариялаушылық — халықтардың демократиялық праволары мен түбегейлі мүдделеріне қол сұққандық. Кеңеске қатысушылар өз елдерінің саяси өміріне ашық қатысу жолында күрес жүргізіп келе жатқан дүние жүзіндегі барлық коммунистік партиялардың бәрі бірдей қолдайды. Біз Индонезияда, Испанияда, Португалияда, Грецияда, Боливияда, Бразилияда, Колумбияда, Мексикада, Венесуэлада, Панамада, Парагвайда, Гватемалада, Оңтүстік Африкада, Тайландта, Гаитиде, Малайзияда, Иранда, Филиппинде және басқа да кейбір елдерде сан мыңдаған коммунистер мен демократтар құрбан болған қанішерлік жазалау мен террор шараларын барынша ашу-ызамен айыптаймыз. Біз фашистік және диктаторлық режимдердің зындандарында, капиталистік елдердің түрмелерінде азап шегіп жатқан ортақ күрестегі серіктерімізбен ынтымақтас екенімізді мәлімдейміз және оларды босаттыру жолында күрес жүргізудеміз.

Кеңеске қатысушылар бұл Кеңесті дүние жүзілік коммунистік қозғалысты топтастыру жолындағы маңызды кезең деп есептейді. Олар жекелеген коммунистік партиялардың Кеңеске қатыспауы түгелімен барлық коммунистік және жұмысшы партиялар арасындағы туысқандық байланысқа, олардың ынтымағына бөгет болмауға тиіс деп санайды. Кеңеске қатысушылар империализмге қарсы, халықаралық жұмысшы қозғалысының ортақ мақсаттары жолындағы күресте осы Кеңеске өкілдері қатыспаған коммунистік және жұмысшы партиялармен де бірлесіп қимыл жасауға бекем бел байлап отырғанын мәлімдейді.

* * *

Империализмге қарсы күрес — ұзақта табанды және ауыр күрес. Алдымызда шиеленіскен тап шайқастарының болуы сөзсіз. Империализмнің және ішкі реакцияның позициясына шабуыл жасауды күшейту керек. Революцияшыл және прогресшіл күштер сөзсіз жеңіп шығады.

Социалистік елдердің халықтары, капитал елдеріндегі пролетарлар, барлық демократияшыл күштер, азат етілген және езілген халықтар, — империализмге қарсы, бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, әлеуметтік прогресс, демократия және социализм жолындағы ортақ күресте бірігіңдер!

Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы

Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің Үндеуі

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында коммунистік және жұмысшы партиялардың Кеңесі революциялық заманымыздың мәңгі жасайтын данышпанына ой жібереді.

Лениннің есімі Ұлы Октябрь жеңісінің, дүниенің әлеуметтік бейнесін түбірімен өзгерткен, адамзаттың социализм мен коммунизмге бет бұруын бейнелеген аса ірі революциялық жеңістердің символы болып отыр.

Ленин — Маркс пен Энгельс жасаған ғылымды: диалектикалық материализмді, саяси экономияны, социалистік революция мен коммунистік қоғам орнату теориясын жан-жақты дамытқан аса көрнекті ойшыл.

Ленин — большевиктік партияны — жаңа тұрпаттағы тұңғыш пролетарлық партияны құрушы, дүние жүзіндегі тұңғыш жеңімпаз социалистік революцияның басшысы, тарихтағы тұңғыш пролетарлық мемлекеттің, советтік социалистік демократияның негізін қалаушы.

Ленин — империализмге және реакцияға қарсы, ортақ тап жауына қарсы шайқастарда еңбекшілердің барлық отрядтарының қимыл-бірлігін қорғаған қажырлы күрескер; нәсілшілдік пен шовинизмнің қандай көріністерін болса да ашу-ызамен айыптаған дәйекті интернационалист, халықтар арасындағы теңдіктің, бейбітшіліктің, достықтың жақтаушысы; барлық езілген ұлттардың досы, — отаршылдыққа қарсы, халықтардың тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы, олардың өз тағдырларын өздері белгілеу правосы жолындағы күрестің жеңімпаз жолын ашып берген досы.

Халықаралық жұмысшы табының жұрт таныған көсемі Ленин: пролетариат — капитализмді құлатудың және қоғамды социалистік жолмен қайта жаңғыртудың дүние жүзілік тарихи міндетін орындауға қабілетті жетекші күш, деп білді. Ол жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы ілімді талдап жасады. Жұмысшы қозғалысының бірлігін жақтай отырып, Ленин оппортунизмнің барлық түрлеріне де ымырасыз болды.

Ленинизмнің ықпалы арқасында жұмысшы табына, халыққа, социализм ісіне шексіз берілген коммунистер ұрпағы өсті. Лениннің өмірі мен қызметі, оның революционер, жолдас, адам ретіндегі тамаша қасиеттері бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған революцияшыл жауынгерлер үшін ерқашанда рух беруші өнеге бола мақ.

Ленинизм туы астында көп елдердегі революциялық қозғалыс жаңа дәрежеге көтерілді, коммунистік партиялар құрылып, нығайды. Халықаралық коммунистік қозғалыс осы заманның шын мәнісіндегі бүкіл дүние жүзілік, нағыз ықпалды саяси күшіне айналды.

Дүние жүзілік социализмнің, жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысының бүкіл тәжірибесі маркстік-лениндік ілімнің, халықаралық маңызын қуаттап берді. Бір топ елдердегі социалистік революцияның жеңісі, социал-

низмнің дүние жүзілік системасының пайда болуы, капитал елдеріндегі жұмысшы қозғалысының жеңістері, бұрынғы отар және жартылай отар халықтарының дербес қоғамдық-саяси қызмет аренасына шығуы, антиимпериалистік күрестің бұрын болып көрмеген өрлеуі — осының бәрі қазіргі заманның түбегейлі қажеттерін білдіретін ленинизмнің тарихи дұрыстығын дәлелдеді.

Бүгін таңда біз толық дәлелмен оның өзі марксизмді сипаттаған сөздермен Лениннің ілімі туралы айта аламыз; бұл ілім — ең құдіретті ілім, өйткені ол дұрыс ілім. Маркстік-лениндік теория, оны нақты жағдайларда творчестволықпен қолдану дүние жүзілік революциялық қозғалыстың отрядтары қай жерде қимыл жүргізсе де, олардың алдында тұрған мәселелерге ғылыми жауап әзірлеп шығаруға мүмкіндік береді.

Марксизм-ленинизмге — ұлы интернационалдық ілімге адалдық — коммунистік қозғалыстың одан сайын табыстарға жетуінің кепілі.

Коммунистер дұшпандардың қандайына болса да қарсы күресте марксизм-ленинизмнің, пролетарлық интернационализмнің революциялық принциптерін берік қорғауды, бұл принциптерді үздіксіз жүзеге асырып отыруды, маркстік-лениндік теорияны үнемі дамыта беруді, оны тап күресінің және социалистік қоғам орнатудың қазіргі уақыттағы тәжірибесі негізінде байытып отыруды өздерінің міндеті деп біледі. Коммунистер әрқашанда ленинизмнің творчестволық рухына адал бола береді.

Жақындап келе жатқан лениндік мереке — бүкіл дүние жүзілік маңызы бар тарихи күн. Коммунистік және жұмысшы партиялар бұл күнді өзінің революциялық қызметін жандандыру жағдайында қарсы алып, бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмысты күшейтумен, өз қатарын ұлғайтып, нығайтумен атап өтеді. Олар еңбекшілердің революциялық жігерін империализмге қарсы, социализмнің жарқын мұраттары жолындағы күреске жұмылдыру үшін өздерінің барлық күшін жұмсайды.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесіне қатысушылар барлық коммунистерді, қоғамды социалистік жолмен қайта жаңғырту жолындағы барлық күрескерлерді, прогресс пен бейбітшілікті жақтаушылардың бәрін ұлы Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты түрде атап өтуге шақырады. Лениннің еңбектерін оқып-үйреніңіздер! Ол еңбектерден сіздер реакцияға және езушілікке қарсы, социализм мен бейбітшілік жолындағы күрес үшін шабыттың сарқылмас қайнар бұлағын табасыздар. Бұл еңбектермен танысу жас ұрпақтың заманымыздың революциялық перспективаларын неғұрлым айқын көруіне көмектеседі. Ленинизмнің жетістіктерін, социалистік елдердің, коммунистік партиялардың, барлық революциялық күштердің табыстарын неғұрлым кеңінен насихаттаңыздар!

Барлық елдердің еңбекшілері, бүкіл дүние жүзінің халықтары!

Лениндік мұраттардың салтанаты үшін сіздерді жұмысшы табының бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік және социализм жолындағы ұлы әрі ізгі шайқасына белсене қатысуға шақырамыз!

Дүниені революциялық жолмен қайта жаңғырту жолындағы күресте ленинизм туын онан сайын жоғары көтерейік!

Ленинизм жасасын!

1969 жылғы 17 июнь.

Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін және Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын!

Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің Үндеуі

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі туысқан вьетнам халқына жалынды жауынгерлік сәлем жолдайды және оны Америка Құрама Штаттарының агрессиясына қарсы күрестегі тарихи жетістіктерімен шын жүректен құттықтайды.

Біз вьетнам халқының авангардына, Вьетнам Еңбекшілер партиясына және оның Орталық Комитетіне, ұлы патриот және интернационалист, халықаралық коммунистік қозғалыстың аса көрнекті қайраткері Хо Ши Мин жолдасқа өзіміздің айрықша сәлемімізді жолдаймыз. Вьетнамның Еңбекшілер партиясы — Америка Құрама Штаттары империализмінің агрессиясына қарсы күрестегі жігерлендіруші және басшы күш. Ол ұлттық мүдделерді және социализмнің Оңтүстік Шығыс Азиядағы қамалын дәйектілікпен қорғап жатыр.

Біз Оңтүстік Вьетнам халқының заңды өкілі, Америка Құрама Штаттарының агрессиясына қарсы қарсыласудың қаһармандық күресіндегі сыннан өткен ұйымдастырушы және көсемі Оңтүстік Вьетнам Азаттығының Ұлттық Майданына жалынды сәлемімізді жолдаймыз. Оңтүстік Вьетнам Азаттығы Ұлттық Майданының саяси программасы — Оңтүстік Вьетнамның бүкіл халқын оның әділетті азаттық күресінде біріктірудің негізі.

Оңтүстік Вьетнам Азаттығының Ұлттық Майданы Орталық Комитетінің 1969 жылғы 8 майда ұсынған, 10 пункттен тұратын «Вьетнамдағы бейбітшілікті қалпына келтіруге қосылатын үлес ретінде Оңтүстік Вьетнам проблемасын жалпы шешудің принциптері мен басты мазмұны» деген программаны халықаралық Кеңес сөзсіз қолдайды.

Бұл программа Вьетнам жөніндегі 1954 жылғы Женева келісімінің негізгі принциптеріне және Вьетнамдағы қазіргі жағдайға негізделген. Ол Оңтүстік Вьетнам Азаттығы Ұлттық Майданының 5 пункттен тұратын саяси программасы мен позициясын басшылыққа алған және Вьетнам Демократиялық Республикасы үкіметінің 4 пункттен тұратын позициясына сай келеді. Оңтүстік Вьетнам проблемасының ұсынылған шешімі вьетнам халқының ұлттық праволары мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мүдделеріне сай келеді. Ол ұсыныс Оңтүстік Вьетнам халқының өзін-өзі билеуі правосына және Вьетнамда баянды бейбітшілік орнауына кепіл болады, сонымен қатар Үндіқытайдың басқа халықтарының да мүдделеріне сай келеді.

Вьетнам халқының өз отанын қорғау үшін күрес жүргізу правосы — барлық халықтардың өзін-өзі қорғауының қасиетті және қол сұғылмайтын правосы.

Вьетнам халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі халықтардың мейлінше құрметтеген және сүйсінген сезімін туғызады. Вьетнам халқының табандылығы, қаһармандығы және жеңіп шығатынына кәміл сенімі империализмге қарсы, бейбітшілікті сақтау жолындағы, халықтарды қанау мен тепкіден азат ету жолындағы күресте өнеге және жігерлендіруші қуат. Вьетнам халқы өз Отанын қорғай отырып, мұнымен бірге интернационалдық борышын атқаруда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етудің игілікті ісіне қызмет етуде. Вьетнам халқының осы барынша әділетті күресінде біз берік және дәйекті түрде ынтымақтасып, вьетнам халқын батыл жақтап келдік, қазір жақтап отырмыз, бұдан былай да жақтай береміз.

Вьетнам халқының Америка Құрама Штаттарының агрессиясына қарсы қаһармандық күресі — социализм мен империализм арасындағы, прогресс пен реакция күштері арасындағы бүкіл дүние жүзілік күрестің өте маңызды құрамдас бөліктерінің бірі.

Америка Құрама Штаттарының империалистік күштері Вьетнамда қарулы интервенция жасай отырып, Азиядағы социалистік қамалдардың бірін киратуға, Үндіқытай халықтарының бейбітшілікке, бостандыққа және прогреске ұмтылған жолын бөгеп тастауға, Азиядағы, Африкадағы және Латин Америкасындағы революциялық ұлт-азаттық қозғалысына соққы беруге, социалистік елдердің және барлық антиимпериалистік күштердің ынтымағының беріктігін сынап көруге әрекеттенді.

Империализмнің бұл жоспарларының күйрейтіні сөзсіз.

Социализм елдерінің, ең алдымен Совет Одағының, сондай-ақ дүние жүзіндегі барлық бейбітшіл халықтардың орасан зор қолдауы нәтижесінде вьетнам халқы Америка Құрама Штаттарына, империализмнің осы ең басты күшіне оның қуаттылығы шексіз еместігін көрсетіп берді.

Американ интервенттерінің вьетнам халқына қарсы айуандық қылмыстары, биологиялық, химиялық және жаппай қырып жоютын басқа құралдарды қолдануы — осы бір халықты тұқымымен шын мәнісінде құртушылық — адамзаттың ар-ожданын ашындырған наразылығын туғызып отыр. Мұның өзі империализмнің шынайы, адамгершілікке жат мәнісін барлық халықтарға айқын көрсетіп берді.

Осының бәрі ең қалың топтар арасында, оның ішіндегі капиталистік кейбір елдердің билік жүргізуші топтарында агрессордың барған сайын неғұрлым күшті саяси және моральдық оқшаулануына әкеп соқты. Америка Құрама Штаттарының өзінде халықтың барған сайын неғұрлым қалың топтары Вьетнамдағы ылаң соғысқа қарсы шығып отыр, бұл соғыстың зардаптары американ қоғамын дүр сілкіндірді.

Вьетнам халқының қаһарман эпопеясы — халықтардың империализмге қарсы қозғалысын белгілейтін факторлардың бірі, мұның өзі сонымен бірге жастар мен студенттердің айбынды қимылдарынан да байқалып отыр.

Агрессор орасан зор соғыс машинасын пайдаланғанына қарамастан, Вьетнам Демократиялық Республикасының территориясын бомбалауды ешбір шарт қоймастан тоқтатуға және Оңтүстік Вьетнам Азаттығы Ұлттық Майданының тең праволы қатысуымен төрт жақты келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Оңтүстік Вьетнам ұлт-азаттық Қарулы күштері Америка Құрама Штаттарының интервенттері мен оның қолжаулықтарына үздіксіз ауыр соққы беріп жатыр. Территорияның басым бөлігінде халық өкіметі орнатылды. Банкрот болған қолжаулық тәртіп Америка Құрама Штаттары империализм найзасының күшімен ғана сақталып отыр.

Бұл — қаһарман вьетнам халқының, дүние жүзілік социализм системасының, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының, барлық бейбітшіл және прогресшіл күштердің маңызды табысы.

Вьетнамның ойдағыдай жүргізіп отырған күресі күштердің халықаралық арасалмағының өзгергенін, социализм, демократия және ұлттық азаттық күштері қуатының, дүние жүзілік көлемде артып отырғанын көрсетеді.

Вьетнамның Америка Құрама Штаттарының агрессиясына қарсы күресін қолдаған кең қозғалыстан халықаралық коммунистік қозғалыстың, сонымен бірге барлық антиимпериалистік күштердің адамзаттың ортақ жауына — империализмге қарсы күресте топтасып, қимыл бірлігін қамтамасыз етуге ұмтылған талабы айқын және нақты бейнеленді.

Вьетнам патриоттарының күресі: империализмге қарсы, бостандық пен тәуелсіздік жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқан және өзін Совет Одағы, барлық социалистік елдер, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіл күштер жақтап отырған халық — жеңілмейтінін көрсетті.

Ортақ жауға, империализмге қарсы күресте халықаралық коммунистік қозғалыстың және барлық антиимпериалистік күштердің бірлігі мен топтасқандығы неғұрлым берік болған сайын, олардың табысы да солғұрлым зор болады.

Коммунистік және жұмысшы партиялар халықтардың бостандығын қорғау туын неғұрлым батыл көтеріп, империалистік агрессия саясатына қарсы күресте басшылық еткен сайын халық бұқарасының антиимпериалистік қозғалысы солғұрлым кеңінен және пәрменді өрістетіледі.

Америка Құрама Штаттарының милитаристік топтары ауыр жеңілістерге ұшырағанына қарамастан, Вьетнам жөніндегі жаңа отаршылдық агрессияшыл жоспарларынан әлі де бас тартқан жоқ және Вьетнам мәселесін соғыс жолымен шешуге одан әрі әрекет жасап келеді. Американ милитаристік топтары соғыс жанжалын ұлғайтудың хауіпті жолынан қасарысып таймай отыр. Мұны Лаос территориясын барған сайын неғұрлым күшті бомбалауы және бейтарап Камбоджаға қарсы ұдайы жасап отырған арандату әрекеттері дәлелдеп отыр.

Америка Құрама Штаттарының үкіметі мен оның Париждегі өкілдері Вьетнам Демократиялық Республикасының үкіметі мен Оңтүстік Вьетнам Азаттығы Ұлттық Майданының, ең алдымен, Америка Құрама Штаттары мен Оңтүстік Вьетнамдағы агрессияға қатысушы басқа елдердің әскерлерін толық және сөзсіз әкету жайындағы әділетті талаптары туралы іскерлікпен және нақты келіссөз жүргізуден қасара бас тартып келеді. Олар мұның орнына көпірме сөзді айланың көмегімен халықаралық жұртшылықты шатастырып, қысым жасау жолымен ұрыс алаңында жете алмаған табыстарға келіссөз столы жанында жетпек.

Олар Америка Құрама Штаттары мен оның сыбайластарының әскерлерін Оңтүстік Вьетнамнан толық және сөзсіз әкету туралы негізгі мәселені шешуден жалтарып, әскерлерді екі жақ та әкетсін дегенді қасара талап етіп келеді. Сөйтіп агрессор агрессияның құрбанымен бірдей етілмек. Алайда Америка Құрама Штаттарының империализмі Вьетнамдағы агрессияны өзі тұтандырып, одан әрі жүргізіп отырғанын ешқашан да бүркемелей алмайды.

Вьетнамдағы американ интервенциясы — бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке ұдайы төндіріліп отырған хауіп, бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, демократия және әлеуметтік прогресс жолында күрес жүргізіп жатқан барлық халықтарға тікелей қыр көрсеткендік. Пролетарлық интернационализм принциптерінен айнымайтын халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысы бұдан былай да туысқандық ынтымақ рухында вьетнам халқының әділетті ісі түпкілікті жеңіске жеткенге дейін оған не қажетті көмектің бәрін көрсете береді. Сөйтіп коммунистік және жұмысшы партиялар бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне, бостандық пен социализм ісіне еселеп үлес қоса бермек.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі вьетнам халқының негізгі ұлттық праволарын қамтамасыз еткенде ғана Вьетнам проблемасын әділетті шешуге болатынын барынша батыл мәлімдейді.

Қазір, вьетнам халқының күресі маңызды кезеңге қадам басқан шақта, Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Оңтүстік Вьетнам Азат-

тығы Ұлттық Майданының бастамалары нәтижесінде жағдайды әділетті саяси жолымен реттеу үшін не қажетті жағдайдың бәрі жасалған шақта, біз мынаны талап етеміз:

— Америка Құрама Штаттары Париждегі төрт жақты конференцияда берекесіздік туғызатын позициясынан бас тартуға тиіс;

— Америка Құрама Штаттары Вьетнамдағы агрессияшыл әрекеттерін дереу тоқтатып, өз әскерлерін, сол сияқты өз сыбайластарының әскерлерін де Оңтүстік Вьетнамнан толық және сөзсіз әкетуге тиіс;

— Америка Құрама Штаттары Оңтүстік Вьетнам халқының өзінің ішкі істерін шет елдің араласуынсыз дербес шешу провасын тануға тиіс;

— Америка Құрама Штаттары Вьетнам Демократиялық Республикасының суверенитеті мен хауіпсіздігіне қарсы бағытталған қимылының бәрін тоқтатуға тиіс;

— Америка Құрама Штаттары Лаостағы істерге араласуы мен агрессиясын тыюға, Камбоджаның территориясының тұтастығын бұзуды тоқтатуға, оның шекараларын танып, Оңтүстік Шығыс және Шығыс Азия мемлекеттері жөніндегі агрессиялық мақсаттарынан бас тартуға, 1954 және 1962 жылдардағы Женева келісімдерін қатаң сақтауға тиіс.

Біз Тайландтан, Жаңа Зеландиядан, Австралиядан және Оңтүстік Кореяның қолжаулық өкіметінен, сондай-ақ Германия Федерациялық республикасы мен Жапониядан Америка Құрама Штаттарының Вьетнамдағы агрессиясына ашықтан-ашық немесе бұқпантайлап қатысуын тоқтатуды талап етеміз!

Біз сан миллион коммунистер армиясының атынан барлық адал ниетті адамдарды, бейбітшілікті, әділеттілікті, халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін қымбат тұтатындардың барлығын мынаған шақырамыз.

Американ империализмінің Вьетнамдағы қылмысты соғысына қарсы наразылық үшін бүкіл дүние жүзінде бұрынғыдан да батыл естіртіңіздер!

Қаһарман вьетнам халқымен ынтымақтың халықаралық қозғалысына барынша белсене қатысыңыздар!

Америка Құрама Штаттары мен оның итаршыларының әскерлерін Вьетнамнан әкетуді талап етіңіздер!

Вьетнам мәселесін вьетнам халқының бұлжымайтын праволарын қамтамасыз ету негізінде бейбіт жолмен дереу шешуді талап етіңіздер!

Оңтүстік Вьетнам Азаттығы Ұлттық Майданының 10 пунктін қолдаңыздар!

Біз Америка Құрама Штаттарының агрессиясына қарсы күрес жүргізіп жатқан вьетнам халқын қолдаған антиимпериалистік және бейбітшіл күштердің жаңа сан алуан, бұрынғыдан да анағұрлым қуатты және үйлестірілген қимылын дереу өрістетуге шақырамыз!

Интервенттерге және олардың итаршыларына арналған солдаттарды, қару-жарақты және материалдарды тасудан бас тартыңыздар!

20 июльді, Женева келісімдеріне қол қойылған жылдықты, Вьетнаммен ынтымақтың Халықаралық күніне, Америка Құрама Штаттарының агрессиясын тоқтаттыру жолындағы күрес күніне айналдырайық!

Тәуелсіздік пен бостандығы жолында жанқиярлықпен күресіп жатқан қаһарман вьетнам халқының абыройы, даңқы арта берсін!

Халықаралық ынтымақ туын жоғары ұстайық!

Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін, Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын!

Вьетнам халқының әділ ісі жеңіп шығады!

Москва, 1969 жылы 10 июнь.

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОҢТҮСТІК ВЬЕТНАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ УАҚЫТША РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММАСЫ

Коммунистік және жұмысшы партиялардың Москвада бас қосқан Кеңесі Оңтүстік Вьетнам Республикасының Уақытша революциялық үкіметі құрылғанын қызу құттықтайды. Кеңеске қатысып отырған 75 партия бұл оқиғаны вьетнам халқының қаһармандық азаттық күресіндегі жаңа және маңызды кезең деп біледі. Олар вьетнам халқының күресін толық жеңіске жеткенге дейін ұдайы қолдап отыратынына Оңтүстік Вьетнам Республикасының Уақытша революциялық үкіметін, бүкіл вьетнам халқын сендіреді.

12 июнь 1969 ж.

Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Үндеу

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІ 1969 ЖЫЛҒЫ 16 ИЮНЬДЕ ҚАБЫЛДАҒАН

Біз, коммунистік және жұмысшы партиялардың Москвадағы халықаралық Кеңеске жиналған өкілдері, дүние жүзінің халықтарына, сенімі мен саяси көзқарасы қандай да болсын барлық адамдарға үндеуімізді арнап, бейбітшілікті қорғау және нығайту үшін бірлесіп қимыл жасауға шақырамыз.

Ең маңызды іс үшін — адамзаттың болашағы үшін күрес жүргізіліп жатыр. Қазіргі ғасырымыздың алғашқы жартысында дүние жүзілік екі соғыс 70 миллионнан астам адамды қазаға ұшыратып, гүл жайнаған мыңдаған қалалар мен селоларды жер бетінен құртып жіберді. Хиросиманың үстінде аспанға көтерілген саңырауқұлақ тәрізді масқара атом бұлаты — егер империализмнің дүние жүзілік үшінші соғысты бастауы мүмкін болса, бұл соғыстың қандай зардапқа әкеп соғуы мүмкін екендігінен сақтандыратын қайғылы ескертпе.

Қазіргі жағдайда, ядролық бомбалардың қандай да болсын континентке санаулы минуттың ішінде-ақ жетіп, орасан үлкен территорияны тыптып етуі мүмкін болып отырғанда дүние жүзілік жанжалдың мәнісі —

жүздеген миллион адамды қырғынға ұшыратып, дүние жүзілік цивилизация мен мәдениеттің асыл қазынасын күл-талқан еткендік болар еді.

Соғыстар, агрессия мен зорлық әрекеттері, халықтардың бостандығына қол сұғу әрекеті — мұның бәрінің де түпкі тамыры империализмнің саясатында.

Дәл осы империализм, ең алдымен американың империализмі, жанталаса қарулануды үдетіп жатыр, халықаралық шиеленісті күшейтіп, жер жүзінің әр түкпірінде жанжал мен жергілікті соғысты өршітіп жатыр. Халықтар бостандығының қас жауы — американың империализмі — барлық құралдарды пайдалану арқылы ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаныштауға тырысып, реакциялық төңкерістерді ұйымдастыруда, халыққа жат режимдерді еріксіз таңып, қолдауда.

Американың империалистері көп жылдан бері Вьетнамда нағыз жауыздық құралдарды қолданып, агрессиялық соғысты жүргізіп келеді.

Израильдің араб халықтарына қарсы агрессиясы салдарынан Таяу Шығыстағы шиеленістің хауіпті ошағы қалпында сақталып, оның қай мезетте болса да соғыс өртін тұтандыруы ықтимал болып отыр.

Империализмнің Кубаға қарсы, Корея жағалауындағы, Азияның, Африканың, Латын Америкасының көптеген мемлекеттеріне қарсы тіміскі арандату әрекеті бейбітшілікке үнемі қатер төндіріп жүр.

Европаның орталығында Батыс Германияның соғысқұмар империализмі күш жинап, неонацизм бас көтеріп жатыр. Гитлерлік Германияның талқандалуынан қажетті сабақ алмаған Бонның билеп-төстеуші топтары агрессияшыл НАТО блогына сүйеніп және американың империализмімен тығыз одақта әрекет жасап, кекшілдік саясатын жүргізуде, ядролық қаруға жармасып, Европаның барлық халықтарының хауіпсіздігіне қатер төндіруде.

НАТО-ға кірген әр түрлі елдерде және Испанияда американың империалистеріне берілген соғыс базалары Европадағы бейбітшілікке қатер төндіріп отыр.

Монополистік капиталдың пайда табуына бола жүргізіліп жатқан агрессия мен соғыс саясаты капиталистік елдердің өздерінде де қалың халық бұқарасын қанаушылықты күшейтуде, нәсілдік кемсітушілікті өршітіп, өрескел озбырлықты дәріптеуде, демократиялық бостандыққа шек қойып, халық бұқарасының төл мүдделеріне қатерін төндіруде. Экономиканы милитарландыру орасан көп материалдық қаражатты жалмап отыр, тұрмыс дәрежесін төмендетіп, еңбекші адамдардың иығына зілдей ауыртпалық түсіріп отыр. Жүздеген миллион адам ашаршылық пен қайыршылықтан азап шегіп отырғанда, адамзат алдындағы болашаққа жаңа өріс ашқан ғылым мен техниканың асқан зор жетістіктерінің бүліншілік мақсатына жұмсалып жатқаны үшін империализм айыпты.

Міне, сондықтан бейбітшілік жолындағы күрес халықтардың бостандығы, прогресс пен демократия жолындағы, жат елдік озбырлықтан, отаршылдық пен жаңа отаршылдықтан, реакция мен фашистік диктатурадан құтқару жолындағы күреспен ұштасып отыр.

Баянды бейбітшілік бүгін таңда утопия емес, мұның өзі әбден жетуге болатын мақсат. Қазір дүние жүзінде соғысқа қарсы, шиеленісті бәсеңдету және халықаралық ынтымақты кеңінен дамыту жолында қимыл жасап отырған қуатты қоғамдық және саяси күштер бар. Социализмнің тұңғыш елі — Совет Одағының және басқа социалистік мемлекеттердің дәйекті бейбітшіл саясаты, капитал елдеріндегі еңбекшілер күресінің күшеюі, ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуі, дүние жүзілік демократияшыл жұртшылықтың қалың топтарының, бейбітшілікті жақтаушылардың қимылдары дүние жүзілік жаңа соғыстың сөзсіз шығу мүмкіндігін жойып, халықтардың бейбітшілікке ұмтылған талабын жүзеге асыруға нақты мүмкіндік жасап отыр.

Империализм енді дүние жүзінің тағдарын өзінше озбырлықпен билей алмайды. Американың агрессорлары Вьетнам Демократиялық Республикасын бомбалауды тоқтатып, келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Жер бетінде

суда және космос кеңістігінде ядролық қаруды сынаудан бас тарту туралы договор жасалып, ядролық қаруды таратпау туралы договорға қол қойылды. Демек, халықтар белсене және топтасып қимыл жасаған уақытта, нақты нәтижеге жетуге болады.

Империализм өзiрге өмiр сүрiп отырғанда соғыс жанжалының хаупi қалпында сақтала беретiн болса да, әлеуметтік құрылысы әр түрлi мемлекеттердiң бейбiт қатар өмiр сүруi — бiздiң заманымызда нақтылы iс. Бiрақ бейбiт қатар өмiр сүру халық бұқарасының империализмге қарсы, империализмнiң күш көрсету тұрғысынан жүргiзетiн саясатына қарсы үнемі және қажырлы күрес жүргiзуiн талап етедi.

Социалистiк мемлекеттердiң бейбiт бастамасы да, Оңтүстiк Вьетнамның қалың нуларындағы Вьетнам патриоттарының жеңiмпаз шайқасы да, Еуропа мен Американың қалаларындағы соғысқа қарсы манифестация да, жапон халқының америкалық соғыс базаларына қарсы күресi де — бейбiтшiлiк жолындағы күрес, монополиялардың өктем озбырлығына қарсы шыққан жұмысшы табының қимылы да, әскери топтардың диктатураларына Латын Америкасы халықтарының қарсылық көрсетуi де, Азия мен Африка елдеріндегi отаршылдыққа қарсы қозғалыстар да, Америка Құрама Штаттарындағы негр халқының өз праволары жолындағы күресi де бейбiтшiлiк iсiне қызмет етiп келедi. Бұл күреске қатысып жүрген әрбiр адам, мейлi ол жұмыс киiмiн киген жұмысшы болсын, жер өңдеушi немесе лабораторияда еңбек етушi болсын, бейбiтшiлiктi қорғаудың ортақ iсiне үлес қосып отыр.

Бiз сөзiмiздi еңбекшi адамдарға — жұмысшыларға, шаруаларға, интеллигенцияға, ғылым мен мәдениет қайраткерлерiне, адамзаттың еңбегi мен творчестволық қимылының жемiстерiн аман сақтап, еселеп арттыруды көздейтiн барлық адамдарға;

өз балаларының болашағына қамқорлық жасап отырған аналар мен әкелерге;

мәртебесi биік жоспарлары мен армандарын жүзеге асыруға, өз елдерiн көркейту iсiне күшi мен жiгерiн арнауға ұмтылып отырған жастар мен студенттерге;

өз халықтарының тағдыры үшін алаң болып отырған парламент мүшелерiне, мемлекеттік және саяси қайраткерлерге;

саяси партияларға, кәсiподақтарға, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға;

дiни қауымдар мен бiрлестiктерге, дiни сенiмi әр түрлi адамдарға; бейбiтшiлiктi қорғау жолындағы қозғалыстарға және соғысқа қарсы науқандарға қатысып жүргендерге;

барлық еркектер мен әйелдерге арнап, оларды:

Америка Құрама Штаттарының Вьетнамдағы агрессиясын тоқтатуды, Американың әскерлерiн әкетудi, вьетнам халқының праволарын құрметтеудi — Вьетнамға тәуелсiздiк, азаттық берудi және Вьетнамда бейбiтшiлiк орнатуды талап етуге;

Израильдiң Таяу Шығыстағы агрессиясының зардаптарын Бiрiккен Ұлттар Ұйымы Хауiпсiздiк Советiнiң қарары негiзiнде жоюға күш салуға;

отаршылдық пен жаңа отаршылдықты толық жою жолында, барлық езiлген халықтарды тәуелсiздiкке жеткiзу жолында, Португалия отаршыларының соғыстарын тоқтаттыру, Оңтүстiк Африкадағы және нәсiлшiлдiк көрсетiлiп отырған жердiң бәрiндегi масқара нәсiлшiлдiктi жою жолында, сатқын режимдердi — шетелдiк монополиялардың отаршы малайларын құрту жолында күрес жүргiзуге;

мемлекеттердiң әлеуметтік құрылысы қандай болса да, олардың бейбiт қатар өмiр сүру принциптерiн толық жүзеге асыру жолындағы, халықаралық шиеленiстi бәсеңдетiп, шешiлмеген халықаралық мәселелердi келiссөз жүргiзу арқылы реттеу жолындағы, халықтардың тәуелсiздiгi мен суверенитетiне, олардың өз тағдырын өзi билеу правосына империалистердiң қол

сұғуына қарсы, елдердің арасында көлемді, тең праволы ынтымақты дамыту жолындағы күресте күш-жігерді еселеп арттыруға шақырамыз.

Біз дүние жүзілік соңғы соғыстың жан түршіктіретін апатын бастан кешіріп, жадында сақтап отырған барлық адамдарға, Европадағы бейбітшілікті қорғаушы барлық адамдарға, оның ішінде Батыс Германияның бейбітшіл қоғамдық күштеріне үндеуімізді арнап, оларды мынаған шақырамыз:

Германия Федерациялық Республикасы жүргізіп отырған территорияға көз аларту саясатына, оның ядролық қаруды алуға тырысқан әрекетіне жол бермей, неонацизмнің күштерін кері шегінуге мәжбүр етейік!

Европада дүние жүзілік екінші соғыстың нәтижесінде қалыптасқан нақты жағдайды тану, қазіргі шекараны қалпында сақтау, Герман Демократиялық Республикасын тану — Европа континентінде баянды бейбітшілік орнатудың сөзсіз шарттары осындай.

Европада коллективтік хауіпсіздіктің пәрменді системасын құру және дүниені соғыс топтарына бөлшектеуді жою жолындағы, халықтардың арасында ынтымақ пен өзара түсінісу жағдайын орнату жолындағы күресті өрістетейік. Варшава Договорына қатысушы мемлекеттердің Будапештегі кеңесі ұсынған мемлекеттердің жалпы Европалық кеңесін өткізу осыған жол салған болар еді.

Жер бетіндегі бейбітшілік «үрейленушілікті тең дәрежеде сақтауға» сүйеніп отыра алмайды. Жанталаса қарулануды тоқтатпайынша, баянды бейбітшілік болуы мүмкін емес.

Жер жүзінің әр түрлі аудандарында атом қаруы болмайтын аймақтар құруға, ядролық қаруды сынаудың қандайына болса да тыйым салуға, ядролық қаруды таратпау туралы договорды тезірек күшіне енгізуге және бұл договорға барлық мемлекеттерді қатыстыруға, ядролық қаруға тыйым салып, оның запасын құртуға күш салу қажет.

Бөтен жерлердегі соғыс базаларын жойып, елдерді өздеріне күштеп таңылған агрессиялық соғыс шарттарынан құтқаруды, химиялық және бактериологиялық қарудың барлық түрлеріне пәрменді халықаралық тыйым салуды талап ету қажет.

Жаппай және толық қарусыздануға дәйектілікпен, қажырлы жігермен күш салу қажет.

Біз, коммунистер, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықтың лениндік идеяларына шексіз берілген адалдықты басқа түскен барлық сын кезінде сақтап келдік. Біз милитаризм, агрессия және соғыс саясатына қарсы шығып отырғандардың барлығымен де бірге адамзаттың осы мәртебелі, ортақ мақсаттары жолында бүгін таңда да, бұрынғысынша күрес жүргіземіз. Бұл мақсат үшін біз алуан түрлі қоғамдық және саяси күштермен байланысты дамытып, ынтымақтасуға әзірміз.

Барлық прогресшіл бейбітшіл күштердің бірлігі — замана талабы. Біз біртұтас топтасып, жер бетінде бейбітшіліктің қасиетті ісінің жеңіске жетуін қамтамасыз етеміз!

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Осыдан екі жыл бұрын Израиль Біріккен Араб Республикасына, Иорданияға және Сирияға қарсы ашықтан-ашық агрессия жасады. Империализм, ең алдымен америка империализмі, дүние жүзілік реакция және сионистік топтар қолдаған Израильдің билеп-төстеуші топтары сол кезден бері агрессияның барысында арабтан басып алған территорияны оккупациялап алып, Біріккен Ұлттар Ұйымының, оның ішінде Хауіпсіздік Советінің шешімдерін орындаудан бас тартумен келеді, экспансия мен аннексия саясатын жүргізіп отыр, өзі басып алған аудандарда араб халқына қарсы жазалау шараларын жүргізіп, соғысқа арандататын әрекеттерін үсті-үстіне жасап келеді.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі Израильдің тыйымай отырған агрессиясын батыл айыптайды: бұл агрессия араб халықтарының ұлттық праволарын, оның ішінде Палестинадағы араб халқының заңды праволарын өрескел бұзғандық, Біріккен Ұлттар Ұйымының агрессияны айыптайтын Уставын өрескел бұзғандық.

Араб халықтары агрессияға қарсы әділетті күресінде социалистік елдерден, ең алдымен Совет Одағынан пәрменді қолдау көріп келеді. Бұл күресте оларды дүние жүзілік коммунистік қозғалыс, ұлт-азаттығының күштері және капиталистік елдердегі қоғамдық пікірдің барған сайын анағұрлым қалың топтары қолдап отыр.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың Кеңесі бұл ауданда, оккупацияланған бүкіл арабтық территориялардан Израиль әскерлерін әкетіп, Хауіпсіздік Советінің 1967 жылғы 22 ноябрьдегі қарарын толық жүзеге асырған жағдайда ғана бейбітшілік пен тыныштық орнауы мүмкін деп санайды.

Кеңес барлық дүние жүзінің прогресшіл күштерін араб халықтарына пәрменді қолдау көрсетуге және олардың әділетті күресі мен ынтымағын күшейте түсуге шақырады.

Москва, 1969 жылғы 7 июль.

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

75 коммунистік және жұмысшы партияларының Москвада жиналған өкілдері грек коммунистерін, демократтарын және хунтаға қарсы шыққан басқа да гректерді террорға ұшыратудың, сот арқылы қатал қудалаудың, жаппай қамлауға алып, азаптаудың жаңа әрекеті басталғанына қатты ашынып отыр.

Америка Құрама Штаттары империалистерінің және агрессияшыл НАТО блогының көмектесуімен реакцияшыл әскерлер грек халқына күштеп таңған диктаторлық өкімет Грецияның демократияшыл күштеріне, ең алдымен өз отанының бостандығы, тәуелсіздігі және бақытты болашағы жолындағы дәйекті күрескерлер — коммунистерге өрескел жазалау шарасын қолданып жатыр.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың кеңесіне қатысушылар әскери-фашистік диктатураға қарсы күрес жүргізіп отырған Грецияның коммунистерімен және демократтарымен туысқандық ынтымақта екенін білдіреді. Кеңес барлық елдердегі еңбекшілердің қалың бұқарасын, демократияшыл және прогресшіл күштерді жазалау әрекетінің тоқтатылуын және Грецияның барлық саяси тұтқындарының дереу босатылуын батыл талап етуге шақырады.

Москва, 12 июнь 1969 жыл.

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ИНДОНЕЗИЯ КОММУНИСТЕРІНЕ ҮНДЕУІ

Біздер, коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық Кеңесіне қатысушылар миллиондаған коммунистердің атынан өзіміздің индонезиялық жолдастарымызға туысқандық революциялық сәлем жолдаймыз!

Дүние жүзілік реакциямен одақтасқан Индонезияның реакцияшыл күштері антикоммунизмді өз саясатының негізі деп жариялап, коммунистік партияның басшыларын аяусыз атып-асты, жүздеген мың коммунистер мен басқа да патриоттарды қырып-жойып, олардың семьяларын қуғын-сүргінге ұшыратты. Индонезиядағы қанды қырғын міне төрт жылдан бері тоқталмай келеді. Мыңдаған патриоттар түрмелерге, концлагерьлерге қамауға алынды, елдің құлазыған аудандарына жер аударылды. Индонезияның қазіргі билеп-төстеушілері ғылыми социализм идеясын заңнан тыс деп жариялады, олар халықтың демократиялық жеңістерін қымбат санайтындардың бәрін Индонезияның саяси өмірінен аластағысы келеді. Индонезиядағы әскери-диктаторлық тәртіптің жасап отырған қылмыстарын, оның ұлтқа қарсы саясатын бүкіл прогресшіл адамзат ашу-ызамен айыптайды.

Полицейлік террорға қарамастан, Индонезияда коммунистік қозғалыс өмір сүруде. Индонезияның көптеген коммунистері өте ауыр астыртын жұмыс жағдайында Индонезияның Коммунистік партиясын қалпына келтіру үшін, еңбекшілердің мүдделері үшін күрес жүргізуде, Индонезияның билеп-төстеуші топтарының халыққа, ұлтқа қарсы саясатын пайдаланып отырған империализмнің қаскүнемдік әрекеттерінен елдің ұлттық тәуелсіздігін қорғауда.

Халықаралық Кеңес қанішерлік жазалаудың құрбаны болған коммунистерді еске түсіреді, күресті жалғастырушыларға өзінің интернационалдық тілектестігін білдіреді. Кеңес туысқан партияның болашағына, қазіргі қиыншылықтарды жанқиярлықпен жеңіп шығатынына сенеді. Біздер Индонезия коммунистерінің марксизм-ленинизм, пролетарлық интернационализм принциптерін берік сақтап, Индонезиядағы басқа да прогресшіл демократиялық күштермен одақтаса отырып, өз халқын шынайы ұлттық тәуелсіздіктің, прогресс пен социализмнің жарқын мұраттарының жеңістеріне бастайтынына кәміл сенеміз.

САЯСИ ТҮТҚЫНДАРҒА БОСТАНДЫҚ БЕРІЛСІН!

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

75 коммунистік және жұмысшы партияларының Москвада жиналған өкілдері Гаити коммунистерінің, демократтарының және басқа патриоттарының тағы да жаппай қамауға алынып, жауыздықпен өлтіріліп жатқаны туралы хабарды естігенде, бұған ашынған ызамен наразылық білдірді.

Бұдан бірнеше күн бұрын Жеральд Бриссон, Даниэль Сансарик, Жерар Вадестрандт, Жак Жанно жолдастар және коммунистердің басқа да көрнекті басшылары өлтіріліпті. Гаити коммунистерінің Біріккен партиясы Орталық Комитетінің бас секретары Жозеф Ронэ жолдастың өміріне хауіп төніп отыр, өйткені оны Дювальенің жеңдеттері ұстап алған.

Американ монополияларының қолдауымен ғана өкімет басында жай сақтап тұрған Дювальенің жауыз, озбыр үкіметі 12 жылдың ішінде елді тұтқын лагеріне айналдырған. Қанқұйлы қудалау, азаптау әрекеті, өлім жазасына кескен үкім шығарылуы, халыққа қарсы заңдардың қолданылуы, атап айтқанда, баспана табу правосы туралы заңның жойылуы — осының бәрі Гаити патриоттарының қарсыласуын жаныштауға барытталған. Дювальенің үкіметі басты соққысын өз Отанының бостандығы, тәуелсіздігі және сәулетті болашағы жолындағы ержүрек күрескерлер — Гаити коммунистері Біріккен партиясының мүшелеріне қарсы бағыттап отыр.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың Кеңесі мүлде астыртын жағдайда, күн сайын тәуекелге бел байлап, жауыздық озбырлыққа қарсы қажырлы күресті онан әрі жүргізіп жатқан Гаитидің коммунистерімен және демократтарымен туысқандық ынтымақта екенін білдіреді.

Кеңес Гаитидің коммунистері мен басқа да патриоттарын террорға ұшырату, өлтіру және қудалау әрекеттерін тоқтатуды батыл талап етуге барлық елдердің еңбекшілер бұқарасын, демократияшыл және прогресшіл күштерін шақырады.

Жауыздық озбырлыққа қарсы, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы, социализм жолындағы күресте өмірін қиған батырлардың есімдері мәңгі есте сақталады!

Жозеф Ронэ жолдасқа бостандық берілсін!

Гаитидің барлық саяси тұтқындарына бостандық берілсін!

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазір барша совет адамдарының тасқындаған ынта-жігері, күш-қайраты, есі-дерті бір мақсатқа ғана аударылып отыр. Ол — Совет өкіметін, Коммунистік партияны өз қолымен орнатып, ұйымдастырған, дүние жүзі еңбекшілерінің сүйікті көсемі Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесін коммунистік құрылыстың барлық саласында лайықты табыстармен қарсы алу.

Коммунистік партия экономикалық саясат саласында да марксизм-ленинизм қағидаларына берік сүйеніп, оны бұлжытпай басшылыққа алып келеді. КПСС ХХІІ съезі мен партияның Орталық Комитетінің Пленумдары коммунистік құрылыстың басқа түбегейлі міндеттерімен бірге ауыл шаруашылығын дамытудың бағыттарын саралап белгілеп берді. Экономикалық саясаттың негізгі желісі КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март, сентябрь Пленумдарының қарарларында айқын көрсетілді. Ал партияның экономикалық саясатының мәні — қоғамдық өндірістің тиімділігін өсіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастыру, соның негізінде еңбекшілердің тұрмыс күйін онан әрі жақсартып беру, Отанымыздың күш-қуатын бұрынғыдан да мықтап арттыру болып отыр.

Совет халқының негізгі экономикалық міндеті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда ауыл шаруашылығының елеулі роль атқаратыны жұртқа аян. Өйткені тамақ, жеңіл өнеркәсібін шикі затпен қамтамасыз етіп отыру, халық шаруашылығының сан-салалы тарауларын ойдағыдай өркендету, еңбекшілерді азық-түлікпен үздіксіз жабдықтап, олардың материалдық әл-ауқатын ондай түсу ауыл шаруашылығының жайына, оның даму дәрежесіне тікелей байланысты. В. И. Ленин ауыл шаруашылығы халық шаруашылығының өмірлік маңызы бар саясаты екенін ерекше атап көрсеткен болатын. Ол ауыл шаруашылығының берік базасын жасамаған жағдайда «ешқандай шаруашылық құрылысының да болуы мүмкін емес» деп үйретті. Коммунистік партия Лениннің бұл өсиетін де бұлжытпай басшылыққа алуда.

Ауыл шаруашылығының жетекші саласының бірі — мал шаруашылығы. Ал мал шаруашылығының бүкіл елде, оның ішінде әсіресе біздің республикамыздың экономикасында алатын орны зор. Өйткені Қазақстан — мал шаруашылығы өркендеген республика. Сондықтан да елімізде азық-түлік қорын молайта беру жолындағы бүкіл халықтық күреске оның қосатын үлесі де қомақты. Республика тек қой саны және оның еті мен жүнін өндіру жөнінен елімізде екінші орын алады. Басқаша айтқанда, Одақ бойынша жүннің бестен бірі, қарақұл елтірісінің үштен бірі бізде дайындалады. Қазақстан шопандарының тек бір жылда мемлекетке өткізген жүнінен 40 миллион костюмдік саялы мата тоқуға болады. Сондықтан да республика малшылары Отан алдындағы, халық алдындағы борышын кәміл түсінеді. Олар В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіндегі бүкіл халықтық жарысқа кеңінен қосылып отыр. Мал шаруашылық өнімдерін өндірудің бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес, етті, сүтті және басқа өнімдерді өндіру жөнінен жаңа биік белестерге шығу осы жарыстың негізгі нысанасына, басты мақсатына айналды.

Республика шаруашылықтары биыл мемлекетке 1 100 мың тонна ет, 1 600 мың тонна сүт, 106 мың тонна жүн, көптеген жұмыртқа, қара-

күл елтірісін сатуға тиіс. Соның өзінде өткен қыстың зардабын жоя отырып, фермаларды малмен толықтыру, түлік санын көбейту тапсырмасын асыра орындау, бұл үшін ірі малды, жас төлді аман да күйлі өсіру міндеті алда тұр.

Қоғамдық малдың одан әрі өсуі, мал шаруашылығы өнімдерінің арттырылуы, оның елімізге көп беріліп отыруы алдымен жемшөп қорының беріктігіне көптен-көп байланысты. Жемшөп қоры — мал шаруашылығының тиімділігін жедел арттырудың бірден-бір шарты. Бұл проблеманы шешпейінше, мал шаруашылығын ойдағыдай өркендету ешбір мүмкін емес. Жемшөп мол болса, мал қонды, семіз келеді, «Семіздің аяғы сегіз» деген осыдан туады, жемшөп мол болса, ет те, сүт те, жүн де мол алынады.

КПСС XXIII съезінің Директиваларында былай деп жазылды: «Жемшөп базасын барынша нығайту негізінде ең алдымен мал мен құстың өнімділігін арттыру, сондай-ақ олардың санын көбейту жолымен ет, сүт, жұмыртқа және жүн өндіруді одан әрі арттыру қамтамасыз етілсін». Бұл мәселеге партия Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумы да айрықша маңыз берді.

Мемлекетіміз колхоздар мен совхоздардың жемшөп қорын нығайтуына қолайлы жағдай жасаған. Табиғи шабындық пен жайылымды жақсартуға, суландыруға жыл сайын қыруар қаржы бөлінеді, шаруашылықтар шөп дайындайтын жаңа техникамен үнемі жарақтандырылып отырады. Бірақ осы бай мүмкіндік нашар пайдаланылуда. Жемшөптің берік қорын жасауда, сөйтіп малды жай пішенмен, құнарлы азықпен, жеммен қамтамасыз етуде елеулі олқылықтар бар. Сөйтіп жемшөптің қажеттілігі мен өндірілуі аралығында үлкен алшақтық орын алған. Бұл салада тіпті қателіктерге жол беріліп жүргенін бұржеуге болмайды. Мал шаруашылығын ілгері бастыру ісіне мұның кесір-кесепаты тиіп жүргені жалпыға мәлім.

Өткен қыста малды қолда бағу ісінде едәуір қиыншылықтар кездесті. Ал соған қарап осы қиыншылықтар тек табиғаттың салдарынан туды деп есептеуге ешбір болмайды. Мұны әсіресе оңтүстік облыстардың мал қыстату жайынан айқын көрдік. Шаруашылықтардың дені мал қыстатуға былтыр шаларай әзірленді: жемшөп малға жетерліктей мөлшерде дайындалмады, қора басына үйілген пішен тапшы болды. Әсіресе алыстағы жайылым учаскелеріне мал азығы күні бұрын тасылмай, шөптің қажетті сақтық қоры жасалмады. Осындай кемшілікке Шымкент, Жамбыл облыстарының, олардағы аудандардың партия, совет, ауыл шаруашылық органдары көбірек жол берді. Меркі ауданында отардағы малдың 12 проценті, Қордай ауданында 25 проценті ғана жемшөппен қамтамасыз етілді. Сондықтан да бұл аудандар қыстың қатты тауқыметін көрді. Соның салдарынан мал қыста көп шығынға ұшырады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің X пленумы бұл кемшіліктерді әділ сынға алып, жергілікті партия, совет, ауыл шаруашылық органдарынан мұндай олқылықтардың қайталануына жол бермеуді қатаң талап етті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі «1969 жылы Қазақ ССР-інің совхоздары мен колхоздарында жемшөп өндіру және дайындау туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Бұл документте республикада жемшөп қорын жасау бағытындағы соңғы бірнеше жылдың жұмысына терең талдау жасалған, кемшіліктердің себептері бажайлап ашылған. Қаулыда былай деп атап көрсетілді: «Егістік жерде жемшөп өндіру дәрежесінің жеткіліксіз болуы, сонымен бірге шабындық пен жайылымды жақсартып, пайдалану ісінде елеулі кемшіліктер орын алуы республиканың көптеген колхозы мен совхозында мал шаруашылығын одан әрі өркендету жолындағы, малдың өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын көміту жолындағы үлкен кедергіге айналды».

Жемшөп қорын нығайту мәселесін шындап қолға алу үшін «Қыс

жылы болады, қар шамалы түседі, малды жайылымда өрістетіп қана оны қыстан аман шығарамыз» деген теріс ойларға тойтарыс беру керек. Бейғам ойлар берекесіздік таратады, жайбаракаттық туғызады. Жемшөп қорын нығайтуды ауыл шаруашылығы саласындағы аса маңызды міндеттің бірі деп санап, оны орындауға әрбір шаруашылықта, ауданда, облыста қажырлы күрес жүргізу парыз. Бұл істе асқан ұйымшылдық, іскерлік, инициатива көрсету керек, оған барлық мүмкіндікті жұмылдыру қажет. Бұл — жергілікті партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының бүгін таңдағы түбегейлі міндеттерінің бірі. Алдымен шалғын мен жайылымды жақсартуға, шабындықтың пішен өнімін арттыруға, жүгерінің, жемдік дақылдардың, көпжылдық шөптің шығымдылығын молайтуға, құрама азықты мол өндіруге бағытталған шаралар дәйектілікпен жүзеге асырылуға тиіс.

Республикамызда жемшөп қорының дені табиғи шабындықтардан шөп шауып, жинау арқылы дайындалады. Сондай-ақ бізде жыл сайын мыңдаған гектар табиғи жайылымның пішені орылады. Екпе шөпті қосса есептегенде биыл республика шаруашылықтарында 28 миллиондай гектар жердің шөбі шабылып, 12 миллион тонна пішен дайындалуға және 17 миллион тоннадай астам сүрлем салынуға тиіс. Мұны орындауға әбден болады. Қысқы мөл-ылғал, көктемгі мөл-жанбыр шөптің қаулап шығуын қамтамасыз етті. Колхоздар мен совхоздардағы қуатты техника, еңбекке құлшынған механизатор кадрлары осы жұмысты дер кезінде үлгілі атқаруға мүмкіндік береді.

Қазір шөп шауып, мал азығын дайындаудың шешуші кезеңі туды. Оңтүстік облыстарда бұл жұмыстың басталғанына біраз уақыт өтті, батыс, шығыс облыстардың шаруашылықтары да шабындыққа шалғы салды. Солтүстік облыстарда мал азығын дайындаудың жаппай басталатын кезеңінде отырмыз.

Өкінішке қарай, биыл шөп шабуға әзірлік барлық жерде бірдей тыңғылықты жүргізілмегенін айту керек. Былтырғы кемшілік тағы да қайталанды. Пішен дайындау жұмысына кіріскеніне біраз уақыт болған жекелеген аудандарда техника толық іске қосылмаған. Ондай жерде шөп шабудың, пішен дайындаудың қарқыны өткен жылдағыдан да төмен. Шымкент, Жамбыл, Талдықорған, Ақтөбе, Орал облыстарының бірсыпыра шаруашылықтары жөнінде осыны айтуға болады. Ал солтүстік-шығыс облыстарында шөп машинасын, пішен жинайтын техниканы әлі толық жөндеп бітірмеген аудандар кездеседі. Шөп сүрлейтін құрал-жабдықты тәртіпке келтіру ісі де ойдағыдай емес. Мұндай жайбаракаттық, ұзын арқан, кең тұсау жемшөп дайындауға, сөйтіп мал шаруашылығын одан әрі дамытуға үлкен қырсығын тигізуі мүмкін. Партия комитеттері колхоз, совхоз, ауыл шаруашылық органдары басшыларына талапты күшейтіп, бұл кемшіліктерді жою шарасын қолданулары керек. Шөп шабудың нәтижесін пішені срылған жердің көлемімен емес, дайындалған жемшөптің салмағымен бағалау — ең дұрыс жол. Машинамен шөп шабуға келмейтін жерлердің пішенін атқа жегілетін құрал-саймандармен жинауға, қолмен шөп шабуды ұйымдастыруға назар аудару да тиімді екенін ескеру қажет.

Уақыт ырғалып-жырғалуды көтермейді. Дер кезінде, балауса балығын күйінде шабылған, уақтылы жиналып, маяланып шөп қана сапалы болмақ. Тек сөйткенде ғана пішендегі белок, қорғанын, витамин, протейн жақсы сақталып, оның малға жұғымдылығы артақ. Мұны шаруашылық басшылары жете түсінетін болсын.

Шөп шабуды ұзаққа созу, шөпті шабу мен шөмеле салудың, маялаудың арасында алшақтыққа жол беру дайындалған мал азығының сапасын кемітеді. Бұған енді ешбір жол беруге болмайды. Орылған пішен іле-шала жиналып, маялануға тиіс.

Өткен қыстың ашы тәжірибесі пішенді мал қыстақтарына күнілгері

тасып қояды мән зор екенін тағы да көрсетті. Жиналған шөпті қазірден бастап қора басына тасуды тығғылықты ұйымдастыру керек. Сондай-ақ дайындалған жемшөптің мұқият есепке алынуын ескерген жөн. Бұл жөнінде халықтық бақылау органдары өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындауға тиіс. Мал азығын дайындауда есепте пішенді артық көрсетіп жазуға, көз бояушылыққа ешбір жол берілмеуін қадағалау керек. Ол жөніндегі кінәлі адамдар қатаң жазалануға тиіс.

Партия мен үкіметтің қаулысына сәйкес жемшөп дайындауға қатысқан жұмысшылар мен колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыруға зер салу керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Кәсіподақтары советі жемшөп дайындау жолындағы жарыста озып шығып, үздік табыстарға жеткен облыстар мен аудандар үшін берілетін ауыспалы Қызыл тулар мен ақшадай сыйлықтар белгіледі. Шаруашылықтардың жемшөп дайындауда жақсы көрсеткіштерге жету жолындағы жарысының шарттары да белгіленді. Осы құрметке ие болу үшін күресу — әрбір облыстың, ауданның, шаруашылықтың ардақты борышы. Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары малшылардың социалистік жарысына нақты басшылық ете отырып, жарыстың жариялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Дала шөбін, екпе шөпті орып жинаумен, жүгерінің, жемдік дақылдар егістерін күтіп, олардың шығымдылығын арттырумен бірге табиғи шабындық пен жайылымды суландырудың, жақсартудың маңызы ерекше. Өйткені оларды жүйесіз бейберекет пайдалану жайылым мен шабындықтың құнарлылығын төмендетеді, тіпті тақырға айналдырып, құлазытады. Кейде ондай жерде көшпелі құм пайда болады. Демек, оларды дұрыс пайдалануға, әлсін-әлі жаңартып, жетілдіріп отыруға көңіл бөлген жөн. Жайылымға шөп, жемдік дақылдар егу, үстеп тыңайтқыш енгізу сияқты шаралар жақсы нәтиже береді. Табиғи жайылым мен шабындықты жақсартудың тиімділігін арттырған шаруашылықтар баршылық. Олардың тәжірибесі мынаны көрсетеді: көпжылдық шөптер мен мал азығындық жабайы өсімдіктер тұқымын еккенде, шабындық пен жайылымның пішен түсімі 3—5 есе, суармалы жерде тіпті он есеге дейін артады.

Қазақстан — жайылымға бай өлке. Бүкіл еліміздегі жайылымның жартысынан көбі бізде. Оның көлемі 179 миллион гектарға жетеді. Оның шөбі шүйгін, суы мол алқаптары мал жаюға, мал семіртуге, әсіресе өсімтал қой өсіруге өте-мөте қолайлы.

Сонғы уақытта қой шаруашылығын өрге бастыру ісіне СССР Министрлер Советінің шөл және шөлейттегі жайылымдарды игеру туралы 1964 жылғы қаулысының шаралаты тиді. Қаулыда белгіленген шараларды жүзеге асыра бастау қой санын көбейтіп, өнімділігін арттыруды біршама жеделдетті. Соңғы бес жылда республикамызда қой етін өндіру 31,6 процент, жүн 23 процент, қаракүл елтірісі 22,4 процент өсті. Шөл, шөлейт аймақтағы жаңа жерді игеру мақсатымен 92 қой совхозы құрылды. Өткен уақыт ішінде қой шаруашылығының жемшөп базасын нығайту бағытында елеулі іс тындырылды: 22 миллион гектардан астам жайылым суландырылып, жалпы көлемі 17 миллион гектардай болатын, бұрын суландырылған жерде шаруашылық құрылыстары салынды.

Дегенмен жоғарыда аталған қаулы бойынша белгіленген жұмыстар толық орындалмай келеді. 1970 жылы республикамызда қой санын 40 миллионға жеткізу міндетін еске алсақ, істелген ісімізден істелмеген ісіміз көп. Әлі де 81 миллион гектар жайылым суландырылмай, пайдаға жаратылмай жатыр. Шөл, шөлейт жайылым алқаптарын игеруді кен өрістетуге келергі болып отырған жағдайдың бірі міне осы. Қазір әрбір қойға шағып есептегенде 1,3 гектар суландырылған жайылым бар. Мұның өзі де жеткіліксіз. Оның үстіне шабындықтың шөбі әлі де селдір, сондықтан совхоздар одан пішенді мардымсыз жинайды. Өндірістік орындардың, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс үйлерін салу қарқыны мүлдем

баяу. Жаңа жерде ұйымдастырылған қой совхоздарының көбінде ұйымдық-шаруашылық жөніндегі жоспарлар жоқ.

Бұл жемшіліктер неден болып отыр? Республикамыздың Ауыл шаруашылығы, Селолық құрылыс, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктерінің, бірсыпыра облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің шөл, шөлейт аймақтағы жайылымды игеру туралы одақтық үкіметтің маңызды шешімін орындау ісінде табандылық, қажырлылық, берік тәртіптілік көрсетпей келеді. Бұл ретте олардың жұмысында сылбырлық, маңызды да шұғыл мәселелердің шешілуін кешеуілдетушілік басым болып жүр. Бұл жемшіліктерден арылу керек. Мұны жоғарыда аталған министрліктердің басшы қызметкерлері, олардағы партия ұйымдары, коммунистер мықтап ескеруге тиіс.

Шабындық пен жайылымды жақсарту жолымен жемшөп базасын нығайту ісіне ғалымдар да елеулі үлес қосуға міндетті. Бұл ретте әсіресе жаңадан құрылған жайылым-шабындық жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарына құрметті міндеттер жүктеледі. Жайылым шөбінің шығымдылығын арттыру технологиясын жасау, мал өрісін суландыруды жетілдіру, малға жұғымды жабайы өсімдіктерді ету, оның тұқымын жақсарту, түрлі аймақтарда шөл себу жүйесін жасап белгілеу, сөйтіп оларды колхоздар мен совхоздардың пайдалануына ұсыну — бұл ғалымдардың абыройлы борышы.

Мал шаруашылығында малды жайлы да жылы қорамен қамтамасыз ету ісі де үлкен орын алады. Қыстан малдың күйлі де аман шығуы, оның өнімділігінің артуы қораға да байланысты. Қыста көп жерде малдың тұратын орны, паналайтын жері тапшы болып, мұның өзі қосымша қиындық туғызғаны мәлім. Бірақ бұдан сабақ алу жағы ескерілмей отырғанын ашып айту керек. Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында сиыр малының, Шымкент, Жамбыл, Ақтөбе, Семей облыстарында қойдың қорамен қамтамасыз етілуі қазіргі қалпында қалса, жағдайдың биыл да нашар болатын сынайы бар.

Фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Берік жемшөп қорын жасай отырып, еңбек процестерін машина күшімен атқару жұмыстың мәдениетін көтереді, еңбек өнімділігін күрт арттырады, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға жол ашады. Амал не, мал фермаларын механикаландырудың қарқыны бізде мүлде баяу. Ірі қара фермаларында мал суару жұмысы 43 процент, жем тарату — 12 процент, қора тазарту 23 процент, сиыр сауу — 42 процент ғана механикаландырылған. Ал қой шаруашылығында істің жайы мардымсыз. Тек қой қырку, оны тоғыту сияқты жұмыстар ғана машинамен атқарылады. Қой суару, құдықтан су тарту сияқты ауыр, қиын жұмыс әлі күнге дейін қолмен атқарылады. Бұл — мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға, оның өзіндік құнын арзандатуға кедергі болып келе жатқан жағдайдың бірі. Енді мал фермаларын түгелдей механикаландыратын уақыт жетті.

Мал шаруашылығының ілгері баса беру тағдырын шопандар, бақташылар және фермаларда істейтін басқа кадрлар шешеді. Қоғамдық мал — халық дәулеті, ел байлығы. Оны жақсы бағып өсіру, малдың берер өнімін молайту міндетін орындауда тәжірибелі, іскер, қоғам малына жанашыр адамдар істеуінің маңызы ерекше. Малшылардың, әсіресе отардағы шопандардың жемісті еңбек етуіне, жақсы тұрмыс шегуіне тиісті жағдай жасау — партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының, совхоз, колхоз басшыларының жауапты міндеті. Ферма қызметкерлеріне мәдени-тұрмыстық жағына мінсіз қызмет көрсетіп отыруға тұтынушылар кооперациясы, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс орындары мықтап көңіл бөлуге тиіс. Малшы еңбегі — абыройлы да қиын еңбек. Ол құрметтеуге, үнемі қамқорлық етуге әбден лайық еңбек.

Ауыл шаруашылығын, оның маңызды саласы — мал шаруашылығын мықтап өркендету, ол үшін жемшөптің берік қорын жасау міндетте-

рінің ойдағыдай орындалуы партия ұйымдарының, алдымен село аудандық партия комитеттерінің малшылар мен механизаторлар қауымы арасындағы бүкіл ұйымдастыру, бұқаралық-саяси, тәлім-тәрбие жұмысының дәрежесіне көптен-көп байланысты. Аудандық комитеттер егіншілік пен мал шаруашылығын жедел де үрдіс өркендету жолындағы күреске күллі ауыл-село еңбеккерлерін жаппай жұмылдыра білуге тиіс. Бүкіл жұмысын КПСС XXIII съезі талаптарына сай құрып, мал шаруашылығының тиімділігін арттыруға тиянақты басшылық етіп отырған аудандық комитеттер бар. Бұған Жәнібек аудандық партия комитеті мысал бола алады. Ол қоғамдық мал шаруашылығының жемшөп қорын нығайту сияқты өзекті мәселесіне жұртшылықтың назарын аударып, ол жөнінде табанды күрес ұйымдастырды. Аудандық комитеттің инициативасымен, тікелей басшылығымен мұнда жемшөп қорын жасаудың бес жылға арналған шаралары белгіленген. Ол шаралар ауыл-село еңбеккерлерімен, ғалымдармен ақылдасып жасалған. Осыған орай ауданда мал азығына арнап қара бидай, көпжылдық шөп, жүгері егіліп, олардың агротехникасы жақсартылды. Нәтиже айтарлықтай. Осындай дақылдардан пішен мол жиналады. Сондай-ақ шабындық пен жайылымды жақсарту дұрыс жолға қойылған. Бірнеше су бөгеті жасалып, көптеген құдық қазу арқылы көлемді жайылым мен шалғын суландырылды. Осының бәрі жыл сайын пішенді жеткілікті дайындауға, малды жайып бағуды жақсы ұйымдастыруға, малды қыстан аман шығаруға қолайлы жағдай жасады. Ең бастысы — мал шаруашылығының өнімділігі соңғы кезде күрт артты. Былтыр аудан бойынша әр қойдан қырқылған жүн орта есеппен 3,5 килограмнан, етке өткізілген ірі қараның әрқайсысының тірідей салмағы 316 килограмнан айналды.

Әрбір село аудандық партия комитеті социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі жедел дамытудың белсенді ұйымдастырушысы бола білуге тиіс. Қазір мал фермаларында жұмыстың қауырт кезеңі басталды. Шабындықта шөп шабылып, пішен дайындалуда, жемдік дақылдар егісі күтіп бапталуда, мал жазғы жайылымда өрістетіліп семіртулуде, қой қырқылуда. Мемлекетке ет, сүт және басқа өнімдер өткізуді өрістететін шәк туды. Бұл жұмыстарды атқаруға қолма-қол араласып, оны тікелей ұйымдастыру — совет, ауыл шаруашылық органдарының міндеті. Ал бұл мәселелер село аудандық партия комитеттерінің назарынан ешбір тыс қалмауға тиіс. Ол өзінің басшылығы, саяси ықпал жасауы, бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыру арқылы шаруашылық міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етуі шарт. Инициатива, тындырымдылық, іскерлік көрсету, мәселені қолма-қол шешіп отыру аудандық комитеттердің жұмыс стиліне айналуы керек.

Астық — бүкіл ауыл шаруашылық өндірісінің, оның ішінде мал шаруашылығының да тұғыры. Егіншілік өнімдерінің молшылығы мал өсіруге берік негіз қалайды. 1969 жыл — Қазақстан үшін айрықша жауапты жыл, өйткені республика дикандары астықтың жалпы түсімін едәуір ұлғайта отырып, мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын биыл орындауға серт еткен еді. Серттің үдесінен шығу егін орағына әрбір шаруашылықтың сақадай сай әзірленіп, оны ұйымшылдықпен өткізуіне байланысты. Осыған орай КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1969 жылы өнім жинау мен ауыл шаруашылық өнімін дайындауды қамтамасыз ету шаралары туралы» қаулысының маңызы орасан зор. Партия, совет, ауыл шаруашылық органдары осы қаулыны мүлтіксіз жүзеге асыра отырып, егіннің уақтылы, шашпай-төкпей жинап алынуын, елімізге астықтың және басқа да өнімдердің мол берілуін жан-жақты ойластыруға тиіс.

«ҚАРА АЛТЫН» ҚАЗЫНАСЫ

М. ЕСЕНОВ,

Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Күн өткен сайын салтанатты мереке — Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған торқалы той жақындап келеді. Ленин есімі әрбір совет адамына, барша прогресшіл адамзатқа қастерлі. Өйткені Ленин күнсіздерге күн болды, жер жүзіне нұр болды. Ленинизм туы елімізге азаттық таңын әкелді, халқымызды бақытты өмірге бөледі.

Атырау бойындағы елеулі өзгерістер де — Ленин идеясының игі шапағаты. Жаңа орнаған жас Совет республикасының алғашқы жылдарының өзінде біздің облыстың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге көсеміміз В. И. Лениннің қалтқысыз қамқорлық жасағанын жұртшылығымыз жақсы біледі.


Қазақстанда социалистік мұнай өнеркәсібінің дамуы Владимир Ильич Лениннің есімімен тығыз байланысты. Ол Орал-Ембі мұнай ауданының болашағына зор үміт артып, оған айрықша қамқорлық жасап отырды.

Ембі мұнайын өндіру 1911 жылдан басталды, Октябрь революциясына дейін мұнда шетелдік капиталға сүйенген акционерлік фирмалар қожалық етті. Азамат соғысының отты жылдарында Ембі мұнай кәсіпшіліктерін ақ казактар басып алды. Онан бұрын Баку, Грозный мен Донбасты — мұнайлы да көмірлі аудандарды интервенттер мен контрреволюцияшыл күштер басып алған болатын. Жас Совет республикасы отынға аса зәру болып отырған сол бір қиын-қыстау шақта В. И. Ленин Астрахань революциялық әскери советіне телеграмма соғып, сол жақтағы мұнайды пайдалану үшін Орал мен Гурьев бойын қаратып алуға болмас па екен, мұнай аса қажет болып отыр, деген болатын.

Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсеткен Қызыл Армия бөлімдері жергілікті халықтың жәрдемімен 1920 жылдың басында көсемнің бұл тапсырмасын абыроймен орындады. Сол кездегі Түркстан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзе В. И. Ленинге телеграмма жолдап, 8 январьда біздің атты әскерлер бөлімшесінің Доссор кәсіпшіліктері мен Ракушечье пристанын алғанын, кәсіпшіліктердің бүлінбей қаз-қалпында сақталып, Ракушечьеде 12 миллион пұтқа жуық мұнай бар екенін хабарлады.

1920 жылы 2 январьда Москва қаласының Пресня ауданындағы партияда жоқ жұмысшылар мен қызыл әскерлердің конференциясында сөйлеген сөзінде Владимир Ильич: Гурьев мұнайы біздің қолымызда, Каспий теңізінің жағалауы мұздан арылған соң оны тасимыз. Біз оны тасып жеткізу жағын ойластырып, әзірленіп те жатырмыз, деген еді.

Ембіні жаудан босатқан бойда-ақ ондағы мұнай мен мұнай өнімдерін еліміздің орталық аудандарына тасып жеткізу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Әдетте Ембіден мұнай су жолымен жөнелтілетін. Ал қыстың қаканан қарлы бораны сорғып тұрғанда жолсыз шөл даладан мұнайды қалай тасуға болады?



Сонда көшпелі елдің шөл кемесі атанған бірден бір көлігі түйе мен ішіне 8—10 пұт май құйылатын ағаш кеспектерді пайдалану ұйғарылды. Әр түйеге екі кеспек артуға болады, бұл 16—20 пұт жүк. Егер бірнеше түйе керуен жасакталса, Оралға әлденеше жүз тонна мұнай жеткізуге болады, ал онан әрі мұнайды Москваға жөнелту онша қиын емес еді.

1920 жылы 13 январьда В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Халық Комиссарлар Советі Ембі мұнайын кіремен тасу жөнінде қаулы қабылдады. Қаспийдің мұзы кеткенше 500 мың пұттай мұнай тасып алу мәжелеңді. Бұл шара елге аса зәру болып отырған едәуір мұнайды тасып алуға мүмкіндік туғызды. Әрине, Баку мен Грозный жаудан босатылған соң Ембі мұнайын бұлайша кірелеп тасудың онша қажеті болмай қалды.

Ембі кәсіпшіліктері әлі ақ гвардияшылар қолында тұрған кездің өзінде-ақ Владимир Ильич бұл аймақтың мұнай байлығын тезірек игеру мақсатында Александров-Гай—Ембі темір жолын салуды және Ембіден Волгаға дейін мұнай құбырын тартуды ұсынған болатын. Соң ұсынысқа орай 1920 жылдың басында Түркстан майданының еңбек ар-

миясы Александров-Гай — Ембі темір жолы құрылысын қолға алды. Бұл құрылыстың барысын В. И. Лениннің өзі қадағалап отырды.

1920 жылы 25 февральда Самара мен Саратов губкомына және губерниялық атқару комитетіне жолдаған телеграммасында В. И. Ленин мұны тағы да ескертеді. Ол Ембіге темір жол мен мұнай құбырын тартудың маңызы аса зор. Барынша көмектесіп, құрылысты жеделдету керек, деп нұсқау да берді.

Баку мен Грозныйды интервенттерден босатқан соң бұл аудандардың кәсіпорындарын қалпына келтіру үшін қаржы мен құрал-жабдықтарды ең алдымен соларға жіберу керек болды. Соның салдарынан Алгемба темір жолын салуды тежей тұруға тура келді. Әйтсе де Ембіге темір жол мен мұнай құбырын тарту жөніндегі лениндік идея ұмыт қалған жоқ. Көсемнің нұсқауы 1935 жылы іс жүзіне асырылды, ұзындығы 800 километрлік Каспий — Орск мұнай магистралі іске қосылды, бұл сол кездегі ең ірі құрылыс еді. 1938 жылы Ембі өңірін еліміздің өнеркәсіпті орталықтарымен байланыстыратын Гурьев — Қандыағаш темір жолы салынды.

Академик И. М. Губкин былай деп жазады:

«Орал-Ембі өңірін өнеркәсіптік тұрғыдан игеру проблемасын осы аудан ақ бандылардан азат етілген бойда, сонау 1920 жылдың өзінде алғаш рет ұсынған В. И. Ленин болатын». Республиканың мұнай өнеркәсібінің шын мәніндегі өркендеу дәуірі де осы кезден басталды.

Совет өкіметі орнағанша Ембіде екі жерден ғана мұнай өндірілетін. Оның өзі де қалай болса солай, жабайы түрде жүргізілетін.

Гурьев уездік партия комитетінің басшылығымен 1920 жылдың алғашқы жартысында Доссор мен Мақат мұнай кәсіпшіліктерінде, Рақуша станциясында партия, кәсіподақ, комсомол ұялары құрылды. Партия ұйымдары мұнай кәсіпшіліктеріне тәжірибелі коммунистерді жұмысқа жіберді. Олардың ішінде байырғы большевик Сабыр Шәріпов те болды.

Ильич өсиетін жүзеге асыруға ұмтылған Ембі мұнайшылары елеулі қиыншылықтарды жеңе отырып, алғашқы бесжылдықтың өзінде туған өлкенің тұнып жатқан мол қазынасын игеруде елеулі табысқа ие болды. Каспий жағалауында жоспарлы түрде жүргізіле бастаған геологиялық зерттеу жұмыстары мен терең бұрғылап барлау істері жаңадан бірнеше мұнай шығатын орындарды ашуға жағдай жасады. Мұның өзі Орал-Ембі өңірінің мұнай мен газ жөнінен болашағы зор деген болжаудың дұрыстығын дәлелдеп берді.

Елімізде тұңғыш рет 1925 жылы осында қолданылған геофизикалық әдіс: гравиметрия, сейсмика мен электрлі барлау әдісі кәзіргі кезде Отанымыздың мұнайлы аймақтарына түгелдей таралып отыр. Мұнайлы Ембі скважиналарды екінші рет пайдалану әдісінің де отаны. Доссор кәсіпшіліктерінде Ұлы Отан соғысы жылдарында мұнайы азайған жер қыртысына су айдау арқылы ондаған мың тонна жоғары сапалы «қара алтын» өндірілді.

Орал — Ембі аймағының партия, шаруашылық органдары жергілікті халықтардан мұнай өнеркәсібінің тұрақты кадрларын тәрбиелеп шығаруда көп жұмыстар жүргізді. Мұнайшылар арасынан талай-талай қабілетті өндіріс жетекшілері, ірі мамандар, өндіріс озаттары мен жанашылдар, атағы республика, облыс көлеміне әйгілі көптеген ғылыми қызметкерлер шықты. Солардың қатарында — А. В. Бородин, С. Зурбаев, К. Берғалиев, Ш. Карамендиев, А. Байарыстанов, С. Карымсаков, П. С. Комаров, А. А. Щербиния, А. Шауқаров, Р. С. Сағындықов, Г. Г. Мухин, А. Ильясов, Н. И. Гершман сияқты жолдастар бар. Сондай-ақ, өндіріс жанашылдары Ж. Матайбаевтың, Н. В. Калашниковтың, жер асты жөндеудің шебері Б. Дүйсебаев пен операторлар Т. Айтжанов, Ж. Ыдырысов, Социалистік Еңбек Ерлері Н. Шағырова мен А. Махұтовтың есімі де облыс өңіріне әбден белгілі.

Облыстың мұнай өнеркәсібінде ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, көп жылдар бойы қажырлы еңбек етіп келе жатқандар да аз емес. Сондай еңбегімен өнеге болып жүргендер арасында С. Өтебаев, Ж. Досмұхамбетов, Г. Хакимов, К. Құдабаев, К. Сағитжанов, И. Н. Диментман, А. Ю. Каплан, И. Н. Качарава, Х. Өзбекғалиев, Қ. Х. Югай, Р. Өтесінов, Т. Оржанов, С. Нұржанов, А. Кемелов, Х. Габдуллин, Ш. Оразалиев, Б. Әбдрахманов, Қ. Закарян, ғылым кандидаттары С. В. Мещеряков, Т. Жұмағалиев, В. Б. Колпаков, С. Шакабаев, Ю. С. Кононов, А. Д. Бичкевский жолдастар бар.

Соғыстан кейінгі жылдарда КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің қалтқысыз қамқорлығының нәтижесінде Қазақстанның мұнай өнеркәсібі шұғыл өрге басты. Атырау аймағынан көптеген мұнай көздері ашылып, пайдалануға берілді. Орал мен Волга өзендерінің аралығында мол мұнай қоры бар екендігі анықталды.

Мұнай өнеркәсібімен қатар халық шаруашылығының мұнай химиясы, балық өндірісі саласы, темір жол, автомобиль, су қатынасы транспорты мен азаматтық әуе флоты қанаттаса қарыштауда. Әрине, облыстың ауыл шаруашылығы да өрлеу үстінде.

Әйтсе де Маңкыстаудың оңтүстігінен ірі мұнай көздерінің ашылуы республиканың мұнай индустриясында елеулі бір кезенді бастады. 1961 жылы Жетібай жазығынан атқылаған мұнай фонтаны «қара алтын» қоймасының жана бір құнарлы көзі табылғанының жаршысы болды. Арада үш жыл өтіп үлгірмей қазыналы түбектің тұңғыш кәсіпшілігі — Өзен Маңкыстау мұнайын заводтарға жөнелте бастады. Маңкыстаудың мұнай, газ көзін ашқан бір топ геологтар мен мұнайшыларға Лениндік сыйлық беріліп, «Маңгышлакнефтегазразведка» тресі Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Ал Маңкыстау түбегіне алғаш барлау жүргізген бұрғылау мастерлері Төреғали Қадыров пен Садық Рысқалиев Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие болды. Коммунистік партия мен Совет үкіметі облыс еңбекшілерінің халық шаруашылығын өркендетудегі, мұнай шығатын жерлерді игерудегі және мәдени құрылыстағы табыстарын аса жоғары бағалады. Облыс туына Ленин ордені қадалды.

КПСС XXIII съезінің СССР Халық шаруашылығын өркендетуінің бесжылдық жоспары (1966—1970 ж) жөніндегі Директиваларында Маңкыстаудың мұнайлы да газды ауданын жедел игерудегі, Гурьевтің мұнай өндіретін заводуын ұлғайтудағы, мұнай өндіруді 1970 жылы 15 миллион тоннаға жеткізудегі облыс, тіпті бүкіл республика партия ұйымдарының алдында тұрған айбынды міндеттер белгіленген болатын. Сонымен қатар бесжылдықта Өзен — Гурьев — Куйбышев мұнай құбырын тарту, Маңкыстау — Мақат, Гурьев — Астрахань, Бейнеу — Қонырат теміржолын салып, пайдалануға беру жобаланған еді.

КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыруда ғалымдар мен инженерлердің, бүкіл еліміз бен республика жұртшылығының көмегі арқасында облыс еңбекшілері мұнай өндіру кәсіпшіліктерін өркендетуде елеулі табыстарға ие болды. Жанадан мұнай көздері ашылған Жетібай мен Мартыши аймағы пайдалануға берілді. Өзен, Прорва, Мартыши, Кенқияқ кәсіпшіліктерінде мұнай өндіру бұрынғыдан әлде қайда артта түсті. Бесжылдықтың өткен үш жылында 1965 жылмен салыстырғанда мұнай өндіру 3,7 есе артып, оның мөлшері 7,5 миллион тоннаға жетті.

Бесжылдықтың үш жылы ішінде геологиялық зерттеу және барлау саласында да едәуір жұмыстар жүргізілді. Батыс Қазақстан геология басқармасы мен «Казахстаннефть» бірлестігін тұтас алғанда 1966—1968 жылдарда барлау мақсатында 0,5 миллион погон метр жер бұрғыланды. Маңкыстау мен Ембіде 856,3 мың метр скважина бұрғыланып, пайдалануға берілді.

Өлкемізде жыл сайын жана байлық көзі ашылуда. Жер қойнауын барлаушылар солтүстік Үстірттен жана мұнай қабатын тапты. Оны Арыстан мұнайлы қабаты деп атады. Бұл өзі берері мол горизонт бол-

мақ, әсіресе Мақат — Өзен темір жолына, Өзен — Гурьев мұнай құбыры мен Орта Азия — Орталық газ құбырына жақын осы аймақта болашағы зор мұнайлы қабақтардың мол болуының үлкен маңызы бар. Оңтүстік Үстірттен де, Орал — Волга аралығынан да осындай жақсылық хабарлар келуде.

Өзен мен Жетібайдан пермотриастық тұзілілер деп аталатын терең қабақтан жеңіл мұнайдың табылуы «қара алтын» өндіруді шұғыл арттыруға мол мүмкіндік жасайтын болады.

Мұнай, газ көздері табылған жерлерде жаңадан өнеркәсіп орындарын, ірі объектілерді салу жөнінде де облыста қыруар жұмыстар жүргізілді. Осы бесжылдық ішінде Орта Азия — Орталық газ құбырының бірінші кезегі, Мақат — Шевченко — Өзен темір жол линиясы, Шевченко — Өзен және Өзен мен Жетібай кәсіпшіліктері аралығында асфальтталған тас жолдар салынып, пайдалануға берілді. Өзен — Жетібай — Шевченко мұнайлы газ құбыры, мұнайды жинап, оны жөнелтуге арналған құрылыс комплексі, Өзенде жер қыртысындағы қысымды бір қалыпты ұстатұратын қондырғы, Сауысқан — Өзен су құбыры іске қосылды. Жаңадан салынған 100 мың шаршы метрден астам тұрғын үй, ондаған мектептер, сабилер мекемелері мен мәдени-тұрмыс объектілері Манкыстау мұнайшыларының игілігіне қызмет етуде. Гурьев — Астрахань темір жолы салынып, уақытша пайдаланылуға берілді. Бейнеу — Қоңырат линиясы салынуда, Гурьев — Қандыағаш аралығындағы ескі жол қайта жаңғыртылуда. Амудария — Бейнеу — Құлсары және Бейнеу — Сай — Утес аралығына су құбыры тартылып жатыр. Дүние жүзінде теңдесі жоқ Өзен — Гурьев — Куйбышев мұнай құбыры құрылысының бірінші кезегі аяқталуға жақын. Бұл құбырдың Өзен — Гурьев учаскелерінде мұнай айдайтын және мұнай қыздыратын аралық станциялары мен пункттері бар негізгі құрылыстары, Гурьев қаласында мұнай құятын үлкен эстакадасы болады. Биылдың өзінде-ақ Гурьевтің мұнай өңдеу зауытына осы құбырмен көптеген тонна Манкыстау мұнайы жеткізіліп, ол мұнай темір жолмен Отанымыздың өзге заводтарына жөнелтілетін болады. Бұл заводтың мұнай өңдеу қуаттылығын бұрынғыдан 3—3,5 есе ұлғайту көзделіп отыр.

Гурьев химия зауыты ұлғаяды. Зауодтың екінші кезегі іске қосылған соң оның қуаты артып, шығаратын өнім түрлері көбейеді.

Облыс халық шаруашылығының тұщы суға зәру екені белгілі. Қазіргі кезде біз тұщы суды кемемен, поезбен, машинамен тасып жеткізіп жүрміз. Су құбырларының ұзындығы мыңдаған километрге созылып жатыр; солай бола тұрса да тұщы су, оның табылған ресурстары да әзірге тапшы.

Халық шаруашылығының мұқтажын толық өтеу үшін теңіз суын тұщылау проблемасын тиімді шешу қажет. Манкыстауда тәулігіне 140—150 мың текшеметр су тұщылайтын дүние жүзіндегі ең ірі қондырғы салынып жатыр. Әрине мұндай ғылыми-техникалық құрылыстың маңызы зор екені айтпаса да түсінікті.

Манкыстау мұнайынан айырылатын парафинның базасында маал азығындық белокты-витаминді концентраттар, сода, қосарланған титан қышқылын өндіру ісін жолға қоюға, мұнайлы жер қыртысына газ айдауға пайдалануға болатын Өзенде газды бензин зауытын салуға мүмкіндік бар. Мұндай құрылыстар қазір қажет те болып отыр.

Мұндай көлемді күрделі құрылыс облыс тарихында бұрын-соңды болып көрген емес. Барлық жерде қайнаған қызу еңбек, жаңа кәсіпорының іргесі қаланып, электр станциясы салынуда, жаңадан темір жол линиясы тартылып, тұрғын үйлер кварталдары орнауда, тіпті жаңа қалалар қоныс тебуде. Облыс ірі құрылыстар алаңына айналып отыр. М. И. Брежнев жолдас айтқандай, бұл біздің Отанымызға тән көрініс.

Облыстың экономикасы мен мәдениетінің қарышты қарқынмен дамып, оның табиғат байлығының жедел игеріліп отырғанын, шөл далада өнеркәсіп орындары орнап, жаңа қала, жаңа жұмысшы поселкелері ірге көтергенінен де көруге болады. Каспийдің жаңа баспаған жағасынан көрікті қала — Шевченко қаласы қоныстанды. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Гурьев облысының құрамына тағы бір жаңа өнеркәсіп ауданы қосылды. Ол — Өзен ауданы, орталығы — Жана өзен.

Бұрын бұл өңірдің қожасы құм суырған тентек жел еді. Енді индустриялы Маңғыстаудың орталығына айналды. Қазыналы түбек пен Үлкен Жерді жалғастырып жатқан темір жол линиясы осы араладан басталады, Өзен — Гурьев — Куйбышев құрыш құрсаулы мұнай өзенінің сағасы да осы арада. Өзен ауданында ірі-ірі бұрғылау, мұнай өндіру, құрылыс, автотранспорт кәсіпорындары шоғырланған.

Жаңа өзен — кең көшелі, көрікті үйлері көз тартатын жаңа қала. Оның құрылысы Шевченко қаласына ұқсас. Көшелерінде Алматының әсем теректері, Қырымның кипаристері, Украинаның тал шыбықтары бой түзеп келеді. Қала тұрғындары үшін не қажеттің бәрі бар.

Қысқа мерзім ішінде, қиыншылық жағдайға қарамастан облыс еңбеккерлері осылайша бір ерен ерлік үлгісін көрсетті. Әрине бұл табыс Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бізге, облысқа жасаған қалтқысыз қамқорлығы мен көмегінің жемісі деуіміз керек. Облыста жасалғандар мен жаңадан жасалып жатқандардың бәрінде Қазақстанның бүкіл еліміздің ғалымдары мен мамандарының барлық еңбекшілер қауымының елеулі үлесі бар. Біздің қол жеткен табыстарымыз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Советтік Қазақстанның 50 жылдық мерекесіне арналған тарту болмақ.

Бір кезде бұл өңірді Украинаның ұлы ақыны Т. Г. Шевченко «Жер аударылғандар өлкесі, құлыпсыз түрме» деп атаған екен. Міне сол өңір қазір жанаша түлеп, жасарып кетті. Облысымызда болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді біз мақтан етеміз. Өйткені мұндай өзгерістер мен өрлеу тек социализм елінде ғана болуы мүмкін. Бұл лениндік ұлт саясатының жемісі. Экономикасы мешеу, мәдениеті жадау елімізді басаяғы жарты ғасыр ішінде жоғары индустриялы, социалистік мәдениеті гүлдене өркен жайған республикаға айналдырған да жеңімпаз лениндік идеялар.

Кезінде кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин мен Коммунистік партия ерекше қамқорлық жасаған облыстың балық өнеркәсібі де Совет өкіметі жылдарында жедел қарқынмен өрге басты. 1921 жылы 30 апрельде Гурьев уезінің атқару комитеті мен облыстық балық басқармасына, Оралдың губерниялық партия комитеті мен губерниялық атқару комитетіне жолдаған В. И. Лениннің телеграммасында былай делінген болатын: «...Орал-Ембі балық өнеркәсібі үшін де натуралды фонды бөлінді: 80 мың 607 кез мата, 45 мың 538 пұт жаңа ұсталған балық, 240 пұт шай, 522 жарым пұт кант, 272 пұт темекі, 60 мың 265 қорап сіріңке, 60 мың 465 дана шыны-аяқ.

Сыйлыққа әр қолға балық беруге болмайды — ол ерекше қорға жиналып, балық өнеркәсібінде істейтін еңбекшілердің материалдық жағдайын жақсартуға арналған заттарға айырбасталып таратылатын болады. Қазірден бастап жоспардан тыс балық аулауға мүмкіндік беретін өз талаптарыңызды жедел хабарлаңыздар». («Ленин және Қазақстан», С. Бейсенбаев, 398-бет).

Лениннің бұл қамқорлығына Гурьевтің балықшылары ерлік еңбекпен жауап берді, 1921 жылғы май айының бірнеше күні ішінде-ақ олар еліміздің өнеркәсіп орталықтарына 23 312 пұттан астам көк серке, 203 пұт қаракөз, ал июнь айында 435 пұт көк серке, 808 пұт қаракөз, 576 пұт уылдырық, июль айында 349 пұт паюс уылдырығын жөнелтті.

Алғашқы бесжылдықтар ішінде, Ұлы Отан соғысы кезінде және соғыстан кейінгі жылдарда Орал мен Каспий балықшылары қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. Төртінші бесжылдықтың басынан бергі мерзім ішінде ғана облыс балықшылары мемлекетке бір миллион 802 500 центнер балық өткізді, яғни үш жылдың жоспарынан тыс 96 мың центнер балық тапсырды. Соның ішінде өткен жылдың үлесі 50 мың центнер жоғары сапалы балық. Балықшылар қауымының еңбектегі табысы биыл да қомақты.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында облыстың колхоздары мен совхоздары ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып, экономикасы еселеп арта түсуде. КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумынан кейін колхоздар мен совхоздардағы жалпы өнім жинаудың мөлшері бұрынғыдан 20,7 процент артты, ал совхоздардағы жұмысшылардың орташа айлық еңбек ақысы 15,4 процент, колхозшылардың еңбек ақысы 13,3 процент өсті.

Өнеркәсіптің жаңа саласын өркендетуде облыстың үлкен перспективасы бар, Гурьевте мұнайдың, балықтың бай қорымен бірге марганец, темір, жез, форфориттер мен тұз сияқты шикі заттардың табиғи мол қоймасы бар.

Қаустикалық және калицинирлік сода, хлор, тұзды және күкірт қышқылдарын, калий тұздарын, натрий сульфатын, табиғи тұзбелер мен жер қыртысындағы судан калий, магний, иод, бром және басқа бағалы заттарды өндіру ісін жолға қоюға болады.

Гурьев облысы мұнай, газ өндірудің, мұнай өңдеудің және химия өнеркәсібінің орталығына айналуға. Осыған орай Батыс Қазақстанның жер байлығын комплексті түрде пайдалану ісін жеделдету, Гурьевте жаңа кәсіпорындар салып, Маңғыстау мен Индерде, облыстың басқа да аудандарында кен-химия комбинаттарын салу қажет.

Осыдан келіп ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен Батыс Қазақстанның табиғат байлығын жедел де толық игеруге бағытталуға тиіс деген қорытынды шығады. Геология, мұнай өндіру, әсіресе мұнай химиясы мен жоғары молекулалы химия қосындыларының проблемаларын шешумен бірге перспективалы технологиялық процестер мен жаңа техниканы игеріп, оны өндіріске енгізу проблемасын да шешу қажет.

Әрине, бұл міндеттерді комплексті түрде жүзеге асыру үшін ғылымның көмегі керек, бұған ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының, завод лабораториялары мен ғылыми-зерттеу станцияларының белсене қатысуы шарт. Өз өлкеміздің қазына-байлығын зерттеп, оны игеруге елеулі үлес қосып келе жатқан бізде бірнеше ғылыми-зерттеу және жобалау институттары бар. Облыс экономикасының әр саласын комплексті түрде өркендету проблемаларын талқылайтын ғылыми-техникалық конференциялар жылда өткізіліп те жатады. Олардың жұмысына Москвадан, Ленинградтан, Алматыдан, Бакуден басқа да ғылыми орталықтардан ғалымдар қатысып отырады.

Жақында Батыс Қазақстандағы мұнайлы ауданның орталығы — Гурьевте өткізілген мұнай химиясы жөніндегі республикалық тұңғыш конференция бұл саладағы қол жеткен табыстарымызды қорытындылап, өлкеде мұнай химиясын өркендетудің перспективасын белгілеп берді.

Кеменгер көсеміміз В. И. Лениннің ұлы өсиеттерін орындай отырып, Совет Одағы Коммунистік партиясының дана басшылығымен облыс еңбеккерлері туған өлкенің тұнып жатқан мол байлығын ел игілігіне айналдыруға, Атырау өңірін мұнай өндіретін, мұнай өңдейтін, мұнай химиясы өнеркәсібінің орталығына айналдыруға барлық творчестволық күш-жігерін жұмылдыруда.



Көсемнің

ЖАРҒЫН БЕЙНЕСІ

ИЛЬИЧТИҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Данышпан көсем туған, балғын балалық, жастық шарын өткізген қадірлі қаланы көруге кім ынтық емес дейсің?! Барған бетте бірден байқайтының: өз елімізден де, шет мемлекеттерден де ағылып келіп жатқан халық. Делегациялар, туристер, саяхатшылар, жолаушылар... қысы-жазы ешбір толастамайды. Келушілер әсіресе биыл көп екен. Неге десекіз, Ильичтің жүз жылдығы таяп қалды... Майдың шуақты күндерінің бірі. Өзен вокзалына бұл жолы журналистер бас қосты. Олар ұлан-байтақ Отанымыздың түс-тұсынан келген. Журналистика жөніндегі Бүкіл одақтық лениндік оқу осы арадан басталмақ. Әрі қарай ұшқыр қалам иелері «Алеша Попович» теплоходымен орыстың ұлы өзені — Волга айдынына шығады. Жолшыбай — Ильич болған Қазан, Горький, Ярославль шаһарлары. Лениндік оқудың аяқталар жері революция бесігі — Ленинград.

...Міне кемеңгер көсеміміз туып, өскен қаланы аралап кеттік. Ульяновск! Ол бәрімізге етене жақын, күллі еңбекші халықтың ерекше бір қымбат тұтатын қаласы. Себебі, ол — Владимир Ильич Лениннің отаны, ол — адамзаттың алыбын ұшырған ұя, Ульяновтардың революцияшыл семьясын қанаттандырған, түлеткен қасиетті мекен. Ендеше кім-кімнің де осы қалаға алғаш аяқ басқанда біресе жүрегі төлқып, біресе көкірегін қуаныш кернейтіні ақиқат. Бәрінен де көсем өміріне байланысты ескерткіш орындарды аралап көруге не жетсін!..

Ульяновскідегі ең басты мемориалдық ескерткіш — В. И. Лениннің Музей-үйі. Ол қаланың қазіргі Ленин (бұрынғы Москва) көшесінде. Владимир Ильич бұл үйде 1878 жылғы августан 1887 жылғы июнге дейін, тоғыз жылдай тұрған, осында Симбирск гимназиясын бітірген. Музей 1929 жылы 7 ноябрьде, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 12 жылдығы күні ашылған. Оны ашуға Анна Ильинична Ульянова-Елизарова, Мария Ильинична мен Дмитрий Ильич Ульяновтар бас-қоз болса керек. Музей-үй ашылардан бір жыл бұрын, 1928 жылы сентябрьде Ульяновскіге М. И. Ульянова мен Н. К. Крупская келіп қайтады. 1936 жылы Мария Ильинична тары келіпті. Апалы-сіңлілі Ульяновалар өз семьясының тұрмыс жағдайын еске түсіріп, үй жиһаздарын іріктейді, бұларды әр бөлмеге орны-орнымен жайғастырады, өздерінің туған-туысқандары жайлы құнды деректер береді. Ал Дмитрий Ильич бөлмелердің орналасу жоспарын өз қолымен сызып көрсетеді.

Музей ашылып, Ульяновтардың бұрынғы үйі қалпына келтірілгеннен кейін В. И. Лениннің апасы мен қарындасы, інісі дән риза болып, шын көңілден ізгі пікір жазып қалдырады. А. И. Ульянова-Елизарова: «Лениннің Музей-үйі Владимир Ильич тұрған кездегі тұрмыс қалпымызды жалпы алғанда дұрыс көрсетеді, музей қызметкерлерінің үйді қалпына келтірудегі соншалықты ұқыптылығы мен ізеттілігін атап өтуге тиіспін» десе, М. И. Ульянова: «Владимир Ильичтің және біздің бәріміздің балалық шағымыз өткен бір кездегі ата қоңыста болу қандай ғанибет десенізші. Музей тап-тұйнақтай баяғы жылдарымызды айна қатесіз көз алдына келтіреді» деп жазған. Музейді 1942 жылы көрген Дмитрий Ильич: «Сонау күндеріміз қайта елестегендей болды. Анамды, әжемді, Володаны көргендеймін, дауыстарын естігендеймін... Сүйіскі де алулы образдар еске түскенде көрі көзге жас та келіп қалады» деген.

Шынында да осы бір аласалау келген араш үйге кіргеннен-ақ ұлы адамның жас

Аездегі бейнесін көз алдына елестетесін, оның оқу жылдарын, семьясының үй тұрмысын білесін. Музей қызметкерлерінің айтуынша, бәрі сол баяғы қалпында: бөлмелердің орналасуы да, мебель де, кітаптар да, басқа жиһаздар да, тіпті жардағы әшекейлер де бір кездегі Ульяновтар семьясы тұрғандағыдай. Бұл үйді Илья Николаевич 1878 жылдың августта сатып алады. Бұған дейін олар Симбирскіде бірнеше пәтерде тұрған. Нижний Новгородтан (қазіргі Горький) ағаш осында көшіп келгенде Ульяновтар Стрелецкая көшесіндегі кішкентай ағаш үйден пәтер жалдайды. Мұны жазушы Мариэтта Шагинян өзінің «Ульяновтар семьясы» деген роман-хроникасында былай суреттейтін еді. «Ауновский бұларға пәтерді Стрелецкая көшесінің бойынан тауып берген болатын. Бұл көшенің бір шеті шағындау Никольск шіркеуіне кел түйықталатын еді де (ол шіркеу қазір жоқ, бұзылып, орнына үй салынған), екінші шеті қаладан шыға берістегі түрмеге барып тірелетін-ді. Көшенің осы ең шет жағындағы Прибыловскийдің үлкен усадьбасына жанаса салынған шағын үй бар. Бұлардың жалға алған пәтері сол еді». Міне осы пәтерде Ульяновтардың үшінші перзенті Владимир Ильич дүниеге келген.

Әдетте В. И. Лениннің Музей-үйін аралау қонақ бөлмеден басталады екен. Бұл өзі кең, жарық бөлме, ішінде ескі рояль, диван, айыл тұр, ортада дөңгелек стол, айнала бірнеше кресло. Терезе алдына гүл қойылған. Басқа торыз бөлме сияқты, мұнда да бірде-бір картина, фотосурет, кілем жоқ. Жалпы Ульяновтар өте жұпыны тұрған, дүниеге қызықпаған, бар асыл мүлкі әлгі рояль көрінеді, той-тойырды, жиын-думанды жақтырмаған. Қонақ үй семья мүшелерінің тынығатын орны екен. Мария Александровна рояльда ойнап, балаларына әндер мен романстар, А. Н. Верстовскийдің «Аскольд бейіті» операсынан үзінділер орындайтын.

Қонақ бөлмемен қатар В. И. Лениннің әкесі Илья Николаевичтің бөлмесі. Симбирск губерниясы халық училищелерінің инспекторы, кейін директоры өз заманында озық ойлы педагог болған. Ол халық ағарту қызметін жан-тәнімен атқарған. Қазан университетін бітіргеннен кейін Илья Николаевич 14 жыл бойы Пенза мен Нижний Новгородта физика мен математикадан сабақ береді. 1869 жылы Симбирск губерниясына ауысады. Илья Николаевич жаңадан мектептер ашуға, мұғалім кадрларын тәрбиелеуге, бұратана ұлттардың балаларын оқытуға көп көңіл бөледі. Ол қызмет істеген жылдары Симбирск губерниясындағы мектептер саны 89-дан 434-ке жеткен.

Үй иесінің бөлмесіне кіріп барғанда бірден көзге шалынатын нәрсе, стол үстіндегі педагогикалық әдебиеттер мен халық ағарту саласындағы документтер. Мұнда Симбирск губерниясындағы халық училищелерінің жай-күйді туралы жазылған есеп, К. Д. Ушинскийдің тәрбие туралы кітабы, Н. А. Некрасов өлеңдерінің қарындашпен әр жеріне белгі соғылған бір томдығы, инспектордың мөрі бар. Столдың ортасында Илья Николаевичтің ұстаздық-қызметінің 25 жылдығына байланысты жолдастары сыйға тартқан үлкен сия сауыт. Бұл кабинетте қара былғары диван, кітаптарға толы шкаф, дөңгелек стол тұр. Илья Николаевичтің қыста ел аралауға шыққанда киетін тоны, қалта сағаты осында сақтаулы. Шкафтағы кітаптардың арасынан «Отечественные записки», «Современник» журналдарын көруге болады. Белинский мен Чернышевскийдің, Добролюбов пен Герценнің революциялық-демократиялық идеяларынан нәр алған Илья Николаевич Ульянов өз балаларына осы идеяларды дарытуға барынша күш салды.

Музейге келушілер Мария Александровнаның бөлмесіне біраз кідіреді. Владимир Ильич өзінің анасын жағындай жақсы көрген. Осы бөлменің табалдырығын аттағанда қазақтың «Алып анадан туады» деген мәтелі еске түседі. Расында да абзал ананың жап сұлулығы мен моральдық қажыр-қайраты, рухани өмірі ғажап. Ол өзінің бүкіл өмірін балаларын тәрбиелеуге арнады. Балалары революциялық күрес жолына түскенде отыз жылдай қиыншылық тұрмыстың тауқыметін тартты, балаларының 19 рет тұтқындалуына төзді. Мария Александровна өз балаларының тұңғыш мұғалімі еді. Оның бөлмесінде Самара училищесі дирекциясының мұғалім деген атақ берген күәлігі сақтаулы. Стол үстіндегі Толстойдың, Тургеневтің, Некрасовтың, Петенің, Шиллердің, Шекспирдің, Гюгеның шығармалары Мария Александровнаның қаншалықты көп оқығанын аңғартқандай. Ол неміс, ағылшын, француз тілдерін өте жетік білген. Мария Александровна өз балаларын жас күнінен еңбекке үйреткен, қыздары кесте тігіп, ұлдары ағаш жарушы еді. Үлкен ұлы Саша жасап берген нан сақтайтын тақта мен жіб салатын қобдишаға жұрт қызыға қарайды.

Асхана — Ульяновтар үй ішінің бір мезгіл сабақ әзірлейтін, кітап оқитын, шахмат ойнайтын, ойыншық жасайтын, пікір таластыратын бөлмесі. Мария Александровна іс тігіп, Илья Николаевич балаларымен шахмат ойнап, кішкентай Митя мен Маяша ойынының қызығына түсіп, үй ішінің мәз-майрам болып жататын бөлмесі осы. Септі күндері мұнда балалардың «Субботник» атты қолжазба журналы талқыға түседі.

Журналдың редакторы Александр Әдеби сымалысы, өздері қалайындап айтатындай, «сүйіштің Велинский» Анна, тұрақты қызметкері Володя болған.

Балабақардың бөлмелері музейдің үстіндегі жартылай қабырғасында. Бірақ үшеуінің әрқайсысында бір-бір бөлмеден болғандықтан, кішілері Ольга, Дмитрий, Мария үшеуіне бір бөлме тиген. Осы шағын-шағын бөлмелерді аралап шыққандай кейін алатын бірінші әсері — олардың кішілейдігі мен зеректігі, еңбек сүйіштігі, дарындылығы мен таланттылығы. Бәрі де сабақты жақсы оқыған, бәрі де гимназияны алтын медалмен бітірген. Мысалға өмірден қызығы кеткен Олараны алыңыз. Володаның өзіне тетелес қарындасы төрт жасында хат тапиды да, мектеп жасына жеткенде бірден гимназияның төртінші классына түседі, гимназияны алтын медальмен бітіреді. Жастайынан алтыр Ольга неміс, француз, ағылшын, швед тілдерін тәуір біліп шығады, кейінірек Петербургтегі Жоғарғы әйелдер курсына түскенде қоғамдық ғылымдармен аяусызенеді. Музей-үйдің ішіндегі астында саясатшы «Континенталь» бірінші томының үшінші тарауына Ольга қонымен жазылған конспект — зерек қыздың ақыл-ой парасатының күәсі. Ульяновтардың қай баласы болса да міне осындай аса талапты еді. Анна, Дмитрий, Мария саяси күресінің ортасында шынығып, белгілі революционер болды. Ұлы Октябрьден кейін социалістік құрылысқа бөксен ат салысты.

Александрдың бөлмесіне кіргенде ең алдымен шағын стол үстіндегі химия аспаптарына, қабырғадағы екі қатар кітап сересіне, географиялық карталарға көзін түседі. Александр химияны, биологияны, физиологияны жақсы көрген. Сапаны Владимир Ильич өзіне үлгі тұтушы еді, оның жігер-қайратына, табандылығына, еңбек сүйіштігіне өзі еліктеуші еді. Музей қызметкері Валентина Михайловна Бученатова мынадай бір әңгіме айтты. Бірде апасы Анна Сапандан: — сеніңше, адамдағы ең бағалы қылық қандай? — деп сұрайды. — Суайттық пен жорқақтық, — деп жауап береді Сапа. В. И. Лениннің агасының адамгершілік қасиеттеріне өзінің гимназияда «Қоғам мен мемлекетке пайдан тиді үшін не керек?» деген тақырыпта жазған шығармасы дәлел. Мәселен, оның жазуында, бұл үшін «адамға керек: 1) адалдық, 2) еңбек сүйіштігі, 3) сабырлы мінез, 4) ақыл, 5) білім».

Симбирск гимназиясын алтын медальмен бітірген Александр Ильич Петербург университетіне түсіп, өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына айрықша бейім бар екенін байқатады. Профессорлар одан жаратылыс танудың ірі ғылымы шығады деп үміттенеді. Бірақ ол қоғамдық-экономикалық мәселелерді де терең зерттейді. Университеттің соңғы курсында жүргенде Александр Ильич патшаға қарсы заговорға қатысады, сол үшін дара асылады. Анна Ильичтің кейін былай деп жазды: «Александр Ильич ерлікпен қаза тапты, ал оның қаны революция отының шатағындай артында кеше жатқан інісінің, Владимирдің жолына жарық сәуле түсірді».

Бұл оқиға Владимир Ильичтің гимназия бітіретін жылына деп келіп еді. Ол агасының қазаына қатты қайғырды. Бөлмеде ересіл-қарсылы жүріп алып, күйзелген сәттері аз болған жоқ. Бірақ Владимирдің ұнжырғағы түскен жоқ, қайта қайғыға қайыспай төтеп берді. Александрдың күрес тәсілін ұнатпаған ол өзінің ақыл-парасаты, айқын мақсаты, қайрат-жігері арқасында: «Иә, біз басқа жолмен жүреміз. Мұндай жолмен жүру керек емес» деп батыл айта алған еді.

Владимир Ильичтің бөлмесінен талай экспозициямен, оның ішінде Володя Ульяновтың оқулықтарымен, сүйікті кітаптарымен танысамыз. Жастайынан кітапқа құмар ол гимназист кезінде орыс және шетел жазушыларының көптеген шығармасын оқыды. Романдар мен повестерден оған бөрінен бұрын қаһарман тұлғалар ұнады. Оның сүйікті кейіпкерлері Спартак, Гарибальди, Тарас Бульба еді. Владимир Ильич Некрасовтың барлық өлеңін жатқа білді, он бес жасында Некрасов шығармаларымен танысты. Володя Велинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Герценнің еңбектерін оқыды. Әсіресе оған Н. Г. Чернышевскийдің әсері күшті болды. «Не істеу керек?» романы — Владимир Ильичтің құмарға оқыған шығармаларының бірі. Музей экспозицияларынан Володя Ульяновтың өмірге революциялық көзқарасы тым ерте қалыптаса бастағаны аңғарылады. Мұны тіпті оқушы кезіндегі жазба жұмыстары айқын дәлелдейді. Бір ретте тіл мұғалімі «саясатқа араласпай-ақ қой» деп, оған дәптерін қайтарып береді. «Қайдағы езілген тап туралы жазып отырсың, осының саған қанша қажеті бар еді» дейді екен мұғалім.

В. И. Лениннің Музей-үйін ашылғаннан бері 5 миллион адам көрген. Музейге келушілер өздерінің шын жүректен шыққан ізгі ойларын жазып қалдырған. Музей кітабындағы мың сан жазулардан ұлы көсемге деген зор сүйіспеншілікті көресің. Расында да В. И. Лениннің Ульяновскідегі Музей-үйі — миллиондаған адамдардың тәлімі, гират аларлық орны. Чуваштың халық ақыны Педер Хузангайдың сөзімен айтсақ, «мұнда дүние жүзінің барлық елі, барлық ұлты болды. Ал бола алмағандары бәрібір түбінде болады».

Бүкіл одақтық лениндік оқуға келген журналистер бұдан кейін Владимир Ильич оқыған бұрынғы Симбирск гимназиясының үйін аралап көрді. «Оқу оған жеңіл соқты, — деп жазған еді А. И. Ульянова-Елизарова, — төменгі кластардан бастап-ақ ол үздік оқушы саналды, кластан класқа көшкенде бірінші наградтарды алып отырды». Кезінде бұл гимназияда талай атақты адамдар оқыған. Олардың ішінде белгілі ақын Дмитрий Дмитриевич Минаев, орыстың әйгілі әншісі Дмитрий Николаевич Садовников, чуваштың демократ-ағартушысы Иван Яковлевич Яковлев, советтің тамаша физигі Игорь Васильевич Курчатov, Социалистік Еңбек Ері, академик Владимир Петрович Филатов бар.

Қазір бұл — В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектеп үйі. Мектептің сыртына ескерткіш тақта орнатылған, кіре-беріс ішіне «Ульянов — гимназист» деген мүсін қойылған. Владимир Ильич 7-класта оқыған бөлме қазір музей. 1954 жылдан бері бұл бөлмеде сабақ өткізілмейді, тек бірінші класс оқушылары алғашқы сабағын осында бастайды. Бөлмеге кіре бергенде «Мұнда 1885—1886 жылдары Владимир Ильич Ульянов-Ленин 7-класта оқыды» деген жазуға көзін түседі. Еңсесі биік осы бөлме ішінде үш қатарға қойылған он үш парта, мұғалім отыратын орындық, кафедра, тақта бар, қабырғада карталар ілулі. Класс бөлмесі баяғыда данышпан көсемнің бала күнін көрген, оның көңілді күлкісі мен әзіл-қалжыңын естіген. Терезе жақтары соңғы партада: «Осы жерде VII класс оқушысы Владимир Ульянов отырды» деген жазу тұр. Ол оқыған басқа кластарда да ескерткіш тақта бар. Симбирск гимназиясының акт залында 1887 жылғы 5 майдан 6 июньге дейін Владимир Ильич оқу бітіру емтиханын тапсырған болатын. Қазір мұнда № 1 мектептің салтанатты жиналыстары өтеді, оқушылар кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсырады, октябрияларды пионерге қабылдау да, комсомол билетін тапсыру да осында жүргізіледі. Мектепте Володя Ульяновтың табельдері, мақтау қағаздары, кәмелеттік аттестаты, университетке түсерде дирекциядан алған мінездемесі қастерлен сақтаулы. В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектеп 1966 жылы 30 сентябрьде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша балаларды оқытудағы табыстары және жас ұрпақты В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің жарқын үлгісіне тәрбиелеу жөніндегі зор түсінік жұмысы үшін Ленин орденімен наградталды. Сол сияқты мектепке 1967 жылы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің Ескерткіш туы табыс етті.

Ульяновскіде лениндік орындар көп. Қала еңбекшілері көсем өміріне байланысты ескерткіш үйлерді барынша қастерлейді, мұқият күтеді. Владимир Ильич балалық шағын (1870—1875 жылдар) өткізген Ульянов (бұрынғы Стрелецкая) көшесіндегі № 21 үйде қазір В. И. Ленин атындағы балалар кітапханасы. 1875—1876 жылдары Ульяновтар семьясы тұрған, Ленин көшесіндегі № 72 үй — қалалық кітапхана. Лев Толстой көшесіндегі № 28 үйде де ескерткіш тақта бар. Онда да Ульяновтар семьясы тұрған. Кітап сарайының — В. И. Ленин атындағы облыстық кітапхананың әсем үйі № 1 орта мектептен онша қашық емес. Бұрын бұл Дворяндық жиналыс үйі екен, ал төменгі қабатында Карамзин кітапханасы жұмыс істепті. Владимир Ильич осы кітапхананың тұрақты оқушысы болған. 12 сентябрь көшесіндегі скверде Илья Николаевичтің зираты. Оған таяу жерде советтің атақты мүсіншісі М. Манизер жасаған, И. Н. Ульяновтың ескерткіші. Қаланың темір жол вокзалындағы алаңда мүсінші В. Цигаль жасаған «Ленин — гимназист» деген ескерткіш аңадайдан көз тартады. Ульяновскіде В. И. Лениннің Орталық музейінің филиалы жұмыс істейді. Владимир Ильичтің көбіне тынығып, серуендейтін жері — Волганың биік жар қабағындағы Венец деп аталатын қырқа. Осы арадан ол ұлы өзенді тамашалап, таңертең күннің шығуын бақылайды екен, бір мезет өрден төмен қарай құлдилап түсіп, жұк тиеушілер мен бурлақтардың тіршілігіне көз тіккен. Қазір Венец — қала тұрғандарының демалатын бульвары. Совет адамдарының қажырлы еңбегімен жасалған Куйбышев су қоймасының о шеті мен бұ шеті Венецтің жүз елу метр қырқасынан қарағанда тіптен көз жеткісіз. Соран таяу орталық алаңға орнатылған В. И. Лениннің зәулім ескерткіші — қаланың көркі. Журналистер ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Кемеңгер көсемнің туғанына 100 жыл толу алдында КПСС Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің шешімі бойынша Ульяновскіде Лениндік Мемориалдық орталық салынып жатыр. Мұның езі мрамордан, металдан және шыныдан жасалатын сәнді де өзгеше ескерткіш болмақ. Осы бүкіл одақтық комсомолдық екпінді құрылыста еліміздің барлық республикасынан келген жастар білек сыбана еңбек студе. Мемориалдық орталықта В. И. Лениннің Орталық музейінің филиалы, Ленин залы, саяси ағарту үйі, үлкен концерт залы болады. Мемориалдық орталық колонналарының ортасынан бір кезде көсем тұраған ағаш үй бұрынғы өз орнын алады. Мемориалдық орталықтың үйлері мен залдарында ұлы адамның бүкіл өмір жолы елестетілуге тиіс, әсіресе Ленин залы айшықты безендіріліп, оған нешәтүрлі мүсін көрік береді. Осы жазап құрылысқа

таяу жерде 23 қабатты «Венец» мейманханасы, Илья Николаевич Ульянов атындағы педагогикалық институттың оқу қорпусы салынып жатыр. Мемориалдық орталық төңірегінен жасалатын алаңға Лениннің анасы Мария Александровнаның ескерткіші орнатылмақ.

Ульяновск облыстық партия комитетінде журналистика жөнінде Бүкіл одақтық лениндік оқуға қатысушылар үшін баспасөз конференциясы өткізілді. Конференцияда педагогикалық институттың кафедра меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты Н. Д. Фомин «Ленин және Симбирск» деген тақырыпта лекция оқып, көптеген қызықты деректер келтірді. Владимир Ильич Симбирскіден 1887 жылы кеткен. Содан қайтып туған жеріне соға алмаған. Бірақ Ленин Симбирскімен байланысын үзбеген, телеграммалар, хаттар жолдап, губернияның хал-жағдайын біліп отырған. Лениннің 15 ірі еңбегінде Симбирск губерниясы туралы сөз болады, сол сияқты оның 100-ге жуық телеграммасы туған қаласының әртүрлі мәселесін қамтиды. Облыстық партия комитетінің секретары В. И. Сверкалов данышпан көсемнің торқалы тойы қарсаңында жүргізіліп жатқан саяси-тәрбие жұмысының жайына, әсіресе бұл істе В. И. Лениннің өмірі мен қызметіне байланысты ескерткіш орындарды пайдалану тәжірибесіне тоқталды. Былтыр В. И. Лениннің Музей-үйінде 680 мың адам болды, көсем туралы фильмдерді 800 мың адам көрді. 1960 жылдан бастап мұнда жыл сайын лениндік музыкалық фестиваль өткізіледі. Облыстық «Ульяновская правда» газеті «100 лениндік бет» сериясын жариялап келеді.

Совет өкіметі жылдарында бұрынғы Симбирск керемет өзгерді. Қазір ол — сәулетті де көрікті қала, Поволжьедегі ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі. Ульяновтар семьясы көшіп келген тұста мұнда 30 мың тұрғын болса, қазіргі Ульяновскінің 330 мың халқы бар. Ескі Симбирскінің құрылысы түгелдей араш үйлер еді, азын-аулақ ұсақ кәсіпорындар темір-терсек, ыдыс-аяқ қана шығаратын, қала толған шіркеулер мен монастырьлар, кабактар еді, жалғыз ғана аурухана болатын. Симбирскіден шыққан атақты жазушы И. А. Гончаров өзі тұшып, өскен өлкенің осындай мүшкіл кейпін әйгілі «Обломов», «Жар» романдарында шынайы суреттеп кетті.

Совет өкіметі жылдарында Ульяновскіде заводтар мен фабрикалар көбейді. Әсіресе мұнда машина жасау, станок жасау өнеркәсібі қарыштап дамыды. Ульяновск автомобиль заводының даңқы шартарапқа кетті. Қалада қазір 3 институт, 9 техникум, 139 кітапхана, 9 кинотеатр, драма театры, филармония бар. Бүгінгі Ульяновскіде көп қатарлы тұрғын үйлер, мектептер, магазиндер, мәдениет сарайлары көп. 1970 жылы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне елімізден және шет елдерден келетін сан мың мейман Ильичтің туған қаласының жанарған бейнесін қызыға көреді. Күндердің күнінде Ульяновск Волгадағы ең сұлу қала, ескерткіш-қала болатыны сөзсіз.

Т. ҰДЫРЫСОВ.

Ульяновск — Алматы.

КОЛХОЗ ӨМІРІНІҢ ЗАҢЫ

Колхоз өмірінің негізгі заңы — ауыл шаруашылығы артелі Уставы жобасының баспасөзде жарияланып, көпшіліктің талқылауына салынуы еліміздің өміріндегі үлкен оқиға. Маған бұл документтің әрбір сөзі қымбат. Жобаны оқып отырғанда ойыма шаруа өмірінің өткені мен бүгіні оралады. Өзімше ой таразысына салып салыстырамын.

Кемелгер көсеміміз В. И. Лениннің ауыл шаруашылығын кооперативтендіру жоспары бүкіл елімізде салтанат күрді. Тарихи қысқа мерзімде еліміз ауыл шаруашылығы дамыған ірі социалистік мемлекетке айналды. Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында шаруалардың көсегесі көтерді, шат тұрмысқа кенелді. Бұған мысалды өзім басқаратын колхоздан келтірейін. Өткен жылы әр колхозшының орташа айлық еңбек ақысы 91 сом, ал кейбір озаттардың табысы бұдан үш-төрт есе көп болды. Колхозшылардың бір жыл ішіндегі еңбек күніне, ақылы демалысына төленген қаржыны қосса есептегенде 2,7 миллион сом берілді.

Бізге колхозшыларға еңбек ақысы сақталатын демалыс көптеп бері беріліп келеді. Сол секілді наукастанып қалғандарға, өндірісте жарақаттанғандарға, екі-кабат әйелдерге айлық еңбек ақысының орта мөлшері есебімен ақша төленіп жүр.

Бүгінде колхоздағы еңбек жасынап асқан қарттар мен мүгедектер «қайтіп күн көремін» деп қам жемейді, пенсия алады. Колхоз көрсететін көмек және бар. Бұл күнделікті өмірімізге әбден сіңісіп, дәстүрге айналып кеткен. Мұндай игіліктерді пайдалану ата-бабаларымыздың ойы түгіл, түсіне еңбегені белгілі. 1915 жылы патша үкіметінің оқу министрі Игнатьев орыстарды сауаттандырудың «ұлы программасын» жариялады. Онда орыстардың сауатсыздығын 2115 жылға дейін жою белгіленді. Осының өзі патша үкіметіне ұлы іс болып көрінді.

Патша өкіметінің сан ғасыр бойы өресі жетпеген, оларға асу бермес асқар шындай, алынбас қамалдай болып көрінген бұл істі Совет өкіметі ширек ғасырға жетпейтін уақыт ішінде жүзеге асырды. Бүгінде советтік деревняның қай-қайсысынан болсын сауатсыз адамды кездестіру қиын. Ұлан-байтақ өрісті төрт түлікке толтырған малшыларымыз бен даламызды жайқалта егін өсірген дикандарымыздың ішінде орта білімді, арнаулы мамандықтары бары қаншама десенізші! Бұрын жер тісағашпен жыртылатын, егін қол орақпен орылып, дәнбекпен бастырылатын. Қазір олардың орнын қуатты тракторлар, комбайндар басты. Осының өзі кешегі шаруа мен бүгінгі шаруаның арасындағы айырманы айқын аңғартқандай.

Тым әріге бармай-ақ колхозшылардың Бүкілодақтық екінші съезінен бергі жерде болған өзгерістерді оймен шолайықшы. Содан бері де елеулі өзгерістер жасалды емес пе. Аз уақыт ішінде ұсақ шаруашылықтар біріктіріліп, ірілендірілді. Мұның өзі ауыл шаруашылығы артелінің күш-қуатын, экономикасын бұрын болып көрмеген жаңа сатыға көтерді. 1930-жылдардың ішінде қазіргі Іле, Талғар аудандарында 32 колхоз бар еді. Оларды қамтитын МТС-те 50 трактор болатын. Қазір бұл аудандарда шаруашылықтардың саны бұдан екі есе аз. Ал оның есесіне олардың техникамен жарақтануы әлденеше есе артық. Бұған бір ғана біздің колхозда 182 трактор, 60 комбайн, 70 автомашина, толып жатқан басқа да механизмдер барын айтудың өзі жеткілікті. Осының өзінен-ақ ауыл шаруашылығы Уставы жобасында алға қойылған басты міндет — шаруашылық салаларын комплексті механикаландырудың кең өріс алып келе жатқанын көреміз. Өткен жылы колхоздың 5 372 мың сом табыс тапқанын, оның 2 469 мың сомы қант қызылшасынан түскенін атап айтқан жөн.

Сонғы жылдары шаруашылықтарды белгілі бір кәсіпке мамандандыру жүзеге асырылуда. Мұның пайдасы сол, колхозшыларды бір салаға мамандандыруға күш-мүмкіндікті оны өркендетуге жұмылдыруға жағдай жасайды. Оның үстіне сол саладағы қол еңбегін көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруды жақсартуға жол ашады. Осы

жайлар Устав жобасында дұрыс қамтылған. Біздің колхоз қаңт қызылшасын өсіруге бейімделген. Осыдан он жыл бұрын бұл дақылдың көлемі 835 гектар еді, өткен жылы ол 2 250 гектарға жеткізілді. Салыстырып отырған мерзімде қызылшаның шығымдылығы 380 центнерден 424 центнерге көтерілді. Қызылша егісінің көбеюіне байланысты оны күтіп баптайтын, суаратын, өнім жинайтын механизмдердің қуатын пайдалану жақсарды, біраз жаңалықтар енгізілді. Мәселен, қызылшаның дара ұрықты тұқымын дәл түсіретін пунктирлі сеялқамен себу, өсімдікті механизм күшімен сирету жүзеге асырылды. Плантацияны суаруда жаңбырлатқыш қондырғы кеңінен қолданылуда. Былтыр тәтті тамырды жинау түгелдей механизм күшімен атқарылды.

Бұрынғы Уставта жерді мелиорациялау, еңбекке кепілді ақы төлеу, шаруашылық есеп, рентабельділік секілді атаулар мүлде болмайтын. Бұл колхоз өміріне соңғы кезде сіңген жаңалықтар. Уставтың жаңа жобасына осылардың енгізілуі де құптарлық жәйт.

Жобада колхоз басқармасы мен тексеру комиссиясын сайлау мерзімі бір жылға ұзартылыпты. Меніңше, бұл әлі де аз. Төрт жылда бір рет сайланғаны жөн. Жобаның 56-пунктінде «колхоз басқармасын, председателін және тексеру комиссиясын сайлау колхозшылардың жалпы жиналысының ұйғаруы бойынша ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі» делінген. Соңғы жылдары қолданылып жүрген сайлаудың ашық түрі колхозшылардың өз пікірлерін еркін білдірулеріне оңшама қолайлы жағдай жасамайды. Мен сайлаудың жасырын, жабық жүргізілуін жақтаймын. Осы тәртіп бригадирді, бөлімше немесе учаске басқарушыларын сайлауда да қолданылғаны жөн. Олар колхозшылармен қоян-қолтық еңбек етеді. Сондықтан бригаданы, бөлімше немесе учаскені басқаруға кімнің лайық екенін басқарма мүшелерінен гөрі олар жақсы біледі. Бұлай ету олардың колхозшылар алдындағы жауапкершілігін күшейтеді, беделін арттырады.

Колхозымыз астана іргесінде. Кейбір колхозшының семья мүшелерінің көбі қалада еңбек етеді. Бірақ колхоздың барлық игіліктерін басқа колхозшылармен бірдей пайдаланады. Тегінде олардың үй іргесіндегі жерінің көлемін, ұстайтын малының санын кеміткен жөн.

Жаңа Устав жобасында колхоздан шығатын адамның арызын қарап шешу мерзімі тым ұзақ көрсетілген. Оны үш айдан бір айға қысқарту қажет. Мәселен, жас колхозшының арнаулы оқу орнына түскісі немесе басқа бір жердегі адамға тұрмысқа шыққысы келеді екен делік. Сонда олардың өтінішін қарауды ұзаққа созудың, тостырып қоюдың қажеті не?

Уставка колхоз басшылары мен мамандарының еңбек ақысының тұрақты болмауы жайлы да пункт енгізген мақұл. Өйткені тұрақты еңбек ақы оларды еңбек етуге ынталандырмайды. Ал еңбек ақы оларға өндірілген өнімдердің көлеміне, шаруашылықтың рентабельділігіне қарай төленсе, сонда олар егін шығымдылығына, малдың өнімділігіне селқос қарамас еді.

«Колхоздың өндірістік-шаруашылық және финанс қызметі» бөлімінің 23-пунктің оқынызшы: «Колхоз мүшелерінің міндеттемелері мен борыштарына колхоз жауапты емес. Колхоздың міндеттемелері мен борыштарына колхоз мүшелері өз мүлкін төлеп жауап бермейді» делінген. Мұны Уставка енгізудің не қажеті бар? Мен ұзақ жылдар бойы колхоз шаруашылығын басқарып жүріп мұндай фактіні кездестірген де, естіген де емеспін.

Колхозға мүше қабылдауды салтанатты жағдайда өткізген жөн. Мүшелікке өтетін кісі колхозшылар алдында артель байлығын молайту жолында аянбай еңбек етуге серт беруге тиісті. Бұл оның колхозшылар алдындағы жауапкершілігін күшейтеді. Сондықтан мұның да Уставка енгізілуі қажет тәрізді.

Ф. ГОРКОПЕНКО,

«40 лет КазССР» колхозының председателі,
Социалистік Еңбек Ері.

Алматы облысы,
Іле ауданы.

ҰСЫНЫС. ОЙ-ПІКІР

Колхоздың (ауыл шаруашылығы артелінің) үлгі Уставының жобасы баспасөзде жарияланғаннан бері оны жалпы халықтық талқылау жүріп жатыр. Устав жобасын талқылауға республикамыздың ауыл-село еңбеккерлері, ауыл шаруашылығы мәселелерімен шұғылданытын ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері сол секілді басқа да мамандықтың өкілдері белсене қатысуда. Олар жаңа үлгі Уставының жобасында тұжырымдалған қағидаларды бірауыздан қостай отырып, өздерінің көкейде жүрген ұсыныстарын, ой-пікірлерін ортаға салуда.

СССР-де социализмнің жеңуі, коммунистік құрылыстағы ерен табыстар ұлы Ленин идеялары мен жоспарларының нақты жүзеге асуы арқасында мүмкін болып отырғаны әмбеге аян. Совет халқы коммунистік партияның басшылығымен өте қысқа мер-

зімнің ішінде өмірдің барлық саласында орасан зор өзгерістер жасады. Социализмнің ең маңызды жеңісі — қоғамның әлеуметтік-саяси бірлігі, жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы, халықтар достығы қалыптасып нығайды. Ынтымағы жарасқан халықтар достығы арқасында колхоз құрылысында жаңа жеңістерге қол жетті.

Партия социалистік шаруашылықты жүргізудің лениндік принциптерін творчестволықпен дамыта отырып, өндірістік қатынастарды одан әрі жетілдіру жөнінде елеулі-елеулі шаралар, қолданып, экономикаға басшылық етуге жаңа тұрғыдан қарауды жүзеге асырып келеді. КПСС XXIII съезінде және Орталық Комитеттің Пленумдары шешімдерінде белгіленген партияны қазіргі кезеңдегі экономикалық саясаты практикада толық ақталып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеуде. Мұның айқын мысалы ретінде соңғы үш жылдың ішінде ауыл шаруашылығы өндірісі өсу қарқынының бұдан бұрынғы бес жылдықтағымен салыстырғанда екі есе болғанын айтса да жеткілікті. Редакцияға түсіп жатқан оқушылар хаттарының негізгі арқауы колхоз құрылысының барысында осындай қол жеткен жетістіктерді баяндай келіп, жаңа Уставтың жобасын қуана құптауға барып тірелуде.

Журналдың сан мыңдаған жанашырларының өкілдері жолдаған хаттарда жаңа Уставты қабылдау социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде, деревняда қоғамдық қатынасты, колхоз демократиясын жетілдіруде елеулі қадам, күллі қоғам тұрмыс-тіршілігіндегі аса зор саяси оқиға болмақ деп жазады.

Гурьев облысының Индер ауданындағы Ленин орденді «Передовик» колхозының председатели **Т. Шманов** жаңа үлгі Уставының жобасында: «Колхозда еңбекке ақы төлеу қоғамдық шаруашылыққа әрбір колхозшының жұмсаған еңбегінің саны мен сапасына қарай, жақсы еңбек үшін анағұрлым жақсы нәтижелер үшін анағұрлым жоғары ақы төленеді» деген принциптің енгізілуін колхозшыларды қажырлы еңбек етуге ұмтылдыратын ықпалды күш деп санайды. Мұның өзі түптеп келгенде еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға жағдай жасайды дейді ол.

— Малшы еңбегінің абыройлы да ауыр еңбек екені дүйім жұртқа аян. Біз, қойшылар, өзімізге сеніп тапсырылған мал бағу секілді жауапты міндетті әркез абыроймен ақтап шығу үшін жан-тәнімізбен күресеміз. Қанарлы қыстың ақ түтік боранында, шілденін ысы аптабында қоғам дәулеті, ел ырысы малды аман сақтап, қонды өсіру үшін жастық жалынымызды, алған білімізді аямай жұмсаймыз. Табиғаттың дүлей күшімен жекпе-жек арналыста көбіне жеңіп те шығамыз. Уақытында айғарып, алдын болжай алмағандықтан опық жеп, өкінетін шағымызда аз емес-ау ойлап көрсек. Әйткенмен малшы еңбегі — ел аузындағы аңыз, жазушылар жүрегіндегі жыр-хикая, — деп жазады Қызылорда облысы, Кармакшы ауданындағы Энгельс атындағы колхоздың орденді аға шопаны **О. Бекмырзаев**.

Мен жаңа Устав жобасының VI бөлімінде қажет кезінде колхозшыларға арнаулы киім сатып алу үшін қаржы бөлінетіні туралы айтылғанын оқып қатты қуандым. Бұл өте орынды да дұрыс нәрсе. Алайда күнделікті тәжірибеде көріп жүргеніміздей, арнаулы киімдер көбінесе механизаторларға беріледі. Ал ондай киімдердің малшыға да, күрішшіге де, сауыншыға да керек екені әбден түсінікті. Сондықтан да Уставты қабылдаған кезде: «Аса қажетті арнаулы киімдерді жыл басында колхозшылардың жалпы жиналысының ұйғаруымен өндірістің шешуші саласында істейтіндердің бәріне тегін беру қажет» деген пікірді кіргізсе абзал болар еді, — деп жазады жас шопан.

Жаңа Уставтың жобасында әрбір колхозшы колхоз ісін басқаруға белсене қатысуға, оның басқару органдарын сайлауға және сайлануға, колхоз басқармасы мен онда қызмет істейтін адамдардың жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізуге праволы екені айтылған. Бұрын колхозшылар артель ісіне бұлайша белсене араласпайтын. Себебі басқарудың тек екі органы — колхоз басқармасы мен тексеру комиссиясы ғана сайланатын. Енді жағдай басқаша.

— Біздің колхоздың өзінде қазір басқарма мен тексеру комиссиясы ғана емес, — деп жазады Устав жобасы жайындағы өз пікірінде Талдықорған облысындағы «40 лет Октября» колхозының председатели, Социалистік Еңбек Ері **Н. Головацкий**, — сонымен бірге бригадалар советі, өндірістік учаскелер советі, экономикалық совет сайланады. Бригадирлер бұрынғыдай тағайындалмайды, сайланады. Осы тәжірибені ескере отырып, менімше, Уставта тек бригада советтерін ғана емес, сол секілді оның басшыларын, өндірістік учаске және экономикалық советтерді, сайлау керектігі жайындағы колхозшылардың ұсыныстарын ескеру дұрыс ау деп ойлаймын.

— Үлгі Уставтың жобасында барлық саналы өмірін колхозда өткізіп, мандай терін төгіп, еңбек сіңірген қарт колхозшыларға елеулі қамқорлық жасалған, — деп жазады Жамбыл облысының Қордай ауданынан Социалистік Еңбек Ері, пенсионер-колхозшы **Ы. Данияров**. Жаңа Устав жобасын оқығанда мені ерекше бір сезім билеп алды. Ол — сенің еңбегіңнің ұмытылмағандығы, әлі де ұзақ жылдар бойы қадір-құрмет тұтылатындығы туралы мақтанш сезімі еді. Мен колхозда көп жыл істедім. Еткен еңбектің зейнетін де содан таптым. Еңбек Ері атандым. Құрметті демалысқа шықтым. Сондықтан да колхоз мен үшін өмір жолдас — отауым.

Мен Устав жобасынан кезер әлі де колхозда тұрып жатса, қартайғандықтан немесе мүгедектігінен жұмысын тоқтатқан колхозшылардың колхозға мүшелігі сақталады» деген жолдарды оқығанда шексіз қуандым. Мұндай правоның қарт колхозшылар жүрегіне қуяр нәрі қуатты. Өйткені өзінің сүйікті ортасында, бауыр басқан коллективінде жасынның ұлғайғандығына қарамай қадірменді бола беру кім үшін де ең зор сый-

сияпат. Өз басым жаңа Устав жобасында осындай деп жазылуын коммунистік партияның мен секілді қарт колхозшыларға жасаған ұлы қамқорлығының тағы бір айқын айғағы деп санаймын.

Устав жобасын талқылауға қатысып отырғандар оның әрбір тұжырымын, қағидасын барынша зер сала оқып, әділ қазы — көңіл безбеніне кіршіксіз тартып, жанашыр, қамқор көзбен карауда. Ақтөбе облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының колхоздар жөніндегі аға экономисі С. Қорғанбаев Устав жобасын толық мақұлдайтынын айта келіп, былай деп жазады: Устав жобасының IV бөліміне тиісті 13 пунктте «Негізгі құралдарды және басқа бағалы заттарды сатып алу, сату, браққа шығару және жарамсыз деп тізімнен шығару ісі колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген тәртіп бойынша және қолданылып жүрген заңдар негізінде жүзеге асырылады» делінген. Жарамсыз деп табылған жеңіл автомашиналарды актімен сауда орындары арқылы жеке адамдарға сатуға рұқсат етіледі, бірақ онда колхоздардың жеңіл машиналарды осылайша сатуына болатыны айтылмаған. Солай бола тұрса да Кобда ауданының Ильич, Калинин атындағы, «Серп и молот», «Красный пахарь» колхоздарының басқармалары осы қаулыға сүйеніп, соңғы жылдары колхоздың «Москвич» және «ГАЗ-69» маркалы жеңіл автомашиналарын жеке адамдарға арзан бағамен сатып жіберген. Жүргізуге жарамсыз деп сатылған машиналарды алушылар тез-ақ пайдаға жаратып алады. Бұл ескеретін жай.

Қоғам дәулетін жеке адамдардың өз пайдасына айналдырып кетуіне тыйым салу үшін осы пунктті «негізгі құралдарды сатып алу, жарамсыз деп тізімнен шығару колхозшылар жиналысының қаулысымен жүзеге асырылады. Негізгі құралдардың жаңасы да, көнесі де жеке адамдарға сатылмайды» деп көрсету дұрыс болар еді деп есептейді ол.

Колхоздың (ауыл шаруашылығы артелинің) жаңа үлгі Уставының жобасын талқылауға орай редакцияға хат жолдап, өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныс айтқан оқушылардың ішінде Гурьев облысының Маңкыстау ауданындағы Ақшұқыр селосының тұрғыны Б. Сәрсенов, Жамбыл облысы еңбекшілер депутаттары Қордай аудандық Советінің председателі Ә. Жүргенов, Павлодар облысы Шарбақты ауданының тұрғындары М. Беков, Т. Рақымжановтар бар. Бұл жолдастардың барлығы да шаруалар үшін коммунизм мектебі болып отырған колхоздың бүгінгі қол жеткен-жемісін баяндап, оның ертен шығар асуын мегзейді. Сол жолда жаңа Уставтың атқарар қыруар мүмкіндігін ашып, оны бірауыздан мақұлдайтын мақтаныш сезімдерін білдіреді. Устав жобасын талқылау әлі де жүріп жатыр.

ЫБРАЙ ЖАҚАЕВТЫҢ ӨНЕГЕСІМЕН

Шиелінің желі көктемде бір соқса, көнке дейін басылмайтын әдеті. Бұл әсіресе жерге күріш сепкен диканға көп қиындық келтіреді. Егіске енді жіберілген су көлкіп, әлі нығыздалмаған атыз жиектерін жеміріп бұзады, күріш суын белгілі деңгейде ұстауды қиындатады. Кетілген атыз жиектерін септеу — қамыс, қоғамен бекіту күрішші үшін үлкен күш. Дикан тізеден су кеше жүріп осы жұмысты өзі атқарады. Бұлай етпесен, өнім жоқ.

Сыр бойының атакты диканы, ақ күріштің атасы Ыбрай Жақаев ақсақалды да осындай еңбек үстінде кезіктірдік. Үстінде көнетоз жейде, қап арқалап келеді екен. Қаптарысы — топырақ. Су ортасындағы тілдей атыз жиегін септеу үшін топырақ сырттан тасылады. Ыбекен қабындағы топырақ та осы мақсатқа арналған.

Жасы жетпістен асса да, есімі бүкіл елімізге әйгілі Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты қарт диканның еңбектің қай түрінен болса да қашпайтыны, әлі де жастардан қалыспай қайратты қолмен кетпен сілтейтіні кімді болса да сүйсінткендей.

Ыбекен тегінде көп сөйлемейтін адам. Бұл оның томырықтығы емес, сөзден гөрі істі сүйетін, он ауыз сөз сөйлегенше он рет кетпен шабуды ұнататын табиғи мінезі.

Күнге тотыққан жүзі, маңдайдағы әжім, салалы да қайратты саусақтары оның ес біле диканшылықпен айналысып келе жатқанын, өз өмірі мен бақытын егіншілікпен, жермен байланыстырғанын сездіргендей.

Шынында да солай. Жақаев «Қызылту» колхозының жерінде дүниеге келді. Есейе келе шығыр соғып, тары егетін әкесіне көмектесті. Оның «диқаннан туыппын, диқан боп өсіппін» дейтіні де сондықтан. Отызыншы жылдары колхоз ұйымдасқанда Жақайдың Ыбрай, Боранбай, Қарабай атты балалары коллективтік шаруашылыққа ең алдымен мүше болды, артельдің іргесін көтерісті, оның экономикасы өрлеп, дәулеті тасуының негізін қаласты.

Ыбекең маңдайына алғашқы әжімді Ұлы Отан соғысы салды. Сырапыл соғыс бейбіт елдің тыныштығын бұзды. Ыбрай бауыры Қарабай мен тұңғышы Ақылбекті майданға аттандырып, еңбекке бұрынғыдан бетер құлшына кірісті. Сол кезде жасы елуге келген диқан астық дәнінен дұшпанға арналған оқ жонды, соғысқа кеткен бауыры мен ұлы үшін де еңбек етті.

Ыбрай үйінен Отан қорғауға аттанған қос азамат елге оралмады. Антына, салтына адал олар халық үшін жанын пида етті. Диқан азаматтығы осындай қайғы үстінде ерекше көрінді. Қазалы хабар естіген Ыбекең бор сүйектеніп, шөгіп қалған жоқ, егіс даласын майданға айналдырып, астық үшін аттаныстың алғы шебінде жүрді. Күріш екті, астық молшылығы үшін ат салысты. 1944 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталуы Ыбекенің сол жылдардағы қажырлы еңбегінің айғағы іспетті еді. Жеңіс қуанышына Ыбрай өзі еккен 5 гектар күріштің әрбір гектарынан 156 центнерден өнім алып, тойға Сырдың күміс күрішінен шашу шашты. Бұл сол кезде ешбір диқан жетіп көрмеген биік белес болатын. Ардагер күрішші сол жылы Ленин орденімен наградталды.

Ы Жақаев 1946 жылы өнімді мұнан да асырып, гектарынан 160 центнерден күріш жинады, өзі еңбек ететін «Қызылту» колхозының Шиелі ауданының даңқын шығарды. Сол жылы Сыр топырағында тұңғыш рет Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын алды. Бұл жылдың Жақаев үшін елеулі болатын тағы бір себебі бар. Ол сол жылы Ленин партиясына мүше болды.

Қажырлы күрес, еселі еңбек үстінде уақыт зымырап жатты. 1947 жылы даңқты диқан күрішті егу мен күтудің агротехникасын жетілдіре отырып, дүние жүзілік рекорд жасады. Сөйтіп қарапайым еңбек адамының есімі әлемге әйгілі болды. Әрбір гектардан 171 центнерден күріш өндіру жұмыр жерімізде бұрын-соңды болып көрмеген ерлік, азат еңбектің шырқау биігі еді. Сол кезде алпысты алқымдаған диқан жер бетіне кетпенмен күрішші шежіресін жазды. Үш жыл бойы осы көрсеткішті төмендетпеді. Еңбек майданында жемісті жеңіске жеткені үшін оған 1949 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Коммунист күрішші өз бақытын осылайша еңбектен тапты, күрішшілік оны мұратқа жеткізді, шынға шығарды. Арман алға жетеледі. Диқан өз табысына токмейілденген жоқ. Егіс көлемін ұлғайту қажет деп түйген ол 20 гектар жер алып, келер жылғы егіс қамына кірісті. Бұл 1950 жыл болатын. Егістік ескі, тынайтқышсыз өнім молшылығына жету мүмкін емес-ті. Ол күріштікке қыстай көң тасыды, тұқым әзірледі. Ыбекенің «тұқымын алып жерге бар. Әрбір дақыл тұқымнан өседі, жақсы тұқым — ырыстың жоралғысы. Бәрінің де анасы — жер. Жерді тандай біл, баптай біл. Екінші мәрт болса, жер — жомарт» деген кейіннен Сыр өңіріне кең тараған қанатты сөздері осы тұста айтылған-ды.

Диқан есебінің дұрыстығын келер күз дәлелдеді. Ыбрай 20 гектар күріштің әр гектарынан 65 центнерден өнім алып, 1300 центнер күріш жинады. Жақаев бұл кезде диқандар атасы, мол тәжірибеге кенелген «дала академигі» атанған. Енді ол тек өз плантациясында ғана емес, ауданның басқа күрішшілерінің егістігінде де жиі жүретін. Ақыл айтады, күріш күтімі, су ұстау режимі жайлы кеңестер береді.

Қарт диқанға облыс аудандарынан күрішшілер ағылып келіп жатады. Осы кезде оның жолын қуып диқан болған, Ыбрай атаның ізбасар-

лары атанған звенолар саны көбейді. «Кызылту» колхозында Ыбекең тәжірибесін таратуға арналған озат тәжірибе бөлмесі жабдыкталды.

Жыл өткен сайын өнім мөлшері арта берді. 1954 жылы ол әрбір гектардан 70 центнерден, 1958 жылы 72 центнерден күріш жинады. Сол жылы атакты дикан Корей Халық Демократиялық Республикасына барып қайтты. Тәжірибе алмасты, білгенін үйретті, өзі де күріш өндірісі жөнінде көп жайларды жадына түйді. Осы жылдары ол тағы да Ленин орденімен наградталды.

Дикан ата туралы кітаптар жазылды, әндер шырқалды, оның данқы әлемге кетті. Бірақ мұның бәрі байырғы күрішші мінезіне өзгеріс, көкірегіне тәккаббарлық енгізе алған жоқ. Қанша данққа ие болса да ол сол қарапайым күрішші күйінен танған емес.

Сыр бойының мақтанышына айналған Ы. Жақаев аудандық, облыстық партия конференциялары мен пленумдарының көбіне дерлік қатысып келеді. Ол Қазақстан Компартиясының IV, VI, VII, IX, X съездерінің делегаты болды. Ыбекең КПСС XXIII съезіне делегат болды.

«Тасқын егінді суарсын, селге айналмасын, жел ауаны тазартсын, дауыл боп құтырмасын, күй сәулесін шашсын, өрт болып жандырмасын. Баянды бейбітшілік бар жерде ел көгереді, бақытқа жетеді» дегенді аузынан тастамайтын Ыбрай 1952 жылы Москвада болып өткен бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл одақтық IV конференциясына қатысты.

Ы. Жақаев белгілі қоғам қайраткері. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына төрт рет сайланып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болды. Ол сонда да асып-тасқан жоқ. Өйткені оған менмендік, өзімшілдік секілді мінездер мүлдем жат.

Жазушылар, академиктер, композиторлар, өнер қайраткерлері Ы. Жақаевқа жиі келеді. Қызылордаға соққан атакты кісілердің ардагер диканға арнайы бұрылып, сәлем бере кетпейтіні сирек. Ауыл ағасы Ыбекең мұндай құрметке де шалқыған емес. Еңбекшілдік, кішіпейілділік, қарапайымдылық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттер Ыбекеңе ерекше дарыған қасиеттер.

1963 жыл — облыс дикандары өміріндегі есте қаларлық жылдың бірі болды. Сол жылы күзде «Кызылту» колхозында күрішшілердің жиналысы болып, онда дикандар жақаевшылар қозғалысын ұйымдастыру жөнінде шешімге келді. Бұл қозғалысқа қатысқандар күріш агротехникасын жетілдіре отырып, егіннен мол өнім алуға тиіс еді.

Жақаевшылар қозғалысы аз уақытта аудан көлемінен асып, облысқа тарайды. Сол жылы тек Шиелі ауданында жақаевшылар қозғалысына 45 адам қатысып, бітік күріш өсірді, әр гектардан 50—60 центнерден өнім жинады. Жергілікті партия, совет органдары тарапынан қолдау тапқан, дикандардың өзі ұнатқан қозғалыс уақыт өткен сайын өрістей түсті. Мәселен, 1965 жылы аудан дикандары өндірген барлық күріштің 39 проценті жақаевшылар үлесіне тиді. Ыбекеңнің өнегесі бойынша еңбек еткен З. Ержанова, Е. Жұмабаев, Ш. Қазанбаева, Б. Оразов, С. Тойманов, К. Шүленбаев, Қим Чан Хак, Е. Дүйсеков, А. Жүсіпов сияқты жақаевшылардың есімі облысқа танылды.

Нақ осы кезде дикан ата облыс жастарына хат жолдап, оларды қарттар қолынан еңбек эстафетасын қабылдап алуға шақырды. Өзі де еңбектен қол үзбей, мол тәжірибесін үйретуге, ақыл-кеңес беруге әрдайым уақыт тапты. Жастар үшін Ыбрай атаның қолынан еңбек аттестатын алу зор құрмет болды. Облыстың түс-тұсынан келген жастар данқты күрішшінің еңбек әдісімен танысып, оның қолынан өздері таңдаған дикандық еңбекке жолдамалар алып қайтып жатты. Бұл жолдаманы олар дикан атаның ерен еңбекке мезгеген ақ батасындай сезінді.

Сөйтіп Сыр елінде бұрын Жақаев біреу болса, енді жүздеген жақаевшы жастар шықты. Олар күміс дәппен тау тұрғызды. Бұл күндері облыста Қасым Бөдеев сияқты Жақаевтың ізбасарлары пайда болып, ұстазынан қалыспай еңбек етуде. Олар атакты күрішшілер санатында.

1966 жылы облыс еңбеккерлері Ыбрайдың ата мекені Шиеліде кәдірмен күрішшінің 75 жасқа толған мерекесін өткізді. Омырауына төртінші Ленин орденін таққан Ыбекен жұбайы Бибіажармен төрде отырды. Еліміздің тұс-тұсынан жылы лебіз, ыстық ықылас білдірілген құттықтаулар жауып кетті қолхозды ауылды.

Осылардың ішінде аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің құттықтауы да бар-ды. «Сіз өзіңіздің әлемді таң қалдырған алып еңбегіңізбен Сыр күрішінің ғана емес, бүкіл Сыр елінің даңқын шығардыңыз, Ауданымызда Сіздің үлгіңіз бойынша күріш өсіріп, мол өнім алушылардың жарысы кең өріс алуға. Сол жарыстың көш бастаушысы, ақ күріштің атасы Сізді біз мақтаныш тұтамыз», — делінген онда.

Сырдың біз жалынды жастары,
Аттанған еңбектің шыңына
Жақаев үлгі боп бастады,
Табыстың тартатын тыңына, —

деп басталатын, атакты ақын Асқар Токмағамбетовтың қаламынан туған «Ақ күріш туралы ән» Сыр бойындағы жақаевшы жастардың сүйіп айтатын әніне айналды.

Сол жылы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен аудандағы жақаевшы күрішшілерден бір адам Социалистік Еңбек Ері атағын алып, 4 адам Ленин орденімен, 4 адам Еңбек Қызыл Ту орденімен, 15 адам Құрмет белгісі орденімен, 29 адам медальмен наградталды. Мерекелі жылы тағы бір жақаевшыға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл, бір жағынан, Ыбрай Жақаевқа көрсетілген құрмет болса, екіншіден, жақаевшылар еңбегінің әділ бағасы болатын.

Мерекелі 1967 жылы 75 жастағы дикан әр гектардан 92 центнерден өнім алып, тағы бір табыс тұғырына көтерілді. Ы. Жақаев өндірген күріш — ең арзан күріш. Мәселен, 1965 жылы ол өндірген күріштің әрбір центнері 3 сом 12 тиыннан айналды. Бұл табысқа білікті дикан техника күшін тиімді пайдалану, агротехника талаптарын орындау, химия жетістіктеріне арқа сүйеу арқылы жетті.

Жақаевшылар қозғалысы барған сайын кен құлаш жаюға. Олардың саны өткен жылы 154-ке жетті. Аудандағы күріштік жердің 43 процентін жақаевшылар өңдеді, өндірілген күштің 49 процентін солар берді. Ауа райының шаруаға жайсыз тигеніне қарамастан шиеліліктер өткен жылы мемлекетке 154 мың 619 центнер күріш тапсырып, жоспар-заказды 113 процент орындады. Озат жақаевшылар әрбір гектардан 50—70 центнерден өнім алды.

Биыл аудан бойынша 7 600 гектар күріш егіп, оның әр гектарынан 35 центнерден өнім алуға, мемлекетке 192 мың центнер күріш сатуға міндеттеме қабылданды. Мұндай игілікті істің бастаушылары да жақаевшы коммунистер.

Жақаевшылар қозғалысының өркен жаюына байланысты Шиеліде күрішшілердің Жақаев тәжірибесін үйренетін облыстық мектебін салу жайлы шешім қабылданды. Құрылысшылар Жақаев мектебін биыл пайдалануға беру үшін қызу еңбек етуде.

Қазір аудан күрішшілері астық молшылығы жолындағы жорықтың алдыңғы шебінде. Бұлардың қатарында 160 озат жақаевшы бар. Бұл күндері Ыбекенде де тыным жоқ. Күріштікті аралайды, күрішті сумен бастырудың жайын қадағалайды, егіншілерге ақыл-кеңес береді. Жетпіс жетіге толған қарт дикан әліде қуатты. Қарттыққа мойымай, бойын жас жігіттей тік ұстауы оның жерден қуат алатын Антей тәрізді еңбек еткен сайын қайраттана түсетінін танытқандай.

Осыдан бірер жыл бұрын жас күрішшілердің облыстық кеңесінде сөйлеген сөзінде Ыбекен: «Сонау тұңғық аспан әлеміне жұлдыз боп ұшып, адам ақылынан туған техника жетістігін күллі дүниеге паш

еткен космонавтарды төсімен емізген, баулып өсірген, қолынан ұшырған біздің жер — Совет жері. Тәңірдің мекені аталып келген шырқау аспанды біздің балаларымыз шарлады, тылсым табиғаттың бүктеулі сырын біздің ерлер барлады. Кімде-кім қайраттана еңбек етсе, жасара бермек» деген болатын. Ол бұл сөзін тек күрішші жастарға ғана емес, сонымен бірге кеңеске келген ұшқыш-космонавт, Совет Одағының Батыры Герман Титовқа да арнаған еді. Космос батыры сол жолы өз кітабын дикан атаға сыйға тартқан. Онда мынадай жазу бар: «Ыбырай Жақаевқа таң қала отырып ұсынамын. Қартаймаудың сыры еңбекте екеніне жастардың көзі жетсін. Ұзақ жылдар сау-сәлемет болуыңызды тілеймін. Г. Титов».

Міне «дала академигі» тағы да күрішшілер мәслихатының мінбесінен сөйлеп тұр: «Тындырымды дикан болу үшін үлкен ыждағат керек. Мұнсыз мол өнім алу мүмкін емес. Бұған қоса әдіс керек. Күріш өсірудің қиын да қызықты жолын зейін қоя зерттемей, үздіксіз үйренбей ешкім де күрішші бола алмайды».

Ы. Жақаев жастармен кездесуге келді. Бұлар болашақ механизаторлар Бәйгекүм ауыл шаруашылығы механикаландыру училищесінің курсанттары. Атақты күрішші өзі ширек ғасырға жуық мүше болып келе жатқан Коммунистік партия туралы әңгіме шертеді. «Партия шаршасан демейді, қайғырсаң жебейді. Оның еркін даусы дауылдан да күшті, тегеуріні темірден де мықты. Оған адал қызмет ету әркімнің абыройлы борышы». Бұл сол кездесуде айтқан Ыбекең сөзі.

Тағы бір көктем таңы атты. Ыбекен үй ішімен ертеңгі шайға отырды. Қазір семья мүшелерінің төрт көзі түгел. Аздан соң ұлы Сейітбек қызметке аттанды. Ол — аудандық ауыл шаруашылық өндіріс басқармасында агроном.

— Ата, тағы да күріш туралы әңгіме айтып берші, — дейді үлкен немересі Сейілбек.

— Атам қазір егіске барады, шаршап қалады, — деп ара түседі одан кіші Фатима.

Балдырғанның бал тіліне үлкендер мәз. Тек Ботакөз бен Мейірбек қана монтып отыр. Бұл екі сәби үлкен бауырларынан атасын қызғанытпандай. Олар атасының омырауындағы ордендері мен медальдарын өздерінше иемденіп, мынау менікі, анау сенікі болсын деп таласып та алады.

— Бәріне жетеді, — деп күледі Бибіажар әжей. Ол рас. Ыбекеннің кеудесінде бұл күндері Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызы, Мемлекеттік сыйлық лауреатының медалі, төрт Ленин ордені, бір Еңбек Қызыл Ту ордені, СССР Халық шаруашылығы жетістігі көрмесінің сегіз медалі жарқырайды. Бұл медальдардың алтауы — алтын.

Сол алтын медальдарда жарқыраған даңқ сәулесі жақаевшы жастардың еңбек жолын нұрландырып тұрғандай. Иә, күрішші жастардың Жақаевтай абзал атасы бар.

М. АРЫСБАЕВ.

Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

ЖАҢА ҚОҒАМ ОРНАТУ ЖОЛЫНДА

Герман Демократиялық Республикасы үлкен тарихи оқиға алдында тұр. Осы жылғы 7 октябрьде тұңғыш герман жұмысшы-шаруа мемлекетінің құрылғанына 20 жыл толады. Сол бір кезден бастап неміс халқының өмірінде тарихи жаңа бетбұрыс жасалды. Оған ақ ниетпен қуана караушылар да, ішіне қан қатып, көз аларта күндеушілер де аз болған жоқ.

Міне, зымырап жиырма жыл өтіп барады. Тарих күндеушіні күлкі етті. Неміс халқының бақыт табар жолы да социализм жолы екенін көрсетті. Бүгін ол — бүкіл неміс ұлтының үміті, социалистік лагерьдегі іргелі отау, соғысқа қарсы Бейбітшілік атты камалдың белді де берік бір тірегі. Социалистік жолмен даму Герман Демократиялық Республикасының мәртебесін өсірді, экономикасын нығайтты, дүние жүзінде күшті дамыған он мемлекеттің бірінің қатарына әкеп қосты. Бірақ осы жеңіс оңайлықпен келді ме?

...Соғыс бітті. Совет Одағы Европа халықтарын, оның ішінде неміс халқын да фашизмнен азат етті. Адамзатты апатқа ұшырата жаздаған гитлершіл басқыншылардың күні батты. Олар өздері үстемдік еткен 12 жыл ішінде неміс халқына сұрапыл азап шектірді. Ұл мен қыздарын алдамшы идеямен уландырып, соғыс отына салды. Фашистік сойқанның ақыры халық үшін қайғылы боп тынатынын білгендерді, есірмеуге, ес жиюға үндегендерді қанға бояды, түрмеде шірітті. Герман коммунистік партиясының 300 мың мүшесінің тең жарымы қара ниеттілікке қарсы күресте мерт болды. Оның ішінде неміс халқының ардагер ұлы, айбынды патриоты Эрнст Тельман да бар еді. Бірақ, коммунистердің сағы сынған жоқ. Өлгендерінің рухы тірілерін жеңіске, неміс халқының тавдырын тарихтын тың арнасына бұруға жігерлендірді.

Фашистік диктатура құлап, оның қанды тырнағынан азат етілген соң бүкіл Германияда демократиялық тәртіп орнатуға мүмкіндік туды. Екінші дүние жүзілік соғыста фашизмнің лаңынан шексіз қорлық көріп, зор құрбандыққа душар болған ақ ниетті халықтар нацизм мен милитаризмнің тұқымын тұздай құртуды бір ауыздан талап етті. Енді бұдан былай бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін немістерді «демократиялық қайта тәрбиелеуден» өткізу керек деген мәселе қойылды. Қырғын соғысқа қайта-қайта ұрындыратындарды мүлде бас көтертпеу жолындағы сол кездегі халықтар талабының күшті болғаны соншама, империалистік мемлекеттердің өздері де Пөтсдам келісіміне қол қоюға мәжбүр болды.

Антигитлерлік одақтағы ұлы елдердің бұл келісімі неміс халқын нацизм мен милитаризмнің уынан біржолата арылуға, тарихқа қара таңба

болған осы бір кеселді түп тамырымен құртуға міндеттеді. Мұның өзі Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставының принциптеріне сай келетін-ді, әрі бүкіл Германияда демократиялық негізде бейбітшілік сүйгіш мемлекет құруға халықаралық праволық негіз болып табылатын еді.

Совет Одағы осы келісімді жүзеге асыруға аянбай күш жұмсады. Неміс жұмысшы табы мен оның революциялық авангардына жан-жақты көмек көрсетті. Сол кездегі советтік оккупациялық аймақта неміс жұмысшы табы өзіне берілген тарихи мүмкіндікті пайдаланды, ескі қоғамдық қатынастарды түбірімен өзгертуге жұмылды. Жұмысшы табының ішіндегі кейбір келіспеушілік, жікке бөліну жойылды. Жұмысшы қозғалысындағы екі отряд бірігіп, марксизм-ленинизм негізінде Германияның Социалистік біртұтас партиясын құрады.

Сөйтіп мұнда жұмысшы табы партиясының басшылығы арқасында бірнеше антифашистік-демократиялық партиялар мен топтардың бірігуіне мүмкіндік туды. Елдің бұл бөлегінде жер реформасын жүргізу арқылы реакциялық-юнкерлік пен милитаризмнің әлеуметтік базасы жойылды. Әскери қылмыстылар жазаланды, соғысқа қызмет еткен монополиялардың қолындағы байлық тартып алынды. Сөйтіп империализмнің әлеуметтік негізі құрылды. Мұнда Германияда тұңғыш рет халық ағарту және зай шығару саласында түбегейлі демократиялық реформалар жүзеге асырылды.

Бірақ Германияның батыс бөлегіндегі оккупациялық билік жүргізуші мемлекеттер — Англия, Франция, әсіресе, АҚШ өздері қол қойған келісімге кереқар басқа саясат жүргізді. Демократиялық қозғалысты тұншықтыруға тырысты. Олар бүкіл Германияның жана жолға түсуі империализм үшін үлкен соққы болатынын сезініп, жан таласты. Ақыры 1948 жылы осы мемлекеттердің үкіметтері батыс германиялық капиталмен одақтасып, батыс германиялық окшау мемлекет құруға негіз қалады. Ол ол ма, империалистік елдер мен немістің ірі буржуазиясы зұлымдық, арандату әрекеттерін жүргізіп, бүкіл Германияда империалистік тәртіпті қайта қалпына келтіруге тырысты.

Алайда шығыс аймақтағы неміс еңбекшілері национализмнің, антикоммунизмнің батпағына бармайтындай сергек жағдайда еді. Олар империализм әрекетінің түпкі төркінің айқын ұқты да, оған айбатпен қарсы шықты. Неміс халқының тағдырын тарихтың табасына тағы қалдырмау жөніндегі ұлттық жауапкершілікті түсінді, болашаққа революциялық рухпен қарады. Өзінің төл мемлекетін — тұңғыш герман жұмысшышаруа мемлекетін құрды.

Герман Демократиялық Республикасы осындай тарихи айрықтасын сағатта дүниеге келген еді.

Алғашқы кийін жағдайда ақ ол өзінің өміршеңдігін көрсетті. Германияның Социалистік біртұтас партиясының төңірегіне топтасқан жұмысшы табы айналасына еңбекші халықты, демократиялық, антифашистік күштерді біріктіре білді. Халық шаруашылығын социалистік жолмен жоспарлы түрде дамытудың, миллиондаған еңбекшілердің қажырлы еңбегінің арқасында елдің экономикасы қарышты кадаммен алға басты. Даму қарқыны жөнінен ГДР Батыс Германиядан көп ілгері кетті, тіпті АҚШ, Франция, Англиядан екі-үш есе асып түсті. 1964 жылдың өзінде ГДР өнеркәсіп өнімін 1936 жылға дейін бүкіл Германия берген мөлшерден 3,5 есе көп шығарды. Өнеркәсіпте социалистік сектор қазір бүкіл қоғамдық өнімнің 86,8 процентін береді. Жартылай мемлекеттік сектордың үлесіне тиетіні — 6,9 процент те, жеке меншік сектордың үлесіне тиетіні — 6,3 процент ғана.

Герман Демократиялық Республикасының ұдайы даму жолында екенін мына фактілер тағы да дәлелдей түседі. Ол 110 елмен сауда қарым-қатынасын жасайды. Машина сату жөнінде дүние жүзінде төртінші орында. Бұл сала елдің экономикасында жетекші орын алады. ГДР-дің тоқыма, полиграфия машиналары, экскаваторлары, көпір крандары,

станоктары бүкіл әлемге аян. Соғыстан кейін металлургия елде мүлде қайта жаңғырды. Ірі комбинаттар Совет елінің темір рудасымен және Польшаның коксімен жұмыс істейді. Мәнділігі және даму қарқыны жағынан бұл елдің халық шаруашылығында екінші жетекші орын алатын электротехника өнеркәсібі. Энергетикалық және химиялық негізгі шикізат болып табылатын қоңыр көмір өндіруден ГДР дүние жүзінде бірінші орынға шықты, яғни дүние жүзінде бұл өнімнің 35 процентін бір өзі береді. Калий тұздарын шығару жөнінен төртінші орын алады. Қысқасы, ол қазірдің өзінде өнеркәсіптің дамуы жағынан біздің планетамыздағы жетекші он елдің қатарына қосылды.

1952 жылы басталған ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру 1960 жылы аяқталды. Қазіргі уақытта ГДР-де 16 мыңға жуық ауыл шаруашылық өндірістік кооператив бар. Олар ауыл шаруашылығына жарамды жердің 85 процентін пайдаланады. Халық имендері мен ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтер астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарын жыл сайын асыра орындайды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1950 жылғы 6,5 миллиард маркадан 1967 жылы 22,8 миллиард маркаға жетті. Картоп, сүт, ет, кант өнімдерін ГДР сырттан сатып алмайды. Өз қажетін өзі толық өтейді. Ал сары майдан қажетінің 96 проценті, астықтан 80 проценті өзінде өндіріледі. Астық жинау 89 процент, картоп жинау 54 процент, қызылша жинау 94 процент механикаландырылған.

ГДР-дің мәдениет пен ғылым саласында қол жеткен табыстары да орасан. Егер жұмысшы-шаруа өкіметі соғыстан кейін халыққа мектептердің, жоғары оқу орындарының есігін кеңінен ашпағанда білім беру ісін ұдайы жетілдіріп, оған жыл сайын көптеген қаржы жұмсамағанда социалистік экономикалық системаны жасау мүмкін емес еді. Орта дәрежелі политехникалық білім алу — қазір елде жалпыға бірдей міндет. Республика еңбекшілері жыл сайын ақылы демалыс алады, медициналық қызмет үшін, мектептерде білім алғаны үшін ешкім ақша төлемейді. Мұның бәрі мемлекет есебінен. ГДР-дің әрбір азаматына еңбек етуге, қартайғанда, мүгедек болғанда немесе уақытша жұмысқа жарамай қалғанда материалдық жағынан қамтамасыз болуға толық жағдай жасалған.

Совет Одағымен берік достықта болу Герман Демократиялық Республикасының сыртқы саясатындағы басты арқаудың бірі. Бұл достықтың жемісі де орасан. Екі елдің арасындағы экономикалық және мәдени қарым-қатынас барған сайын күшейіп келеді. 1965 жылы Берлинде қол қойылған ұзақ мерзімді сауда келісімі бойынша СССР мен ГДР арасында 1966—1970 жылдары товар айналымы 13 миллиард сомнан аспак. Бұл оған дейінгі бесжылдықтағы мөлшерден 43 процент артық. Совет мамандарының көмегімен, әрі тікелей қатысуымен Одер бойында металлургия комбинаты бой түзеді. Райнсбергте атом электр станциясы салынды. ГДР-дің жеріне «Дружба» мұнай құбыры арқылы келетін совет мұнайы республикада өнеркәсіптің жаңа саласын — мұнайдан химиялық жолмен түрлі заттар жасау саласын туғызды. ГДР Совет Одағына химия заводтарының, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жабдықтарын, станоктар, кемелер, темір жол вагондарын, тағы басқа заттар беріп тұрады.

Герман Демократиялық Республикасына шығаратын өнімдерді жасауға біздің Қазақстаннан 20-дан астам өнеркәсіп орны мен мекемелер қатысады. Олардың ішінде Қарағанды металлургия комбинаты, «Актюберентген» заводы, Шымкент пресс-автомат заводы, Шымкент қорғасын заводы, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бар. Қазақстан мен ГДР-дің мәдени байланысы да жыл сайын кеңейіп келеді. ГДР мен достықтың советтік қоғамының Қазақ бөлімшесі құрылды. Мұның бәрі — социалистік ынтымақтағы екі ел арасындағы бауырластықтың айқын айғағы.

Социалистік лагерь, барлық елдердің коммунистері, бүкіл прогресшіл қозғалыс Герман Демократиялық Республикасының дамуын мұқият қадағалап отыр. Ал капиталистік дүние ұзақ уақыт бойы бұл елдегі прогресті көргісі келмеді. Тіпті болмаған соң шындықты жасыру мақсатымен мұндағы қоғамдық процестерді бұрмалап көрсететін насихатын күшейтті. Бірақ мұнымен де ештеңе бітіре алмады. Тек соңғы кезде ғана Батыста ГДР-дегі экономикалық үздік табыстар, әлеуметтік жетістіктер мен халыққа білім берудің аса жоғары дәрежесі жайлы айтылып, мақалалар жазылып жүр. Оның өзінде де көре алмаушылықтың, шексіз өшпенділіктің сарыны бар. Олар әлі күнге дейін ең басты нәрсені елегісі келмейді, елесе де үндемейді. Ол — қоғамдық қатынастарды қайта құру нәтижесінде болған адам психологиясындағы өзгеріс. Бүгінгі рухани бейнесі, жаңа дүниеге көзқарасы мүлде өзгерген неміс еңбекшілерін көргісі келмейді. Жаңа адам, оның бүгінгі моральдық жаңа сипаттары — Герман Демократиялық Республикасындағы ұлы жеңіс. Германияның Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Вальтер Ульбрихт Орталық Комитеттің 1968 жылы болған ІХ пленумында сөйлеген сөзінде былай деді: «Социалистік өмір бейнесі — жұмысшы табының басшылығымен билік жүргізіп отырған, социалистік қоғамды жауапкершілік сезіммен орнатып отырған халық өмірінің бейнесі. Осылай болғандықтан да ол халық қоғам игілігіне жасалатын барлық іске құрметпен қарайды, солай істеуге ұдайы үйренеді және барған сайын тығыз топтаса береді».

ГДР-дің жиырма жылдық өмір шежіресі өз тағдырын өзі қолға алғанда, халық қоғамдағы ең озық ойлы партияның сонына ергенде неге қабілетті екенін айқын көрсетіп берді. Сонымен бірге ГДР-дің дербес мемлекет болуы және қарышты қадаммен дамуы интернационалдық ынтымақтың, социалистік лагерьдегі елдердің, ең алдымен Совет Одағының көмегінің арқасы. Осы ұлы ынтымақтың қолдауы нәтижесінде ГДР өзінің суверенитеттігін жеңіп алды және нығайтты, осы ұлы ынтымақ — оның алдағы уақытта көркейе беруінің кепілі.

1967 жылы апрель айында болған СЕПГ-ның VII съезінде бұл жайға баса назар аударылды. Съезд халық шаруашылығын, ГДР-де социализм құрылысын одан әрі өрістетудің шараларын белгіледі. Сол съездің нұсқаған жолымен социалистік Германияның еңбекшілері ілгері басуда, өздерінің материалдық және мәдени байлықтарын молайта түсуде. Өткен жылы қабылданған Конституцияда тұңғыш неміс жұмысшы-шаруа мемлекетінің тұсында қол жеткен жеңістер жинақталып, соның негізінде жаңа өмір бейнесі айқын көрініп отыр.

Сөйтіп тарихи қысқа мерзім саналатын 20 жыл неміс халқы үшін аса мәнді асу, таңғажайып тарихи дәуір болды.

Егер Батыс Германияда да Шығыс Германиядағыдай демократиялық тәртіп орнағанда Бонн кекшілдерінің бүгінгі ұстап отырған хауіпті бағытына жол жоқ еді. Қазір жиі айтылып жүрген «Герман мәселесі» күн тәртібінде тұрмайтын еді. Европанын хауіпсіздігіне қазіргідей қатер төнбейтін еді. Қолтығына империалистер су бүріккен бүгінгі батыс германиялық милитаризм болмайтын еді. Батыс Германияда да қоғамдық қатынастарды өзгерту қажет деген 1945 жылғы халықтар талабының дұрыстығын бүгінгі өмір тағы да айқын көрсетіп отыр.

Империалистердің адал ниетті адамзат пиғылына қайшы әрекет жасауының, әрі опасыздығының салдарынан неміс жерінде зұлымдықтың арам тамыры қалып қойғанды. Сол тамыр бүгін білеуленіп, бір бүйірден бүлік шығарып отыр. Ойран салғысы, отпен тағы да ойнағысы келеді. Фашизмді қайтадан жандандыруға тырысады, өзгені өңешіне тағы да салуды аңсайды.

Бүгінгі антиимпериалистік күрестің негізгі мақсаты осындайлардың және оған дем берушілердің желігін басу, халықтардың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету, сол жолда күш біріктіру, бірлікті нығайту.

Үстіміздегі жылғы июнь айында Москвада болған коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық кеңесі де көкейтесті зәру мәселені кеінен талқылады. Өзінің сөйлеген сөзінде КПСС делегациясының басшысы, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев халықаралық тап күресі мен халықтардың империализмге қарсы күресіне ғылыми талдау жасады, коммунистік және жұмысшы партияларының қазіргі кезеңдегі стратегиясы мен тактикасының негізгі проблемаларына тоқталды.

Кеңеске Герман Социалистік біртұтас партиясының өкілдері де қатысты. Олар өздерінің бейбітшілік жолындағы, бауырлас партиялардың ынтымағын нығайту жолындағы берік позициясын білдірді. Вальтер Ульбрихт өзінің сөзінде: «Халықаралық бұл кеңес дүние жүзілік коммунистік қозғалыста жаңа дәуірдің басы болмақ, бұл дәуірге тән ерекшелік — маркстік-лениндік партиялардың қимыл бірлігінің тұтасып, нығайуы болмақ, сайып келгенде социализм ісіндегі жаңа жетістіктер мен жеңістер болмақ» деді.

Герман Демократиялық Республикасының бұл жолда қосар үлесінің жомақты болары сөзсіз. Ол тарихи қысқа мерзім ішінде сыртқы және ішкі саясат саласында марксизм-ленинизм негізінде дұрыс бағыт ұстаудың арқасында халықаралық зор беделге ие болды. Социалистік ынтымақ күшағында ГДР-дің бүгінгі шыққан биігі империализмді қалтыратып отыр. Оның алдағы алар асуы, қазіргіден де өсіп-өркендеуі, өз халқының мерейін көтере түсіп, Батыс Германиядағы еңбекшілерге барған сайын терең ой салары сөзсіз. Олардың монополияға, реваншистер мен милитаристердің үстемдігіне қарсы күресіндегі творчестволық инициативасын арттыра түсері күмәнсіз. Сайып келгенде бүгінгі ГДР бақытқа жету жолында неміс халқына өмірдің өзі ұсынып отырған өнеге.

К. ҚАЗЫБАЕВ,

Герман Демократиялық Республикасымен достықтың Советтік қоғамы
Қазақ бөлімшесі басқармасының мүшесі.

МАЗМҰНЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясы Оралық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар	1
Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің қорытындылары туралы. КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1969 жылғы 26 июньде қабылдаған қаулысы	2

КОММУНИСТІК ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ДОКУМЕНТТЕРІ

Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесі туралы Мазмұндама	6
Империализмге қарсы күрестің қазіргі кезеңдегі міндеттері және коммунистік, жұмысшы партиялардың барлық антиимпериалистік күштердің қиямыл бірлігі. Коммунистік және жұмысшы партиялардың Москвадағы халықаралық Кеңесі 1969 жылғы 17 июньде қабылдаған негізгі Документ	8
Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы туралы. Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің Үндеуі	35
Вьетнамға тәуелсіздік, азаттық берілсін және Вьетнамда бейбітшілік орнатылсын! Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің Үндеуі	37
Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің Оңтүстік Вьетнам Республикасының уақытша революциялық үкіметіне телеграммасы	41
Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Үндеу. Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық кеңесі 1969 жылғы 16 июньде қабылдаған	42
Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің мәлімдемесі	45
Коммунистік және жұмысшы партиялар Кеңесінің мәлімдемесі	45
Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің Индонезия коммунистеріне Үндеуі	46
Саяси тұтқындарға бостандық берілсін! Коммунистік және жұмысшы партиялардың халықаралық Кеңесінің мәлімдемесі	47

Бас мақала — Мал шаруашылығының түбегейлі мәселелері	48
--	----

ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

М. Есенов — «Қара алтын» қазынасы	51
-----------------------------------	----

КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Т. Ыдырысов — Ильичтің туған жерінде	61
--------------------------------------	----

КОЛХОЗ ҮЛГІ УСТАВЫНЫҢ ЖОБАСЫН

ТАЛҚЫЛАУ

Ф. Горкопенко — Колхоз өмірінің заңы	66
Ұсыныс, ой-пікір	67
М. Арысбаев — Ыбрай Жақаевтың өнегесімен	69

СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

К. Қазыбаев — Жаңа қоғам орнату жолында	74
---	----

СОДЕРЖАНИЕ

Информационное сообщение о Пленуме ЦК КПСС	1
Об итогах международного Совещания коммунистических и рабочих партий. Постановление Пленума ЦК КПСС, принятое 26 июня 1969 года	2

ДОКУМЕНТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОВЕЩАНИЯ КОММУНИСТИЧЕСКИХ И РАБОЧИХ ПАРТИЙ

Коммюнике о международном Совещании коммунистических и рабочих партий	6
Задачи борьбы против империализма на современном этапе и единство действий коммунистических и рабочих партий, всех антиимпериалистических сил. Основной документ, принятый международным Совещанием коммунистических и рабочих партий в Москве 17 июня 1969 года	8
О 100-летию со дня рождения В. И. Ленина. Обращение международного Совещания коммунистических и рабочих партий	35
Независимость, свободу и мир Вьетнаму. Призыв международного Совещания коммунистических и рабочих партий	37
Телеграмма Совещания коммунистических и рабочих партий Временному революционному правительству Республики Южный Вьетнам	40
Воззвание в защиту мира. Принято международным Совещанием Коммунистических и рабочих партий 16 июня 1969 года	41
Заявление международного Совещания коммунистических и рабочих партий	45
Заявление Совещания коммунистических и рабочих партий	45
Обращение международного Совещания коммунистических и рабочих партий к Индонезийским коммунистам	46
Заявление Совещания коммунистических и рабочих партий	47
Передовая — Неотложные задачи развития животноводства	48

ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

М. Исенов — Кладовая «черного золота»	54
---------------------------------------	----

СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДА

Т. Идрисов — На родине Ильича	61
-------------------------------	----

ОБСУЖДЕНИЕ ПРОЕКТА ПРИМЕРНОГО УСТАВА КОЛХОЗА

Ф. Горкопенко — Основной закон колхозной жизни	66
Предложения и размышления	67
М. Арысбаев — По примеру Ибрая Жакаева	69

В СТРАНАХ СОЦИАЛИЗМА

К. Казыбаев — По пути строительства нового общества	74
---	----

УГ08335.	РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ: К. САГЫНДЫКОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, К. МЕНДІБАЕВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.
Заг. 19.	
Тираж 44192.	

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

7/VII-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108^{1/16}, 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.